

ТӘРБИЕ 10

БАҚЫТ ПЕН ЖЕТІСТІК СЫРЛАРЫ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
10-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған



Ташкент – 2021

УУК 373:17(075.3)

КБК 87.7я72

Т 29

Тәрбие [Мәтін]: 10-сыныпқа арналған оқулық / Н.Исмадова, З.Замонов, Д.Рахимжанов, О.Махмудов, Д.Рузиева, С.Шермухамедова, С.Аққұлова, Н.Холмухамедова, З.Жабборова
Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2021. – 128 б.

Жауапты редактор:

Дилшод Кенжаев – тарих ғылымдарының кандидаты

Пікір жазғандар:

- Вахоб Қучқоров* - Өзбекстан Халықаралық Ислам Академиясының профессоры, саяси ғылымдар докторы
- Шерзодхон Махмудов* - Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Тарих институтының директор орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
- Отабек Базаров* - Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің басқарма бастығы, философия ғылымдары бойынша философия докторы (PhD)
- Лилия Гайнутдинова* - Республикалық Оқушыларды кәсіп-өнерге бағыттау және психологиялық-педагогикалық нақтама орталығының директоры
- Хумоюн Рашидов* - Халыққа білім беру министрлігі басқарма бастығының орынбасары
- Шоира Раупова* - “Зио-зукко умумтаълим мактаби” НТМ оқытушысы
- Мохим Бобоева* - Ташкент қаласы Мырза Ұлықбек ауданындағы 222-мектептің оқытушысы

Республикалық Руханият және ағарту орталығының, Министрлер Кабинеті құзырындағы Дін істері комитетінің және Өзбекстан Жазушылар одағының тиісті тұжырымдары негізінде баспаға дайындалған.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар
-  Пікір қорыту үшін
-  Шығармашылық қызмет
-  Тарихқа назар
-  Руханият қазынасынан
-  Білесің бе?
-  Дербес қызмет
-  Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

Оригинал макет және дизайн концепциясын Республикалық білім орталығы жасады.
Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-7519-2-3

© Н.Исмадова, З.Замонов және т.б.
© Республикалық білім орталығы, 2021

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1-тақырып. Отан жалғыз	6
2-3-тақырып. Отбасы – Отан ішіндегі Отан	10
4-5-тақырып. Отбасы – бақыт қорғаны	17
6-7-тақырып. Отбасындағы борыш пен жауапкершілік	23
8-тақырып. Бақыт межелері	31

II ТАРАУ. АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

9-тақырып. Махалла – құндылықтар бесігі	38
10-тақырып. Қоғамның рухани негіздері	44
11-12-тақырып. Дін және мәдениет	50
13-14-тақырып. Әлемдік діндердегі адамилық идеялары ...	57
15-тақырып. Ең үлкен мұра	63

III ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛА: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ҚАТЕРЛЕР

16-17-тақырып. Бұзық идеялар ..	70
18-19-тақырып. Жауыздыққа қарсы ағарту	76
20-тақырып. Қауіпсіз медиа орталығы	83
21-тақырып. Жалған хабарлардың артында не бар?.....	87

IV ТАРАУ. ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК, ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ КӘСІПТІК ДАҒДЫЛАР

22-тақырып. Бақытты өмірдің іргетасы	92
23-24-тақырып. Тұтыну және кәсіпкерлік мәдениеті	96
25-26-тақырып. Мамандық таңдау сырлары	104
27-28-тақырып. Үйренуден жалықпа	111
29-30-тақырып. Жігер	119

ҚАДІРЛІ ОҚУШЫ!

Бұл әлем, түптеп келгенде, ағартушылықты және оның өзегін құрайтын тәрбиенің арқасында әсем әрі түрлі түсті. Тәрбиенің игілігі арқасында көңілдеріміз көтеріңкі, жанымыз жай тапқан, өміріміз мазмұнды. Өйткені білім – адамның көркі болса, игі тәрбие – оның киімі, бақыт-игілігі болып саналады. Ұлы бабаларымыз: “Бала – тәтті, әдеп-құлығы одан да тәтті” деп бекер айтпаған.

Расында да тәрбие – адамның жаратылысына тән ерекшелік. Игі тәрбие мен оған сай келетін терең білім арқылы адам баласы қоғамда арнайы құрмет пен ізетке, абырой мен атаққа қол жеткізеді. Сенім мен беделге ие болып, материалдық және рухани байлықтар жаратады, сол арқылы келесі ұрпаққа лайықты мұра қалдырады.

Ақындардың ақыны Әлішер Науаи айтқандай: “Әдеп үйрен, білім ал өзгеден, Түптің түбінде өзіңді таныт өзгеге”. Яғни білімді әдеп арқылы үйрен, алынған нәтижені ағартушы ортаға көркем мінезіңмен көрсете біл.

Қолыңа тиген кезектегі “Тәрбие” оқулығында да нақ сол мақсатты әрі мазмұнды өмір сүрудің мән-маңызы жөніндегі айдарлар мен тақырыптар, оларды жандандыратын сұрақтар мен жауаптар, шығармашылық тапсырмалар берілген. Сонымен қатар жарқын ойлы тұлғалардың ағартушылық пен білім-ғылымға қатысты ой-пікірлерімен байытылған.

Ең маңыздысы, сан түрлі жағдайлар мен мысалдар құрбы-құрдастарыңның өмірінен алынған, олар төменгі сыныптарда алған дағдыларыңды одан әрі нығайта түсуге қызмет етеді.

Қадірлі оқушы!

Бұл кітап бүгінгі таңдағы жедел жаһандану үдерістерінде сенің жан-жақты рухани жетілуіңе, түрлі көріністердегі қатерлерге қарсы күресіңде практикалық қолданба, өмірлік серік болып қызмет етеді деп үміттенеміз.

Авторлар тобы

I ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



1-ТАҚЫРЫП. ОТАН ЖАЛҒЫЗ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. “Жалғыз”, “таптырмас” деген сөздерді ата-анаңа, аға-ініңе, әпке-қарындастарыңа орай қолданғаныңда жүрегіңді қандай сезімдер билеп алады?
2. Жанұяңдағы тыныштық пен отбасы мүшелерінің бақыт-игілігіне қаншалықты мүдделісің? Неге? “Бақытты отбасында бақытты перзенттер тәрбиеленеді және олар қоғамды гүлдендіреді” деген пікірге қосыласың ба?
3. Анаң үшін бірер жақсылық жасасаң, оны айта бересің бе? Отан-ана үшін ше? Мысал келтір. Неліктен Отан және ана сөздері қатар қолданылып тұр?
4. “Отан жалғыз” деген пікірді бұдан бұрын берген жауаптарың негізінде түсіндіруге әрекет жаса.
5. Неліктен Өзбекстан “жанат өлке” деп аталады? Мысалдардың көмегімен пікіріңді негіздеп бер.

Пікір қорыту үшін



ӘУЛЕТТЕР ӨРКЕНДЕУІ

Халқымызда “Отан табалдырықтан басталады” деген өрнекті сөз бар. Табалдырық дегеніміз – үй, отбасы, жанұя дегеніміз. Белгілі бір отбасынан тараған ұрпақ әулет болып саналады. Әулет мүшелері ел-жұрт игілігі жолында қызмет етіп, халықтың сый-құрметіне бөленеді. Бұл бағыт өзгелер үшін де үлгі-өнеге болып табылады.

Кез келген әулет өзінен-өзі жоғары беделге ие бола алмайды. Бұл үшін ел-жұрт ортасында абырой-беделге ие болған әулет өкілі өзінің өнегелі өмір жолымен және үлгілі істерімен танылады, ал оның ізін басқан ұрпақтар осынау игі дәстүрді мазмұн тұрғысынан байыта түседі. Әулет абыройын сақтап, отбасылық дәстүрлерге адал болатын жас ұрпақты кәметке жеткізудің маңызы орасан зор...



Шығармашылық қызмет

1. Талқылауға ұсынылған мәтін негізінде “Отан”, “отбасы”, “әулет” ұғымдары жөнінде өзіңнің жеке пікіріңді білдіруге әрекет жаса.
2. Мына мәселе жөнінде ойлап көрші, неліктен қарт адамдар көбінесе: “Кімнің баласысың? Ата-анаң кімдер? Ру-тегіңді, арғы аталарың мен шежіреңді жақсы білесің бе?” деп сұрайды.
3. Қоғамның дамуына еселі үлес қосқан қандай әулеттерді білесің? Пікіріңді негіздеп бер.

Руханият қазынасынан



Отан бар жерде адам баласы ешқашан өзін жалғыз сезінбейді, Отанның мейірімі мен оның лебі нақ ананың мейіріміндей ыстық әрі тұңғыық терең.

Шығармашылық қызмет




1. “Руханият қазынасынан” айдарымен берілген Отан мейірімі туралы пікірді одан әрі байыт.
2. *Ана, отбасы, Отан* сөздері қолданылған мақал-мәтелдерді еске түсіруге әрекет жаса.
3. Төмендегі суреттер негізінде “Отбасы – Отан ішіндегі Отан” деген ұлағатты сөзді түсіндір.
4. Суреттер негізінде *отансүйгіштік, жауапкершілік, борыш* сөздерін сипатта.



I тарау. Отбасылық құндылықтар



Тарихқа назар



Батырлық пен табандылық тарихы

Басқыншылар Хорезмге шабуыл жасаған кезде Нажмиддин Кубро өз шәкірттерін жинап алып, былай деді: *“Машириқтан келген бұл бәле Машириқ пен Мағрибті жермен-жексен етеді, бәрін өртеп, күлге айналдырады. Сендер елдеріңе барыңдар, жандарыңды сақтап қалуға тырысыңдар”.*

Шәкірттер ұстаздарын өздерімен бірге кетуге көндірмекші болады. Шейх Нажмиддин Кубро бұған жауап ретінде: *“Мен осы жерде қаламын. Не Отан, не шарапатты өлім!”* – дейді.

Моғол әскерлері Гурганжге кіріп келгенде шейх өз шәкірттерімен бірге шайқасқа дайындалады. Ол қамзолының сыртынан белбеу байлап, қойнын таспен толтырады, қолына найза алып, жауға қарсы шығады.

Кубро жауына қарай тасты қарша боратады, бірнешеуін найзамен шаншып құлатады. Бірақ садақ жебесі оның кеудесіне келіп қадалады.

Әлішер Науаидың жазуына қарағанда, жетпіс бес жастағы қарт – көптің жүрегіне нұр шашқан Шейх Нажмиддин Кубро халден тайып, әл-қуаты таусылып бара жатқанын сезсе де, жаумен алысуды тоқтатқан жоқ. Соңғы демі таусылғанша жаудың туын уысынан шығармай, мыжғылай берді.

Айтуларына қарағанда, он шақты адам жансыз жатқан Куброның болат шеңгелінен туды әрең ажыратып алған. Нажмиддин Куброның бұндай қаһармандығы, аңызға айналған ерлігі тіпті оның жауларын да есеңгіретіп қойған. Бұл ерлік кейінгі ұрпақтарға ғасырлар бойы өнеге болып келеді.



Шығармашылық қызмет



Барлығыңа белгілі, отансүйгіштік әрбір мемлекет өмірінің рухани негізі болып саналады және қоғамды жан-жақты өркендету бойынша ең маңызды жігерлендіргіш күш ретінде көрініс береді.

Шавкат Мирзияев

1. Жоғарыда келтірілген пікірдің “Батырлық пен табандылық тарихы” деп аталатын мәтінге қандай қатысы бар?
2. Қоғамның дамуы үшін оның “рухани негізі” мықты болуы керек дегенде нені түсіндің?



Тарихқа назар



Бундай сезимді сипаттау қиын

2016 жылғы тамыз. Отбасымыз мүшелерімен бірге Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өтіп жатқан XXXI жазғы Олимпиада ойындарын тамашалап отырмыз. Салмағы 64 килограмдық жерлесіміз Фазлиддин Ғоибназаров әзербайжандық Лоренсо Коллазо Сотомайормен бокс сайысына түсіп жатыр. Фазлиддиннің бойы қарсыласына қарағанда едәуір аласа екендігі баршамызды толқытқаны рас.

Міне, соңғы раунд та аяқталды. Жеңімпаз жарияланды. Фазлиддин жарыс сатысының ең жоғары басқышына көтерілді. Барлығымыз қуана шаттанып, назарымыз телеэкранға ауды. Мемлекетіміздің әнұраны орындалып жатыр. Дәл сол мезетте 2-сыныпта оқитын інім Мұхаммадамин орнынан атып тұрып, барлығымызға наразылығын білдірді:

– Бүкіл әлем біздің әнұранымызды орындап жатқанда сендер шай ішіп, теледидарға қарап отыра бересіңдер ме? Қане, тұрыңдар! – деп, теледидардың дауысын барынша көтеріп қойды.

Барлығымыз орнымыздан тұрдық, қолымызды кеудемізге қойып, әнұранды орындауға кірістік. Әнұран аяқталған соң, барлығымыздың жанарымызға жас үйірілді... Көздеріме жас толып, алдым мұнарланып тұрғанымен, еріндерім: “Оламини махлиё айлаған диёр...” – деп сыбырлай берді. Жандүниемді мақтаныш сезімі кернеп кетті. Бундай сезімді сөзбен сипаттау қиын.

Ирода Обидова, 2017 жылы өткізілген

“Өзбекстанның ең жаңа тарихы бойынша эсселер байқауының” жеңімпазы.



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Арнайы код бойынша берілген үзіндіні мұқият тамашала. Мемлекеттік әнұранды естігеніңде сенің бойыңды қандай сезімдер билейді? Егер Мухаммадаминнің орнында сен болсаң қайтер едің? Оның талабын қолданасың ба? Неге?

2. Елімізге сырттан қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін?

3. Отанның дамуында жанұя тыныштығы мен бейбіт өмірінің маңызы қандай? Пікіріңді негізде.

4. Топтарға бөлініп, “Отан табалдырықтан басталады” тақырыбы бойынша жобалық жұмыс дайындаңдар. Жобаны “Өзбекстан туралы тарихи шығармалар”, “Өзбекстанның географиясы”, “Өзбекстанның ежелгі қалалары”, “Өзбекстан туралы фильмдер”, “Өзбекстан Қаһармандары” сынды айдарлар бойынша дайындап, таныстыру өткізіңдер.

I тарау. Отбасылық құндылықтар

2-3-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ – ОТАН ІШІНДЕГІ ОТАН



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бақытты отбасын қалай елестетесің? Бақытты отбасын кімдер құрады?
2. Бақытты отбасы қандай өлшемдерге негізделеді?
3. “Отбасы – мейір-шапағат ордасы” деген ұғымға сипаттама бер.
4. Бақытты отбасының қалыптасуында ұлттық дәстүрлердің қандай орны бар?

Пікір қорыту үшін



Әрбір ұлттың игілігі мен ізет-құрметі, әрине, сол халықтың ішкі тәртібі мен татулығына байланысты... Қай жерде жанұялық қарым-қатынас күшті тәртіпке негізделсе, мемлекет пен ұлт та соншалықты күшті әрі айбынды болады.

Жанұя мен перзент мәселесі еркек пен әйелдің жеке мәселесі емес. Перзент тек ата-ана өмірінің жалғасы ғана емес, сонымен қатар ұлттың негізін, абыройы мен ар-намысын белгілейтін шынжыр қалқан да. Ал ұлт – Отанның, мемлекеттің жүрегі.

Абдурауф Фитрат, “Жанұя яки жанұяны басқару тәртіптері”

1. Ұлы ағартушы Абдурауф Фитрат “ішкі тәртібі мен татулығы” дегенде нені меңзеп отыр?
2. Жанұядағы дарын мен жауапкершіліктің мемлекеттің абыройы мен дамуындағы орны туралы өз пікіріңді білдір.



Тарихқа назар

Темурилер шаһзадаларының тәрбиесі негізінен олардың әжелерінің мойнында болған. Атап айтқанда, Сараймүлікханым Шохрух Мырза, Мұхаммад Сұлтан, Халил Сұлтан, Мырза Ұлықбектердің тәрбиесімен айналысқан.

Шығармашылық қызмет



1. Аталар мен әжелердің адам руханияты, дүниетанымы, көзқарасы мен сенімінің қалыптасуында қандай рөлі бар?
2. “Отбасындағы жазылмаған заң-ережелер ғасырлар барысында ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, жетілдіріле береді” деген пікірді сен қалай түсіндіресің?
3. Сенің отбасыңда қандай дәстүрлер бар?

Пікір қорыту үшін

**“Тамақты түсіре берейін бе?”****1-оқиға:**

Асүйден Ділбар жеңгейдің: “Тамақты түсіре берейін бе?” – деген дауысы естілді. “Анашым, атам дастарқан басына әлі келмеді”, – деп жауап берді Мұратжан. Дастарқан басына барлығы тегіс жиналған соң, ас әкелінді. Мұратжанның атасы: “Қанеки, алыңдар, міне, мен бастадым...” – деді.

Шығармашылық қызмет



Бұл әңгімедегі жағдай саған таныс па? Жоғарыдағы жағдайды отбасылық дәстүр деуге бола ма? Бұндай көріністер адам руханиятының қалыптасуына қандай әсерін тигізеді? Біздің әрқайсысымыздың өмірде өзіндік әлеуметтік міндеттеріміз бар. Ата-ана мен перзенттердің әлеуметтік міндеттері қандай? Ойларыңды негіздеу үшін тағы қандай жағдайларды мысалға келтіре аласың?



Пікір қорыту үшін

“Бұндай істер телефонмен емес, үйде шешіледі!”**2-оқиға:**

Нәдір университеттің 2-курсында оқиды. Курстастары Самарқант және Бұхара қалаларына саяхатқа бармақшы болды. Баратындардың тізімі жасалды.

– Нәдір, сен неге бармайсың? Тізімге енбепсің ғой, – деп сұрады одан курстастарының бірі.

– Мен үйдегілерден рұқсат сұрайын. Сенбі-жексенбі күндері олардың жоспарлары қандай екенін білмеймін ғой. Жауабымды ертең айтармын, – деді Нәдір.

– Ойпырмай-ә! Телефонмен сұрап қоя салсайшы! – деп наразылық білдірді жолдастары.

– Бұндай істер телефонмен емес, үйде шешіледі! – деді Нәдір байсалды үнмен.



Шығармашылық қызмет



1. Әңгіме неліктен **“Бұндай істер телефонмен емес, үйде шешіледі!”** деп аталған? Нәдірдің орнында сен болсаң қайтер едің?

2. Достарың саған да осындай ұсыныс айтқанда: “Мен үйдегілерден рұқсат сұрайын. Олардың сол күнгі жоспарлары қандай екенін білмеймін. Кейін айтармын”, – деп жауап қайтарғансың ба? Бұндай жауаптың артында қандай дәстүрлер тұрады? 4 дәлел келтір.

I тарау. Отбасылық құндылықтар

Пікір қорыту үшін



“Көшедегі қаңқу сөз”

3-оқиға:

Мейір әже аулаға кіріп келген қонақты жылы жүзбен қарсы алды.

– Ұлыңыз Әзімжан сізге сәлем айтты, – деді қонақ қыз. Сосын мүдіріп барып сөзін ары қарай жалғастырды. – Ұлыңыз жазған шығар “сюрприз” деп...

– Иә, қазір ғана көршім екеуміз сіз туралы әңгімелесіп тұрған едік.

– Ұлыңыз үйленді ғой...

– Не дейсің?!

Мейір әже көйлегінің мойын түймелерін ағытты, көздері жасаурап, өзін жайсыз сезіне бастады. Сосын дірілдеңкі дауыспен қонаққа үн қатты:

– Әйел алды ма?.. Тынысым тарылып барады, мына кең дүниенің тарылып кеткенін қарашы! Менің ондай балам жоқ... Әйел алды ма? Қайда апарса апара берсін, мен оны үйіме кіргізбеймін!..

Қонақ заттарын жинастырып, шығып кетуге оңтайланды.

– Сен қайда барасың? – деді Мейір әже аң-таң болып.

– Сіздің көзіңізге күйік болмайын, менсіз де қайғыңыз көбейіп кетті, – деп жауап берді қыз.

– Мынадай күйде сен де мені тастап кетпексің бе? – Мейір әженің реніші байқалды. – Көшедегілер не дейді? Өзім келін қылам ба деп көздеп жүрген қыздарым бар еді, біреуі – Саяра, екіншісі – анау зәулім үйлердің суреттерін салған архитектор қыз...



Шығармашылық қызмет



1. Жоғарыдағы үш оқиғаның астарында қандай отбасылық құндылықтар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар жатыр? Саған олардағы қайсы құндылық немесе әдет-ғұрып ұнады?

2. “Көшедегі қаңқу сөз” фильміндегі Мейір әженің ұлы қателік жасады ма? Өз пікіріңді негізде.

3. Отбасын құру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды құндылықтар сақталып қалуы үшін не істеу керек?

4. Рухани жетік, жаңалыққа жаны құмар, ізгі ниетті, күш-қайраты мол, жігерлі азаматтардың кемелденуінде қандай құндылықтардың маңызды рөл атқаратынын түсіндір. Пікіріңді мысалдар арқылы дәлелде.

Руханият қазынасынан



Отбасыңа жасаған жақсылығыңды Отаныңнан да аяма, оның себеі отбасыңа да, қоғамға да тисін.



Пікір қорыту үшін

Лұқпан Хакімнен: “Неге ұлыңызға өте көп насихат айтасыз?” – деп сұрапты. Сонда ол былайша жауап берген екен: “Жастарға насихат айтатын қарттар – жас көшеттерді мәпелеп өсіретін бағбанмен тең. Бағбан оқтын-оқтын көшеттердің артық бұтақтарын кесіп отырады, олардың айналасындағы арам шөптерді отап, тазалайды.

Қысқасы, ол көшеттерінің мол өнімді жеміс ағашы болып өсуі жолында бар күш-жігерін сарп етеді. Күтім жақсы болса, өркен де ойдағыдай өсіп-өнеді. Ол өнімге кірген соң, жемісі де балдай тәтті болады. Бұған керісінше бағбан бейпарық қарап, көшеттердің артық бұтақтарын кесіп отырмаса, олардың тек бойы ғана өсіп, өнімі нашар болады. Сондықтан бұндай өркендерден бағбанға келер еш пайда жоқ”.

Шығармашылық қызмет



Бағбан жерді өңдемесе, көшеттерді талаптар деңгейінде екпесе, көп жылдар бойы мол өнім беретін жеміс ағашын өсіре ала ма? Егер ағаш жақсы күтім көрмесе, оның соңы немен аяқталады? Бұл мәтінді перзент, отбасы және қоғам байланысы тұрғысынан түсіндіріп бер.



Пікір қорыту үшін

Өз еңбегіңнің қадірін біл!

Үйімізде әрқашан он-он бес шақты қой бағатын едік. Жыл сайын қыс түскенге дейін қойларымызды таудағы шопандарға жіберіп, бақтыратынбыз. Күндердің бірінде шопанымыз бір саулықтың егіз туғанын және оны үйге алып кету керектігі туралы хабар жолдапты.

Жайлаудан үлкен жүк машинасымен алып келе жатқанда қозылардың бірінің аяғы сынды. Мен оның аяғына тақтай байлап, нақ бір ай бақтым.

Бір күні ойын қызығымен жүріп, үйіміздің жанынан ағып өтетін арық құбырының ішінен қозышақты өткізбек болдым.



I тарау. Отбасылық құндылықтар

Бірақ “тәжірибем” өзін ақтамады: қозышақ құбырдың орта шеніне келгенде тоқтап, ары қарай жүрмей қойды. Оны шығарып алмақ болып көп әрекеттендім. Сол мезетте арықтың суы көбейіп, қозышақ су астында қалып қойды.

Еш есімнен кетпейді: сонда әкем әбден сазайымды тартқызған болатын.

Бір апта өткен соң әкем мені шақырып алды да: “Ұлым, мен сені қозышақты майып еткенің үшін емес, өз еңбегіңнің қадіріне жетпегенің үшін жазаладым. Өйткені сен сол қозышаққа бар мейіріміңді төгіп қарадың, сынған аяғын түзеттің, ақыр соңында еңбегіңнің нәтижесін өз қолыңмен қайта жермен-жексен еттің.

Бұдан былайғы өміріңде ешқашан ондайға жол берме”, – деді.



Шығармашылық қызмет

1. Неліктен отбасында мейірім үстем болуға тиіс?
2. Берген жауабыңды “...сол қозышаққа бар мейіріміңді төгіп қарадың, ақыр соңында еңбегіңнің нәтижесін өз қолыңмен қайта жермен-жексен еттің” деген пікірмен байланыстыр.
3. Сен отбасы мүшесі ретінде жанұяңда әрқашан бақыт үстемдік етуі үшін қандай жол ұстануға тиіссің?

Білесің бе?



Отбасы мүшелерінің өз құқықтарын жүзеге асыруы және өз міндеттемелерін орындауы жанұяның өзге мүшелері мен басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзбауы шарт.

Өзбекстан Республикасы Жанұя кодексінің 10-бабына



Шығармашылық қызмет

1. Төменде берілген мәтіндегі бақ-береке, үлгі-өнеге, тәрбие, молшылық, шат-шадымандық ұғымдарына өзіңше сипаттама жаса.
2. “Перзент – өнегелі тәрбиенің мұрагері” дегенде нені түсінесің? Сен бұл салада қандай мұраға иесің?

ТАТУ ОТБАСЫ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Отбасында әке – бақ-береке мен үлгі-өнегенің, ана – мейірім мен сүйіспеншіліктің, ал перзент өнегелі тәрбиенің мұрагері болып саналады. Жанұяда ақ сақалды аталар мен мейірімді әжелердің болуы ырыс-берекені, шаттықты, өзара құрмет пен татулықты нығайта түседі. Бұндай ортада өсіп-ұлғайған перзенттер лайықты тәрбие мен өнеге алады. Отбасылардың кемелдігі ақыр соңында қоғамның өркендеп-дамуына лайықты үлес қосады.



Руханият қазынасынан



Бәлеге жолығайын демесең, даңғой және тәкаппар болма. Зорлық пен зомбылықты қаламасаң, ашқарақ болма. Пұшайман болуды қаламасаң, алдымен тәжірибелі адамдармен ақыл қос, содан соң іске кіріс. Өзіңді баршаның сүйіктісі еткің келсе, мінез-құлқыңды түзет, әдепті, тәрбиелі бол. Абырой-беделге, ізет пен құрметке ие болуды қаласаң, адал еңбек ет, жалғандықтан сақтан, өсекші, жалақор болма, мән-мағынасыз, былапыт сөздер айтудан аулақ жүр. Егер ыңғайсыз жағдайға түсіп қалсаң, ісің алға баспаса, қайғы-қасіретке душар болсаң, дау-дамай, у-шу көтерме, сабыр ет...

Шығармашылық қызмет



1. Абдурауф Фитраттың: *“Балалар адамгершілік тәрбиені қоршаған ортадан алады, былайша айтқанда, балалар суға ұқсайды, су ыдыстың пішінін алғаны сияқты балалар да қоршаған ортаның әдебі мен адамгершілігін қабылдайды”,* – деген пікірін талда және өз көзқарасыңды білдір.

2. Егер отбасының бақыты мен игілігін қамтамасыз ету саған жүктелсе, сен қандай жол ұстанған болар едің? Пікіріңді жазба түрде баянда.

3. Әлішер Науаи айтқан істерді істей аласың ба? Сұраққа жауап беру кезінде әрбір іс-әрекетіңнің ата-анаңа қандай әсері болуы мүмкіндігін де ескер

*Басыңды қи жанашыр досыңа,
Тәнің садаға оның басына.
Күн-түні бірге бол, нұрыңды шаш,
Бірің ай,бірің күн баршаға паш.
Екі әлемге тілерсің аспанды көк,
Етерсің екеуін де риза ғып көп.*



I тарау. Отбасылық құндылықтар



Пікір қорыту үшін

КӨРШІ

Зүбайра шұғыл қажет болып қалғандықтан бірге жұмыс істейтін құрбысынан қарыз алды. Ары-бері ойланып отырды да, неке тойында өмірлік серігі тарту еткен білезігін сатуға ұйғарды. Көршісі Фатима апайдың үйіне барып, білезікті соған сатпақшы болды. Фатима апай көшенің қарсы бетінде тұратын көршісі Әзизамен әңгіме-дүкен құрып отырған екен. Зүбайраның екі көршісі де ауқатты отбасылар болатын, сондықтан “білезікті біреуі болмаса, екіншісі алатын шығар” деп ойлады ол.

- Білезігіңді неге сатпақшысың? – деп көршісі Зүбайраға таңдана қарады.
- Құрбымнан қарыз алып едім, соны төлеуім керек, – деп Зүбайра ыңғайсыздана төмен қарады.
- Көп ойлана берме, көрші, – Фатима апай оны жұбата сөйледі. – Сен білезікті сатпай-ақ қой, менің жинап жүрген азын-аулақ ақшам бар, соны берейін, тапқан кезіңде қайтарарсың. Егер қиналатын болсаң, бұны қарыз деп санама, “көршілік – мың жылдық” деген сөз бар.

Фатима апайдың мына ісі Әзизаға ұнамай қалды білем, ол қабағын түйіп алып, бірдеңе айтуға оқтала бергенде, жалт қараған Фатима апайдың отты жанары оны лажсыз тоқтатып қойды. Жасы үлкен көршісінің мына жақсылығына риза болғанын жасыра алмаған Зүбайраның көзінен қос тамшы үзіліп түсті.

1. Қалай ойлайсың, Зүбайра неліктен білезігін көршісіне сатпақшы болды?
2. Фатима апайдың “көршілік – мың жылдық” деген сөздерін қалай түсіндіресің?
3. Әзиза неге наразы болды? Оның көршісімен қарым-қатынасын қалай бағалайсың?

Руханият қазынасынан



Ата-анаңның айтқан сөздері саған ұнамай қалса, оларға дауыс көтеріп, көңілдерін ауыртпа. Жүрекке ауыр тиетін сөздер айтып, құрметсіздік жасама. Сырқаттанып қалған кездеріңде айналып-толғанып, шыр-пыр болып, сенен де гөрі көбірек алаңдап, уайымдайтын да – солар. Сен шамалы кешіккен кездеріңде олар сені асыға күтеді. Олар сенің ай дидарыңды көргеніне қуанады. Олардың алдында деміңді терең алып, үнілеуіңе де болмайды. Сен есейіп, ержетіп, өз алдына отау тіксең де, олар үшін бала болып қала бересің.



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. “Отбасым, ауылым, Отаным менің тағдырымда” тақырыбы бойынша жолдастарыңнан интервью ал. Дос-жарандарыңа “Егер сен отағасы болсаң...”, “Егер ауыл ақсақалы болғаныңда...”, “Егер сен аудан әкімі болсаң...” сияқты сұрақтар қойып, жауаптарын жазып ал.
2. Өзің тұратын көшенің, ауылдың немесе махалланың 10 жылдан кейінгі келешегін көз алдыңа елестет. Сол жарқын келешекті сипаттап бер.

4-5-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ – БАҚЫТ ҚОРҒАНЫ

Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар



1. Отбасыңда кіммен қандай қарым-қатынаста боласың?
2. “Сөйлеу мәдениеті ең алдымен отбасыңда қалыптасып, дамиды” деген пікірге қалай қарайсың? Өз пікіріңді негізде.
3. “Бақытты адам” дегенде көз алдыңа қандай адам елестейді? Қандай адамдарды бақытты деп атауға болады?
4. Неліктен бақыт дегенді әркім әр түрлі түсінеді? Бақытты болу үшін не істеу керек?



Пікір қорыту үшін

Шетелдік қонақтың таңдануы

Әлем тілдері университетінде оқып жүргенмін. Университетке келген шетелдік қонақтың өзбек тілінде әжептәуір сөйлегені назарымды өзіне тартты. Қонақ өзбек халқының әдет-ғұрыптарын зерттеп жүрген екен, оны үйге шақырдым.

Қонақ:

– Мен ғажаптанып отырмын, сіздердің отбасыларыңызда да нақ біздікіндей әке мен балаға бірдей есім қояды екен, ә?

– Неге олай дейсіз?

– Қазір ғана анаңыз әкеңізді Мұрат деп шақырды ғой!? Сіздің есіміңіз де Мұрат емес пе?..



Шығармашылық қызмет



1. Сен қалай ойлайсың? Әке мен баланың есімдері бірдей ме? Мұратжан қалай жауап берген?
2. Осының астарында қандай құндылық яки әдет-ғұрып болуы мүмкін?



Руханият қазынасынан

Ата-анаңды қадірле, сөздерін тыңда,
Мал-мүлкің көбейсе, асқақтап құтырма.

Махмуд Қашқари

I тарау. Отбасылық құндылықтар

Пікір қорыту үшін



Үйге келін түсті

– Гүлжан қызым, әкең келді, шығып қарсы алсаңшы!

– Апа, мен осындамын ғой!

Анасы қызына мағыналы түрмен бір қарап қойды да:

– Ой, сен осында ма едің? Көрмей қалыппын, – деді.

Үйге келіп түскеніне әлі бір апта да болмаған жас келін сыртқа жүгіріп шықты да:

– Ассалаумағалейкүм, ата, жақсы келдіңіз бе? – деді.

...

Келін аула сыпырып жүр. Ана:

– Гүлжан қызым, сыртқа шығып, ауланы сыпыруға көмектесіп жібер, – деді.

– Уһ, апа!..

Гүлжанның сөзін анасы тағы да бөлді:

– Сен ауланы жоғары жақтан төмен қарай сыпыр, аула сыртқы қақпаға қарай сыпырылады.

Ертеңінде келін ауланы ана айтқандай етіп сыпыра бастады...



Шығармашылық қызмет

Бұндай оқиғалардың куәсі болған ба едің? Неліктен Гүлжанның анасы қызына ескерту жасады? Бұл ескертуден келін қандай қорытынды шығарды? Осындай қарым-қатынастардың астарында қандай құндылықтар жасырынып жатыр? Пікіріңді халық мақалдарымен байланыстыра отырып түсіндір.

Пікір қорыту үшін



Жаңа қонақ

Атасы жас нәрестені еркелетіп: “Балуан балам, батыр балам үлкен болсын. Есейіп атасының сүйеніші болсын”, – деп бата бере бастады.

Бұны тыңдап тұрған Зәуре: “Ата, мені батыр деп айтпайсыз ба?” – деді.

Атасы: “Ой, тәтті қызым, аппақ қызым, сен менің ана қызымсың”, – деп оны да еркелете бастады.



Шығармашылық қызмет

1. Сенің отбасыңда үлкендер қыздар мен ұл балаларға қандай мәміле жасайды?
2. Неліктен қыз балаларды “ана қызым” деп атайды?
3. Қоғамның өркендеп-дамуы үшін оның негізі болып саналатын отбасыларда тәрбие ісі қалай жүргізілуі керек?



Руханият қазынасынан

Ей, перзент! Әрбір адаммен қарым-қатынас жасағаныңда өзіңді дұрыс ұстай біл. Соған қарап адамдар сенің қандай отбасында тәрбие алғаныңды да, ақыл-ойың мен зеректік-парасатыңды да бағалайтын болсын...

Тіл – адамның ең шағын, бірақ жауапкершілігі мен атқаратын міндеті тұрғысынан үлкен орын иелейтін мүшесі. Оны тек қайырлы, жақсы сөздер үшін ғана қолданып, жаман, былапыт сөздерді айтудан сақтау керек. Сол себепті тек жақсы нәрселер жөнінде айт, олай ете алмасаң, үндемей тұруды әдетке айналдыр!

Шығармашылық қызмет



1. Жоғарыда берілген мәтін негізінде эссе жаз.
2. Отбасында дұрыс мәміле мәдениетінің қалыптасуында жанұя мүшелерінің өзара ықпалы қандай болуы керек? Өз отбасың мысалында сипаттап бер.
3. Тілдің қандай жауапты міндеті бар? Сен бұл жауапкершілікке қалай қарайсың?
4. Сыныптасың жыныңа тиетін сөздермен ашуыңды келтірді дейік. Сен бұндай жағдайда өзіңді қалай ұстайсың? Пікіріңді негізде.



Пікір қорыту үшін

1890-жылдардың соңында Детройттағы электр компаниясы аптасына 11 доллар төлеу шартымен жас механикті жұмысқа жалдады.

Ол күніне 10 сағат жұмыс істеп, үйіне қайтқан соң, таң атқанша қоймада жаңа түрдегі двигательді ойлап табумен айналысатын еді.

Әкесі оған уақытты босқа өткізіп жатқанын айтса, көршілері оның есі ауысқаны жөнінде гу-гу өсек таратумен болды.


Зайыбынан басқаның бәрі де оның іс-әрекеттеріне күмәнмен қарады. Оның идеясына тек әйелі ғана сенді. Неше түндер бойы сағаттап жасайтын тәжірибелері кезінде әйелі керосин шамын көтеріп тұрып, оның жұмыс істеуіне көмек берді.

Әйелінің қолдары көгеріп, аяқтары талып, қатты тоңғаннан тістері сақылдап қалған кездерінде де күйеуінің жанынан бір елі жылжымайтын еді...



I тарау. Отбасылық құндылықтар

Арадан жылдар өтті. Күндердің бірінде қоймадан әдеттен тыс бір гүріл естілді. Атсыз арбамен кетіп бара жатқан қайыршы мен оның әйелін көрген көршілердің өздері ақылдарынан алжасуға шақ қалды. Өйткені темір арбадағылар – Генри Форд пен оның зайыбы болатын...



Бірнеше жылдан кейін қартайып қалған Генри Фордқа журналистер мынадай сұрақ қойды: “Егер дүниеге қайта келсеңіз, кім болуды қалар едіңіз?” Генри Форд жымиып қойды да, қарапайым ғана жауап қайтарды: “Кім болсам да, қай жерде туылсам да, зайыбым жанымда болса болғаны...”



Шығармашылық қызмет

1. Балалық шақтан қартайған шаққа нені алып өтуге болады?
2. Генри Фордтың жауабы жөнінде не айта аласың?
3. Бақыт дегенді сен қалай түсінесің?
4. Сөйлеу және тыңдай білу де қарым-қатынас мәдениетінің негізгі бөлігін құрайды. Бұл жөнінде Юсуф Хас Хажиб: “Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле”, тағы бір ғұлама: “Сөйлегеніңде сөздерің інжудің қадіріне тең болсын, тыныштық сақтағаныңда ол дүр мен гауһарға айналсын”, – деген. “Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле” деген даналықтың астарында қандай мағына жатыр? Адам баласы қаншалықты дұрыс ойлай алады деп санайсың? Пікіріңді негізде.

Неліктен адамның сөздері інжумен салыстырылады? Сөзді тағы қандай асыл тастарға теңеуге болады?





Шығармашылық қызмет

Атам әрқашан былай деп отыратын: “Ғазиз немерем, бірер адаммен қарым-қатынас барысында ешқашан қатты сөйлеме және сұхбаттасыңның сөзін бөлме. Адамның әсем мінез-құлқы оның кішіпейілдігімен, сөйлеу мәнерімен және шынайылығымен өлшенеді. Бұндай сапалық қасиеттерге ие болған адам шын мәніндегі көкірегі ояу адам болып табылады”.

1. Мәміле мәдениеті дамыған адамдар мен көкірегі ояу адамдардың айырмашылығы неде? Пікіріңді негізде.

2. Мәміле мәдениетін білмейтін адам қандай ізгі қасиеттерден жүрдай болады?

3. “Сөйлесу – білімнен, тыңдау – мәдениеттен, аңдау – руханияттан туындайды” деген пікірді сипаттауға әрекет жаса.

Пікір қорыту үшін



Ана туралы үш әңгіме

Махалла кеңсесіне жас шамасы қырықтардан асқан бір кісі кіріп келді. Төраға оның мазасызданып тұрғанын байқап:

– Не болды? – деп сұрады.

– Кемпірді беріп қойдық!..

– Қайсы кемпірді?

– Анамды... – деп күмілжи жауап берді әлгі кісі.

Бір асығыс шаруамен ұстазымның үйіне бардым. Түстік кезі болатын.

– Сен отыра тұр, мен қазір келемін, – деп ол кісі ішкі бөлмеге кіріп кетті.

Ішкі бөлмеден оның әлдекімді еркелете тамақтандырып жатқанын естідім. “Ә, немерелерінің бірімен сөйлесіп отырған екен ғой. Мені күттіріп қойғаны несі?” деп іштей ренжідім мен. Сол заматта іштен ұстазымның:

– Анашым, мейірбаным, тағы бір қасық жеңізші, өтінем. Келіңіз, мен көмектесіп жіберейін, – деген дауысы естілді.

Кейінірек білсем, ұстазымның жасы сексеннен асқан анасы инсульт алып, таяуда ғана түзелген екен.

Мектеп ауласында 10-сыныпта оқитын бір қыз телефон арқылы әлдекіммен дөрекі сөйлесіп тұр.

– Мені жайыма қалдырасыз ба, жоқ па?! Сіз өзі нені түсінесіз? Мен қайтерімді білмей тұрмын, бүгін құрбы қыздарыммен кафеде



I тарау. Отбасылық құндылықтар

отырмақшымыз, соған ақша керек. Қашан ақша сұрасам, “жоқ, жоқтан” басқа ештеңе айтпайсыз... Мен сізге ренжідім, апа.

Жанында тұрған құрбысы телефонға бір, қызға бір қарады да, бірден жылап жіберді. Сөйлесіп тұрған қыз телефонын қоя салып:

- Саған не болды? Неге жылап тұрсың? – деп аң-таң болды.
- Анам есіме түсіп кетті...– деді құрбысы өксігін баса алмай.
- Анаңа не болды?
- Қайтыс болған... Сен өте бақыттысың, сол бақыттың қадіріне жет!

Шығармашылық қызмет



1. Берілген әңгімелерден қандай қорытынды шығардың?
2. Бірінші және үшінші оқиғалардың куәсі болсаң, сен не айтар едің?
3. Жақын адамдарыңа соңғы рет қашан жағымды сөз айтқансың?
4. Отбасы мүшелеріне айтатын жағымды сөздеріңнің тізімін жаса. Неше сөз болды? Сен бұл сөздерді күніне неше рет қайталайсың?
5. “**Мен қадірлеймін...**” ойыны. Төмендегі пікірлерді толықтырып жалғастыр және дәптеріңе жаз: “Мен өзімдегі ...ны қадірлеймін”, “Мен отбасым мүшелерінің ... қасиеттерін қадірлеймін”, “Мен өмірдегі ... ды қадірлеймін”.



Руханият қазынасынан

Егер мен өмірде әлдеқандай маңызды жаңалық ашқан болсам, негізінен сабырлылығым мен табандылығымның арқасында аштым. Бұдан басқа әлдебір дарындылығым арқылы емес.

Исаак Ньютон

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Адам бақыт пен игілікке қашан қол жеткізеді?
2. Үлкендер жастарға бата беріп: “Бақытты және қайырымды болыңдар!” – дегенде нені меңзейді?
3. “Әкем – дәулетім, анам – басымдағы тәжім” деген пікірді қалай түсінесің? “Отбасы – бақыт қорғаны” тақырыбы бойынша жасы үлкендерді қатыстыра отырып, бейне интервью дайында:
 - а) кейіпкерлеріңді ірікте; ә) сұрақтарыңды қалыптастыр; б) әрбір сұраққа берілген жауапты зер салып тыңда және қорытынды шығар.

6-7-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫНДАҒЫ БОРЫШ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. “Әрбір адамның бойындағы борыш пен жауапкершілік алдымен отбасында қалыптасады” деген пікірді қалай негіздейсің?

2. Қалай ойлайсың, отбасың алдындағы борыштарыңды кімдер орнатқан? Сен оларды қай дәрежеде орындайсың? Оларды орындамаудың салдары жайлы ойлап көрдің бе? Пікірлеріңді негіздеуге әрекеттен.

Пікір қорыту үшін



Үміттенбе, шешім қабылда!

Сол күні шетелден қайтып келе жатқан ағамды қарсы алу үшін әуежайға барған едім. Мен күтіп тұрған ұшақтың келу уақыты кешіктірілгені себепті сантүрлі қалалардан келіп жатқан жолаушыларды бақылап, өзімді алдаусыратып тұрғанмын.

Жанымда кішкентай қыз баланы көтеріп алған орта жасар әйел де екі ұлымен бірге әлдекі күтіп тұр. Арада көп өтпей-ақ әлгі отбасы жанданып, балалар әуежай терминалынан асыға шығып келе жатқан, иығына жүк рюкзагын іліп алған ер адамға қол бұлғай бастады.

Әлгі кісі отбасының алдына таяп келіп, қолындағы жүктерін орындыққа қойды. Сосын балаларды біріндеп сүйіп, бауырына басты. Оның мына әрекетінен отағасы екендігі көрініп тұрды.

– Менсіз қиналып қалмадыңдар ма? Барлығыңның сау-саламат екендіктеріңді көріп қатты қуанып тұрмын, – деді ол.

Содан соң әке балаларының жас үлкеніне бет бұрып, қолымен оның шаштарын түзетіп, сипап қойды да:

– Ұлым, үлкен жігіт болып қапсың ғой! Менің орнымды жоқтатпай, анаң және бауырларыңа қамқорлық жасағаның үшін саған ризамын, – деді. Сосын:

– Ал сен ше, ұлым, мектепке барып жүрсің бе? – деп, кіші ұлына бұрылған әке оны бауырына тартты. – Мінеки, енді бәріміз біргеміз. Сені кешкі спорт жаттығуларына өзім ертіп барамын.

Осылай деген әке екі жастар шамасындағы қыз баланы анасының қолынан алып, өз бауырына басты.

Мына көріністі тамашалап тұрып, отбасындағы мейір-махаббат пен сүйіспеншіліктің қаншалықты мықты екеніне көзім жетті. Үйленгеніме екі жылдан астам уақыт өтсе де, отбасылық қарым-қатынастардың бұншалықты тамаша көрінісіне еш куә болмаған едім.

I тарау. Отбасылық құндылықтар

– Гапу етіңіз, – дедім лажсыздан отағасына бет бұрып. Ол ұзаққа созылған әуе сапарынан талыққан жанарларын маған тікті. – Сапарда ұзақ уақыт болдыңыз ба?

– Иә, қызмет бабымен үш күндік сапарға кетіп едім, – деген жауап мені одан әрі састырып қойды. Сенгім келмеді, дегенмен оның рас айтып тұрғаны анық. Содан соң олардың отасқандарына қанша болғанын сұрадым. Отағасы зайыбына қарап жымиды да, биылғы көктемде некелескендеріне он төрт жыл толғанын айтты. Таңданысым одан әрі күшейді.

– Гажап! Менің де отбасыма, әйеліме деген құрмет-ізетім ондаған жылдардан кейін де нақ осындай жоғары болады! – дедім мен сұрақтарымды жуып-шайған болып.

Сонда ғана мені түсінген отағасының езуіндегі жылы жымиыс жоғалып, байыптылық орын алды. Ол менің бетіме қадала қарап, жайбарақат сөйлей бастады.

– Сен үміттенбе, досым, шешім қабылда! Өйткені ер адамның өз отбасын кемелдікке бастауы оның үміттеріне емес, қатаң ұйғарымына қатысты мәселе, – деген ол маған бұл істе жетістіктер тілеп қоштасты.



Шығармашылық қызмет

Тапсырманы дербес орындау ұсынылады.

Берілген пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін “Иә” немесе “Жоқ” түрінде бейнелеңдер.

Перзенттердің борыштары

1. Ата-ананы құрметтеу, олардың насихат-кеңестеріне құлақ асу.
2. Егер ата-анасы айтқан жұмыстарды ойдағыдай орындай алатынына көзі жетпесе, ондай кездерде мүмкіндікке қарай орындау.
3. Білім алу, кәсіп-өнер үйрену, уақыт-мезгілі жеткенде ата-ананың ризалығымен тұрмыс құру.
4. Ата-ана, аға-іні, әпке-қарындастарға мүмкіндігі барынша материалдық және рухани көмек беру.
5. Өзіңнің азын-аулақ проблемаларыңды тек ата-анамен ғана бөлісу.
6. Үй-тұрмыс жұмыстарыңда ата-анаға жәрдемші болу.
7. Өзіңнің жақын адамдарыңның мазасын алмау.
8. Әрбір істе ата-анамен ақылдасып отыру.

1	2	3	4	5	6	7	8



Пікір қорыту үшін

Ел арасында жоғары құрмет пен абыройға ие болған бір ақсақалдан: “Сіз бұндай мәртебеге қалай қол жеткіздіңіз?” – деп сұрайды. Сонда ол былайша жауап берген екен:

- 1) жастайымнан асқақ армандарға қол жеткізуді мақсат еттім;
- 2) ата-анама қызмет етуден жалықпадым;
- 3) ұстаз-тәлімгерлер мен ізгі ниетті адамдардың ақыл-кеңестерін бұлжытпай орындадым;
- 4) туылып-өскен ортамды өз отбасымдай қасиетті деп санадым;
- 5) отбасымның құндылықтарына адалдық таныттым;
- 6) сөзімде шыншыл, ісімде турашыл болдым;
- 7) достарымның жетістіктеріне өзімнің жетістіктерімдей қуандым;
- 8) өзгелердің жақсылықтарын ұмытпадым;
- 9) басқалардың ақысына қиянат жасамадым;
- 10) кітап оқу мен білім алудан жалықпадым;



- 11) мамандығыма қатысты жаңалықтарды үйрендім және өмірге енгіздім;
- 12) дене шынықтырумен тұрақты шұғылданып, денсаулығымға көңіл бөлдім;
- 13) әрқашан алға ұмтылып өмір сүрдім;
- 14) перзенттерімнің тәлім-тәрбиесін, отбасымның абыройын өзімнің басты мәселесі деп санадым.

Руханият қазынасынан



Ей, перзент, біліп қой, ақыл-ес тұрғысынан перзентке ата-анасына ізет-құмет көрсету уәжіп. Өйткені оның түптегі – ата-анасы. Ата-ананы неліктен құрметтеймін дегенді ешқашан ойыңа алма. Біліп қой, олар сен үшін өлімге де дайын тұрады.

Әрбір перзент ақылды әрі дана болса, ешқашан да ата-ананың мейірім ақысын тауыспайды. Ей, перзент, сондықтан ата-анаңды аз болса да ренжіте көрме.

Кейқауыс





Шығармашылық қызмет

1. “Отбасынан басталған жауапкершілік қоғамның жанқияр мүшесіне айналдырады” деген пікірді жоғарыдағы мәтінмен байланыстырып түсіндір.
2. Өзің жасайтын ауылың мен махаллаңдағы сондай құрметті адамдарды білесің бе? Саған олардың қандай қасиеттері ұнайды? Неліктен?
3. Сен де алдағы өміріңде соларға ұқсауың үшін өз бойыңда қандай қасиеттердің болғанын қалайсың?
4. Лайықты құрмет пен абыройға ие болу үшін орындалуға тиісті жоғарыдағы он төрт ереженің әрқайсысына сипаттама бер.
5. “Отбасымның құндылықтарына адалмын” деген пікірді қалай түсіндің?
6. Келешекте қандай мамандықтың иесі болмақшысың? Таңдаған мамандығың жаңалықтарды үйренуді және оларды енгізуді талап ете ме?
7. Сен таңдамақ болған мамандық отбасыңдағы жауапкершілігіңе қалай әсер ететіні жайлы ойлап көрдің бе? “Менің мамандығым және отбасыңдағы жауапкершіліктерім” тақырыбында Венн диаграммасын сал.
8. Кейқауыс ибн Искандардың “Қауыснама” шығармасынан алынған пікірлерді перзенттің адалдығымен және жауапкершілігімен байланыстыруға әрекет жаса. Бұны сен де сақтайсың ба?

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Отбасы алдындағы борыштарыңды санамалап шық.
2. Отбасы мүшелерінің заңда жазылмаған борыштары мен міндеттемелері дегенде нені түсінесің? Осынау заңда жазылмаған борыштар мен міндеттемелердің қайсысына сүйену керек деп ойлайсың?
3. Төменде берілген суреттің көлеңкесіне назар аудар. Оның тақырыпқа қандай қатысы бар? Пікіріңді тақырып негізінде жасаған қорытындыңа сүйене отырып сипатта.



Руханият қазынасынан

Жасалатын жақсылықтың ең абзалы – әрбір адамның өз отбасына жасағаны. Бұндай жақсылықтың бір ұшы өзіңе де жетіп тұрады.

“Ей, Раббым! Мені (олар) сәби кезімде тәрбиелегеніндей, Сен де оларға рақым ете гөр!”

Құрани кәрім, Исра сүресі, 24-аят

**Пікір қорыту үшін****Оң қолымның бергенін сол қолым білмесін!**

Бүгін ғана зейнетақысын алған Қалдыгүл әже немерелеріне анамына заттарды алу үшін дүкенге бармақ болып көршісі Әзиза жеңгейді шақырды. Әзиза жеңгей зейнетақысының аздығын айтып шағынды.

– Менің зейнетақым өте жақсы, балаларымнан еш ақша сұрамаймын, – деді Қалдыгүл әже.

– Ой, бұнысы қалай? Екеуміздің де жұмыс орнымыз бір, еңбек өтеліміз де бірдей еді ғой? – деп аң-таң болды Әзиза жеңгей.

– Мен қайдан білейін, ұлым барып қайта есептетіп, көбейтіп келген. Зейнетақымның бір бөлігі пластик картаға түседі, біразын қолыма ақшалай әкеліп береді...

Шығармашылық қызмет

1. Қалай ойлайсың, Қалдыгүл әженің ұлы анасының зейнетақысын қалайша көбейтуі мүмкін?

2. Зейнетақыны қалайша көбейтуге болады?

**Пікір қорыту үшін**

Әзиза жеңгей үйіне келді де, дереу ұлын шақырып алды:

– Қалдыгүл әженің ұлы зейнетақысын көбейтіп беріпті. Сен де бір сөйлесіп көрші, менің зейнетақым да көбейетін шығар. Меніңше, ол кісінің танысы бар болса керек.

– Ей, апашым-ай, сіз не айтып отырсыз? Біреуге әлденені беру керек қой.

– Айтқаның болсын, ұлым, бір айлық зейнетақымды берейін.

– Жарайды, апа...

Шығармашылық қызмет

Әзиза жеңгейдің: “...бір айлық зейнетақымды берейін”, – деуі қаншалықты дұрыс? Сен Әзиза жеңгейдің ұлының орнында болғаныңда қандай жол ұстанған болар едің?

Екі дос кездесті.



I тарау. Отбасылық құндылықтар

Әзиза жеңгейдің ұлы:

- Қалдыгүл әжемнің зейнетақысы көбірек екен ғой, сен кіммен сөйлестің?
- Ешкіммен сөйлескенім жоқ.
- Жарайды, шығынын берерміз, менің апамның да зейнетақысын көбейтуге көмектесші.
- Келістік. Тек апама айтпасаң болғаны, саған көмектесейін.

Қалдыгүл әженің ұлы қандай жауап берген болуы мүмкін?



Қалдыгүл әженің ұлы жасаған әрекеттер мен “Тілеп алған астың дәмі татымайды” деген мақал қай тұрғыдан байланысты?

- Жүр, банкке кірейік.
- Неге?
- Апаңның атына пластик карта аштырасың, әр ай сайын зейнетақы келетін күні сол картаға өзің ақша салып тұрасың.
- Қолдарына берсе болмай ма?
- Жоқ. Олай етсең, тілеп алғандай болып қалады...

Қалдыгүл әженің ұлы неліктен бұлай еткен деп ойлайсың?



Руханият қазынасынан

Ей, ғазиз перзент! Ата-анаңмен бірге тамақтанғаныңда олардан бұрын асқа қол созба. Шайды өз қолыңмен құйып бер. Өйткені қызмет ету жас адамдікі екенін ұмытпа. Ата-анаңмен бірге жүруге тура келсе, олардың алдына түсіп алма, өйткені бұлай ету –құрметсіздік, әдепсіздік болып саналады. Егер отырған жеріңе ата-анаң келіп қосылса, міндетті түрде орныңнан тұрып сәлем бер, оларды жылы шыраймен қарсы ал. Ата-анаң отырғанша күт, олардан бұрын отырма. Егер олар ашуланып, саған орынсыз кейісе де үндеме, оларға қарсы сөз айтпа. “Мен ақпын, ісім де дұрыс” деп қарсы шығатын болсаң, сенен көңілдері қалып, ренжитін болады.

Әбен ата мен немересі Айдар шахмат ойнап отырған болатын.

– Аташым, сізді ауылда барлығы қатты құрметтейді, әрқашан өзгелерге үлгі етіп көрсетеді. Бұндай құрмет пен беделге қалайша қол жеткіздіңіз? – деп сұрады Айдар.

– Ең алдымен, жақсы ниетті, өтірік-өсектен аулақ жүретін адам болдым. Ең маңыздысы, ешкімнің ала жібін аттамай адал жасадым. Ата-анам мен отбасымның алдындағы жауапкершілікті сезіндім және оларды құрметтей білдім. Інілерім мен қарындастарыма әрқашан үлгі-өнеге болуға ұмтылдым, – деп жауап берді атасы немересіне.

Шығармашылық қызмет



1. Отбасындағы борыштарың мен міндеттемелеріңнің тізімін жаса. Пікірлеріңді сыныптастарыңмен бөліс.

2. Отбасы алдындағы борыштарыңды орындағанда жеке басыңның мүдделерінен бас тарта аласың ба? Неліктен?

3. Отбасы алдында жауапты болу туралы 10 факт келтір.

4. Таныстыру ретінде төмендегі ағаш бұтақтарына өз ататегіңнің шежіресін орналастыр. Шежіренді абыроймен жалғастыру үшін қандай борыштарың мен жауапкершіліктерің бар? Отбасы ағашының терең тамыр жаюы үшін нелерге назар аудару керек?

5. Жігіт адамның отбасы алдындағы негізгі міндеті неде деп санайсың?

6. “Арамға қарама, адалыңа көз тиеді” деген мақалдың отбасы тыныштығына қандай қатысы бар? Осынау өнегелі сөзде айтылған пікірдің отбасы алдындағы жауапкершілікке қандай қатысы бар?



I тарау. Отбасылық құндылықтар



Дербес қызмет

1. “Келін де, қыз да перзент, олар – отбасының жалғастырушысы, жарқын болашағы” деген пікірді негіздеп бер.


2. Құндылықтарды сақтап қалатын және байытып отыратын отбасы мүшелері қатарына кімдерді енгізуге болады? Осыны өз отбасыңның мысалында сипаттап бер.

3. Өз заманының ұлы тұлғалары: “Жаннатқа апарар жол ананың аяғы астында”, – деп айтып өткен. Осыған мазмұндас тағы қандай нақыл сөздерді білесің? Бұндай нақылдардың сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатуының сыры неде деп ойлайсың?

4. “Қоғам мүшелері кемелденбесе, қоғам да кемелденбейді. Қоғам мүшелері кемелденуі үшін олардың ақыл-ойлары кемелденуге тиіс. Ал ақыл кітап оқу арқылы ғана кемелденеді”. Осы сөйлемді қалай сипаттайсың? Мысалдар арқылы түсіндір.

5. “Ұл баланы оқыту бір отбасының сауатты болуына, қыз баланы оқыту бүкіл әулеттің сауатты болуына әкеледі” деген пікірдің мән-мағынасын айқындап бер.

6. Төмендегі суреттерге мұқият зер сал. Суреттерге ат қой. Оларды сипаттап беруге тырыс.



8-ТАҚЫРЫП. БАҚЫТ МЕЖЕЛЕРІ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бақыт дегенді қалай түсінесің?
2. Көз алдыңда бақыттың пішіні, көрінісі, ерекшеліктері мен белгілері қалай көрінеді?
3. Жақын адамдарыңа қандай бақыт сыйлай аласың?
4. Өзіңді бақытты сезінген күніңді еске түсір.



Бақыт дегенді әркім өзінше, әр түрлі түсінеді. Дегенмен бұл ұғым біздің ойлау шеңберімізден едәуір кең және оны бір сөзбен бейнелеуге болмайды. Айталық, адамның дүниеге келуі – бір бақыт! Біреулер үшін сүйген адамымен қосылып, отау құру – тағы бір бақыт! Перзентті болу – бақыт! Біреулер үшін армандаған кәсібімен айналысу – бақыт! Ата-ананың дұғасын алу – перзент үшін бақыт! Автокөлік алу, өз үйіне ие болу, той жасау, тағы басқа армандарына қол жеткізу... Бұлардың бәрі де әлдекімдер үшін бақыт. Адам баласы бақыт деп түсінетін бұндай жағдайлардың санына жете алмайсың.

Шығармашылық қызмет



Мына сызбаға назар аудар және оны жалғастырып, дәптеріңе жазып ал. Тағы нендей нәрселердің болуы адамды бақытты етуі мүмкін?



I тарау. Отбасылық құндылықтар

Руханият қазынасынан



Адам жалғыз өзі ешқашан бақытты бола алмайды, барлық адамдар бақытты болғанда ғана ол бақытты болады!

Лев Толстой



Білесің бе?

Бақыт – рухани-ақылақтық ұғым. Бақыт адам бойында өз қызметінің нәтижесіне, өмірде қолға енгізген жетістіктеріне толық қанағаттануы, өмір сүру салтына ризалығы, белгілі бір мақсатқа жетуі, арман-тілектерінің орындалуы, армансыздық жағдайы түрінде көрініс береді.

Шығармашылық қызмет



1. Айталық, барлық нәрсең бар, бірақ бақытыңның толық болуы үшін әлдене жетіспей тұрғандай. Ол не болуы мүмкін?

2. Бақытты толық сезінуіңе нелер бөгет болады?



Пікір қорыту үшін

Адам өзінде бар нәрсені қадірлеуге тиіс. Бақыт – басқарылатын сезім. Ол адамның еркіне байланысты.

Бақыт – ата-ана, аға-іні, әпке-қарындас, нағыз достардың бар екендігі.

Бақыт – білім алу мүмкіндігіне ие болу, өйткені білім адамның білікті азамат болып кәметке жетуіне көмектеседі. Бертін келе басқа да мақсаттар пайда болады және оларға қол жеткізу де адамды бақытты етеді. Сондықтан адамның келешектегі өмірі тек өзіне, өзінің алға қарай ұмтылуы мен әрекетіне байланысты.

Руханият қазынасынан



Даналар айтады: “Өмірде үш қонақ айтпай да келе береді – ризық, махаббат, бақыт”.

Пікір қорыту үшін



Ауыр көпір...

Қарапайым ғана болғанымен, өте берік етіп салынған бұл көпірдің негізгі міндеті сонау шалғайдағы бір аумақты дүниемен байланыстыру болатын.

Қашан және кім құрғаны беймәлім болған бұл көпір өз басынан нелерді өткізбеді дейсіз. Жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарынан бері бұл жерден ат-арбалардан бастап жүк машиналарына дейін өтті. Осы жылдар барысында қаншама адамдар ол жақтан бұл жаққа өтіп жүрді. Қаншама жақсы-жаманды көрді бұл ескі көпір. Біреулер оны перзенттеріне “өмір көпірі” деп дәріптесе, тағы біреулер орталықтан шалғайда орналасқан аумақтың “азат етушісіне” теңеді. Үшінші біреулер оны қиратып тастаудың әрекетінде жүрді. Қысқасы, өмірдің барлық “ащы-тұщысын” татып көрген осынау көне көпір барлық уақытта өзінің “кішіпейлдігі” мен байсалдылығын сақтап қалды.

Адамдар ортасында келіспеушілік туындай қалса, қарттар олардың жасы үлкеніне: “Сен көпті көргенсің ғой, біраз ауырлау бол, сен анау үлкен, ескі көпірсің” деп текке айтпайды екен.



Шығармашылық қызмет

1. “Бұл көпір – адамдардың бақытты болуларының себепкері” деген пікірге өз көзқарасыңды білдір.
2. Неліктен бұл көпірді әлдекімдер бұзып, қиратып тастамақ болғанының себептерін айт.
3. “Бақыт – бұл...” деген пікірді одан әрі жалғастыр. Пікірлеріңді негізде.

Руханият қазынасынан



Адамның өмірі де ұзын көпірге ұқсайды. Оны лайықты басып өту әркімнің өзіне байланысты. Лайықты басып өтілген жол берік көпірге ұқсап адамның өмірін де сұлуландыра түседі.

I тарау. Отбасылық құндылықтар



Пікір қорыту үшін

Бақыт туралы аңыз

Күндердің бірінде ағайынды үшеу орман ішінде серуендеп жүріп терең орды көреді. Оған Бақыт түсіп кеткен екен.

Ағайындылардың ең үлкені орға еңкейіп:

– Егер менің ақшам көп болғанда, өте бақытты болар едім, – дейді.

Бақыт оған көп ақша беріпті, үлкен ұл риза болып, қайта жолға түсіп кете беріпті.

Ортаншы ұл орға қарай еңкейіп, былай дейді:

– Егер өмір бойы жанымда қалатын адал досым болса, өзімді бақытты сезінетін ем.

Бақыт оның да тілегін орындайды, ол өзін бақытты сезініп, досымен бірге кетеді.

Кенже ұл орға еңкейген кезде Бақыт одан:

– Сенің тілегің қандай? – деп сұрайды.

– Ал сенің тілегің не? – деп кенже ұл Бақыттың өзінен сұрайды.

– Мені мына ордан шығарып алуын тілеймін, – дейді Бақыт.

Кенже ұл оны ордан шығарып алады да, өз жолын жалғастырады. Бақыт қуанған күйі оның артынан ереді...

Шығармашылық қызмет



1. “Бақытты болуды қаласаң, айналаңдағыларды бақытты ет” деген пікірді қалай түсіндіресің?

2. Сен айналаңдағылардың (ата-анаң, отбасыңның мүшелері, сыныптастарың) өздерін бақытты сезінулері үшін не істеген болар едің?



Білесің бе?

Бақытты еш жерден іздеп табуға болмайды. Өзіңді сол жерде, сол жұмыста, сол үйде, сол қалада бақытты сезіне алмағаныңша, сен үміт күтіп өмір сүрген уақыт келгенде де бақытты адам бола алмайсың. Сондықтан жаныңдағы адамдармен нақ сол сәттегі күйіңде бақытты сезіне біл.

Бақыт сенің ісіңде, сондықтан қазір-ақ ісіңдегі бақытты тап та бақытты бол.

Бақытты әрқашан сезініп жүр...

Руханият қазынасынан



Кімде-кім бақыт келген кезде оны пайдалануды білмесе, ол өтіп кеткен соң байбалам салмауы керек.

Мигель де Сервантес



Пікір қорыту үшін

Бақыт кілті

Бір данышпанға шәкірттері сұрақ қойыпты:

– Қайтсек бейбіт әрі рақат өмір сүреміз?

Данышпан:

– Еш жерде ешкімге бірер сөз айтушы болма, тыныштық сақта, – деп жауап береді. Сонда шәкірттері:

– Әрқашан үнсіз жүруге болмайды ғой! Басқа жолды көрсетіңізші, – деп өтінеді.

Данышпан былайша кеңес береді:

– Тыныштық сақтай алмасаң, қысқа да нұсқа сөйле, аузыңнан бірде-бір орынсыз сөз асын. Жаман сөз тыңдаушының көңіліне кірбің түсіреді, сосын өзіңнің жүрегіңе де қаяу салады.

Шығармашылық қызмет



1. Сөздік қорың қаншалықты бай әрі алуан түрлі екені жөнінде еш ойлап көрдің бе?

2. “Адамның бақыты айтқан сөзімен де қалыптасады” деген пікірге қосыласың ба?

3. “Көңілдің жайбарақаттығы адамға бақыт әкеледі” деген пікірге көзқарасыңды білдір.



Пікір қорыту үшін

Үш дәйексөз

Ақылды адамдар өзінің жұмыс үстелі үстіне үш дәйексөзді жазып қояды:

Біріншісіне: “Бүгінгің нағыз күн” деп жазылған. Яғни бұл күннің шекарасында өмір сүр.

Екіншісіне: “Пікірле және шүкір ет!” деп жазылған. Яғни саған берілген ризықты қанағат тұт және оның шүкірлігін орында.

Үшіншісіне: “Ашуға берілме!” тіркесі жазылған. Бұл дәйексөз сені жақын әрі оңай жолмен бақытқа жетелейді. Олар қарапайым, бірақ өте пайдалы.

Доктор Оуз Гарни, сауд ғалымы, қоғам қайраткері

I тарау. Отбасылық құндылықтар



Руханият қазынасынан

Бір тікен батса аяққа соншалықты,
Не болар жүрекке батса қаншалықты?

Жалолиддин Руми

Пікір қорыту үшін



Күндердің бірінде анамның жанына бардым, оның тізесіне басымды қойып, бір сәт көзімді жұмдым. Дүниенің барлық тәшпінштерінен біршама уақытқа құтылғандай күй кештім. Сосын өмірдің шетсіз-шексіз бойлықтарында рақаттану мақсатында мейірбанымнан ең бақытты күндері жайлы айтып беруін өтіндім.

Өмірімнің мәні, қадірменді анашым бір сәт үнсіз қалды да, жанарларын бір нүктеге қадай отырып, жайлап әңгімелей бастады...



Шығармашылық қызмет

1. Ана не айтқан болуы мүмкін?
2. Ана бақытын қалай сезінген деп ойлайсың?
3. “Пікір қорыту үшін” айдарымен берілген мәтінді оқығанда жүрегіңнен қандай сезімдер өтті?

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып




1. Мына сөйлемді тақырыпқа байланыстыр: “Адам өміріндегі ең мақтаулы жағдай – құлағаннан кейін өзін-өзі оңдап алу”.
2. Адам өз жолын тапқан кезде бақытты сезіне ала ма?
3. Өзің құрметтейтін адамдардың бірінің бақытты сәттерін есіңе түсір және дәптеріңе сол туралы жаз.

Мысалы:

Менің әкем немесе анам (туыстарым, досым т.б.) ... бақытты жандар. Өйткені...

4. Өзіңнің бақыт формулаларыңды жаса (формула жасағанда пішіндер саны көбеюі мүмкін).

II ТАРАУ. АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



9-ТАҚЫРЫП. МАХАЛЛА – ҚҰНДЫЛЫҚТАР БЕСІГІ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Төмендегі суреттерде қандай құндылықтар бейнеленген? Бұл құндылықтарды кім ойлап тапқан?
2. Сенің де махалланда немесе ауылыңда осындай дәстүрлер бар ма? Берілген суреттер арқылы пікіріңді негізде.
3. Махаллада немесе ауылыңда болатын асарларға қатысасың ба, оған сені не мәжбүр етті?
4. Неліктен махалланы “құндылықтар бесігі”, “демократия мектебі” деп дәріптейтіні жөнінде өз пікіріңді білдір.




Тарихқа назар



Тарихшы ғалым Наршахи өзінің “Бұхара тарихы” атты шығармасында осыдан 1100 жыл бұрын махалла халықтың басқару тәсілі болғанын жазған болатын. Ол ерте замандарда махалла тек әлеуметтік қана емес, сонымен қатар әкімшілік-аумақтық құрылым болғанын да айтып өткен. Әлішер Науаидың “Хайрат ул-аброр” атты шығармасында мынадай бәйіт бар:

Шаһарлар атын махалат етіп,
Жүз шахарды Хири ат етіп.

Махалланың “қала ішіндегі қалашық” деген мағына беретіні жоғарыдағы сипаттамадан айқын көрініп тұр. Орта ғасырларда “Хири” деп аталған Хири қаласы жүз шағын “қалашық” – махалладан құралған екен.



Пікір қорыту үшін

Өткір Хашимов

ТАМСЫЛАҚ

1) Ауылдық жерлерде күздігүні тамсылақ жасау салты болған. Оның жазылмаған өз ережесі бар. Біріншіден, ешкім үйін жалғыз өзі сыламайды: ауылдағылардың бәрі жиналып асарға келеді. Екіншіден, жетім-жесір, қолы қысқа адамдардың үйлері ең алдымен сыланады. Одан соң кезек ары қарай жалғаса береді.

Шығармашылық қызмет



1. “Оның жазылмаған өз ережесі бар” дегенде автор нені меңзеп отыр? Сен жасайтын махалла немесе ауылдың да өзіне сай заң-ережелері бар ма?
2. Қалай ойлайсың, неліктен ең алдымен жетім-жесір, қолы қысқа адамдардың үйлері сыланған?
3. Ауыл-махалладағы құндылықтарға тағы қандай мысал келтіре аласың?

Пікір қорыту үшін



2) Әсіресе біздің оқытушы ағайымыздың асарына көп адам жиналды. Оның үйі үлкен жолдың бойында еді. Нақ көшенің жағасынан лай жасайтын ор қазылған екен. Сабан да үлкен жолдың көпсіп жатқан топырағына араласып, әбден иі қаныпты. Ағайымыздың Әзім аға деген көршісі сылаққа басшы болды. Біреу шұңқырға түсіп, лай салып береді, екіншісі лайды шелектеп тасиды, үшіншісі үйдің төбесінде тұрып, лай толы шелекті ілгекпен тартып алады, ал қалғандары қабырғаны ынта-жігермен сылайды...

II тарау. Адам және қоғам



Шығармашылық қызмет

1. Көрші-қолаңның ұйымшылдығын қалай сипаттауға болады? Оларды біріктіріп, бастарын қосқан не?
2. Асардың жазылмаған қандай ережелері бар?
3. Неліктен мұғалімнің үйіне адам көп жиналған?

Пікір қорыту үшін



3) Күн сәскеге жетпей-ақ барлық жұмыстар атқарылып болды. Аула ортасындағы тұт ағашының саясында тамақтанып отырғанымызда, аулаға ағайымыздың қарт анасы кіріп келді. (Кейін естуімізге қарағанда, ол кісі осыдан бір апта бұрын жаңадан босанған қызының үйіне кеткен екен.) Кемпір аса таяғын тоқылдатып, тұп-тура ағайымыздың алдына барды. Ұлының сәлеміне жауап та бермей:

– Не істедің? – деп дүрсе қоя берді. – Сен не істеп қойдың?!

Барлығымыз аң-таң болып қалдық. Мұғалім өз оқушыларының алдында жігері құм болып, қызарып кетті.



Шығармашылық қызмет

1. Оқытушының қарт анасы неге ренжіген?
2. Неліктен мұғалім өз оқушыларының алдында ұятқа қалды?

Пікір қорыту үшін



4) ... – Мен не істеп қойдым, апа? – деді ол көздерін жыпылықтатып.

– Жап аузыңды! – Кемпір аса таяғымен жер нұқыды. – Сенің ақылың қашан кіреді, надан бала?!

Кемпір бетін Әзім ағаға қарай бұрды.

– Мынау ақымақтыққа жол берді дейін, сонда сен қайда едің? Неге көшеден лай алдырдың? Көшенің топырағына тиюге болмайды ғой, надандар! Бұл көпшіліктің ақысы емес пе?!

Кемпір бір сәт ентігін баса алмай, ырсылдап тұрды да, бірден жылап қоя берді.

– Мен ел-жұрттың ақысына сыланған үйде тұрмаймын! – деген ол сыпашаның жиегіне отыра кетті...



Шығармашылық қызмет

1. Оқытушының анасы топырақты “көшенің ақысы” деп айтты. Сен қалай ойлайсың, көшеде жатқан топырақ та біреулердің ақысы болуы мүмкін бе?

2. Ана: “Мен ел-жұрттың ақысына сыланған үйде тұрмаймын!” – дегенде нені меңзеді?

3. “Көптің ақысы”, “біреудің ақысы”, “жұрттың ақысы” деген сөз тіркестерін тағы қай жерлерде және қандай жағдайларда қолдануға болады?

Пікір қорыту үшін



5) ...Барлығымыз қайтадан үйдің төбесіне шықтық. Сылақ жасаудан гөрі кебе бастаған лайды көшіру қиын болып шықты. Лайдың бір түйірін де қалдырмай қырып алып, үйден түсірдік. Тағы да шелектеп тасып, көшедегі лай алынған шұңқырды қайта толтырдық.

Арадан бірнеше жыл өткен соң, қарт ана көз жұмып, бұл дүниеден кеткенде, қисапсыз адам жиналып, оны сол көшенің бойымен соңғы сапарға аттандырып салды.

Көшенің топырағы жылы да жұмсақ еді.



Шығармашылық қызмет

1. Егер сен сол оқиғаға куә болғаныңда не істер едің?

2. Төмендегі оқиғаны зер салып оқы. Оның жоғарыдағы оқиғалармен байланысты жері бар ма?

Пікір қорыту үшін



Көршінің ақысы

Көп қабатты үйдің 6-қабатында тұрамыз. Үйіміз орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған болса да, қысқа қарай жылуы төмендеп кетеді. Әкем амалын тауып үйді жылыту үшін арнайы маман шақырды. Өз ісінің кәнігі шебері Мұратжан ағай барлық құбыр-шүмектерді біріндеп қарап шықты да: “Көршілеріңіз жылыту қондырғысына қосымша қабырғалар орнатқан. Сондықтан пәтеріңізге жылу жақсы жетіп келмей тұр”, – деп нақтама қойды.



II тарау. Адам және қоғам

Сол күні әкем мен Мұратжан ағай қажетті құбырлар мен қосымша қабырғаларды орнатып болды. Сол арада анам: “Отағасы, балконды да біржолата жылитын етіп алайық”, – деп ұсыныс жасады. “Иә, айтқаныңызды істейміз, келін, үлкен үйден құбыр тартсақ болғаны”, – деді Мұратжан ағай да анамның ұсынысын құптап. Әкем біраз ойланып тұрды да: “Жоқ, болмайды, көршінің ақысы бар онда”, – деп қатаң жауап берді. Ал мен: “Балконға ыстық суды үлкен үйден алып өтсек, қалайша ол көршінің ақысы болады?” – деп ойланып қалдым.



Шығармашылық қызмет



1. Көршінің ақысы неде екенін сипаттап бер.
2. Кодпен берілген үзіндіні зер салып қара. Үзіндідегі “аманат” сөзін сен қалай түсіндің? Зәмира жеңгей: “Аманатыңды өзіңе тапсырайын”, – дегенде, нені меңзеген?

Пікір қорыту үшін



Базарға кіріп, сатушылардан бір матаны сұрадым. Дүкендер сол матаны тапқанша менің алдыма 20-ға жуық орамдағы кездемелерді жайып салды. Олардың арасынан біреуін ұнатып, сатып алмақшы болдым. Бағасы да ойлағанымдай екен. Сатушы:

– Сізге осы ұнап тұр ғой, ә? – деп сұрады.

– Иә, ұнады.

– Онда жолдың арғы бетіне өтсеңіз, анау көрініп тұрған дүкенде де нақ осы мата бар. Сол жерден сатып алыңыз.

– Жоқ, қойыңызшы. Барлық нәрсені осы арадан таптым, сіздің де көп уақытыңызды алдым. Неге енді басқа біреуден сатып алуға тиіспін? Неліктен өзіңізде бар матаны басқа біреуден сатып алуымды өтініп тұрсыз? Бұның сыры неде?

– Сол қарсы беттегі сатушы менің көршім еді. Байқап тұрмын, ол таңертеңнен бері әлі ештеңе сата алмады. Ал мен көп нәрсені сатып үлгірдім...



Шығармашылық қызмет

“Көршінің ақысы” әңгімесі мен кодпен берілген үзіндінің “Үй алма, көрші ал” деген мақалмен қандай байланыстылығы бар?

Руханият қазынасынан



Билесің бе, көршінің ақысы деген не? Жәрдем сұраса – жәрдем, қарыз сұраса – қарыз бересің. Кедейленіп бара жатса, үй шаруасына көмектесесің. Ауырып-сырқаттана қалса, көңілін сұрап тұрасың. Қайтыс болса, жаназасына қатысасың.

Бағы жанса, құттықтап қой. Басына қайғы бұлты орнаса, қайғысына ортақтас. Егер оның өзінен рұқсат болмаса, үйіңді көршінің үйінен биік етіп салма. Өйткені үйіңді зәулім етіп салсаң, оның әлденесіне тосқауыл боласың. Бірер еңбегіңнің жемісін алсаң, көршіңмен де бөліс. Егер бұның еш лажы болмаса, үйге әкелгеніңді көрмесін. Балаңның қолына жеміс беріп, көшеге шығарып жіберме, көршілеріңнің баласы көріп, көңілі өксімесін. Қазаныңда қайнап жатқан еттің иісі көршінің үйіне де жетіп барады. Бұл дұрыс емес. Егер әкелген ет-сүйектеріңнің бір бөлегін оған берсең, оның еш ұяты жоқ.



Шығармашылық қызмет

1. Төмендегі мәтінде оқып, тақырыпқа байланыстырып түсіндір:

Көршіміздің ауласында тойға дайындық басталды. Әкем үйден ерте-рек шығып, үлкендерге жәрдемдесуіміз керектігін айтты. Қарындасым Шәрипа беліне алжапқыш байлап, жәрдемге кірісті. Мен орындықтарды тасуға көмектестім.

– Сендер тойға келдіңдер, қонақ болыңдар! Қанеки, дастарқан басына отырыңдар! – деп көрші әйел ыңғайсыздана сөйледі.

2. Неліктен қыздың немесе жігіттің әдеп-құлқы махалладан сұрастырылады?

3. “Өз үйіңді өзің сақта”, “Қауіпсіз аумақ”, “Өнегелі махалла” дейтін ұрандардың қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудағы маңызы қандай?

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Өзбекстан Республикасының Конституциясынан махаллаға қатысы бар баптарды тап. Онда белгіленген ережелер сен тұратын жерде қай дәрежеде орындалып жатқанын түсіндір.

2. Неліктен тек өзіңнің махаллаға не ауылыңа ғана мейірімің ерекше болады? Еш ойлап көрдің бе, сені ауылыңмен не байланыстырып тұрады?

3. Ауылыңдағы шараларға қатысып тұрасың ба? Үлкендерден ауыл құндылықтарына қатысы бар жастық шақ естеліктері жөнінде интервью ал.

II тарау. Адам және қоғам

10-ТАҚЫРЫП. ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қоғамның рухани құндылықтарына нелер жатады? Қоғам руханиятының қалыптасуына ықпал жасайтын себепшарттарға ше? Пікіріңді негізде.
2. Адам және қоғам діни құндылықтарсыз жасай ала ма?
3. Ұлттық және әлемдік діндер жөнінде төменгі сыныптарда алған білімдеріңді еске түсір. Діннің қандай формалары бар?
4. Дін адам дүниетанымының қалыптасуына қаншалықты әсер етеді?
5. Сенің өміріңде қандай құндылықтар бар?



Пікір қорыту үшін



Қоғамымыздың рухани негіздері сан ғасырлар барысында ұрпақтар насихаты, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімділігі негізінде қалыптасып, дамыған. Ол адамның қаны мен жанына ананың сүті, отбасындағы тәрбие арқылы дариды.

Көптеген ғасырлар бойы халқымыздың жүрек төрінен орын алған ұлттық мәдениетіміз бен тұрмыс салтымыз, құндылықтарымыз, әдет-ғұрыптарымыз бен дәстүрлерімізсіз өмірімізді елестетудің өзі қиын.



Шығармашылық қызмет

1. Берілген суреттерді пайдалана отырып, адам руханиятының қалыптасуына ықпал жасайтын себепшарттарды көрсет.
2. Еліміздегі тарихи ескерткіштер, қолжазбалар, мультфильм қаһармандары руханияттың негізі бола ала ма? Сен бұлардың қатарына тағы нелерді қосқан болар едің?
3. 5-суреттегі өнерпаздардың істеріне баға бер.
4. 1-, 3- және 4-суреттердің өзара байланысы бар ма? Оларды не байланыстырады?
5. 1-, 4- және 5-суреттердің қоғамның рухани негіздерінің дамуына қандай әсері бар?





Тарихқа назар



1. Мына суреттердегі ортақ белгілерді және өзіндік ерекшеліктерді анықта. Олардың әлемдік және ұлттық діндерге қатыстыларын ажырат.
2. Суреттер негізінде діннің әлеуметтік өмірдегі орны мен маңызына шолу жаса.

Пікір қорыту үшін



Дін – араб сөзі, қазақшаға аударғанда **сенім, таным** мағыналарын білдіреді. Дін сонау ерте замандардан бері адамдарды әрқашан жақсылыққа, ізгі істерге жігерлендіріп отырған. Орталық Азия халықтары ортасында ислам діні де жоғары адамилық қасиеттердің қалыптасуына қызмет етіп келген.

Ғылым мен дін бірін-бірі әрқашан қолдап келген. Тарих беттерінде олардың қарым-қатынастары түрлі формаларда көрініс тапқан. Ежелгі Грекияда Сократ, Платон және Аристотель үшін ғылым мен дін дерлік бір сала – философия болған, ол “Физика” және “Метафизика” бөлімдеріне бөлінген. Бертін келе математика, астрономия және медицина дами бастағанда да ғылым мен дін ортасындағы өзара үйлесімділік сақталып қалған. Ғылым мен дін ортасындағы нақ осындай үйлесімділік Конфуций, Фараби, Ибн Сина, Әлішер Науаи және басқа Шығыс ойшылдарының қызметінен де айқын көрінеді.



Руханият қазынасынан

Сендердің жақсылықтарың – дүниенің ісі деп ақыреттен, ақыретті деп дүниелік істерден бас тартпағандықтарың және адамдарға ауыртпалықтарыңды артпағандарың.
Хадистен

Сұранысың түсетін ғылымды үйренуден әсте жалықпа!
Имам Ағзам Әбу Ханифа

II тарау. Адам және қоғам

Адамзат тарихынан жақсы білетініміз сол, әлемнің еш қандай аймағы да, халқы да өздерінің жеке және әлеуметтік өмірлерін белгілі бір дін мен сенімдер жүйесінсіз елестете алмаған.

Тарихи кезеңдердің барлық сатыларында қоғамның негізгі буындары өз қызметтерін жүргізу үшін белгілі бір діни сенімдерге сүйенген. Бұл жағдай барлық халықтар мен ұлттарға тән.

Дін, ең алдымен, осал, көңілі төмен және әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарды қорғағаны себепті қоғамның ауқатты бөлігі оны дереу қабылдай қоймаған.



Пікір қорыту үшін

“Егер адамдар әр түрлі діндерге табынып, әр түрлі мемлекеттерде өмір сүрсе де, әр түрлі тайпалар мен ұлттарға тән болса да, олар бәрібір адам ұрпақтары болып табылады...Олардың барлығы да бірін-бірі сүйі, қадір-абыройларын құрметтеуі және жалпыадамзаттық игілік ғасырын орнатуы ләзім”.

Діни бауырмалдық және өзге діндермен ымырада болу тақырыбын дамытқан А.Авлони өзінің “Түрки Гүлістан немесе ақылақ” атты шығармасында мұсылман діни ілімі исламға табынбайтын адамдарға орынсыз жәбір-жапа шектіруге, атап айтқанда, олардың қадір-құрметіне, мал-мүлкіне немесе өміріне қастандық жасауға тыйым салуы керектігін ескертіп өтеді.

Білесің бе?



Дін қоғамда ізгілікке ұмтылу, өзін рухани және дене тұрғысынан пәк ұстау, айналасындағыларға мүдделі болу, өмірді қадірлеу секілді ұнамды қасиеттерді насихаттайды. Дін адамдарды әрқашан жақсылыққа, ізгі жұмыстарға жігерлендіріп келген.

Әлемдегі дерлік әрбір халық белгілі бір дінге табынады, сол негізде қалыптасқан өзіндік әдет-ғұрып, дәстүрлері бар.



Руханият қазынасынан



Әбу Райхан Берунидің пікірінше, адамның негізгі міндеті өзін қоршап тұрған дүниенің сырларын үйрену болып табылады. Ғылымдардың жай-күйі де нақ осындай. Оларды адам баласының тұрмыстық сұраныстары туғызды. Соған сәйкес ғылымның да тармақтары тамыр жайды.

Шығармашылық қызмет



Төмендегі мәтінді оқы. Олар арқылы діннің қандай міндеттерді жүзеге асырып жатқанын анықта:

- яхудилік дінінің өкілдері бір идеология төңірегіндегі бірыңғай ұлт пен ұлыс иелері болып саналады, онда жалғыз құдай Йахвенің сүйікті пенделері екендігі ұқтырылады;
- христиандықта діни-архитектуралық, бейнелеу, музыка өнерлері пайдаланылады, икон жасаушылар мектептері жұмыс жүргізеді.

Білесің бе?



Барлық діндер ізгілікке қызмет етеді

Кейбір адамдар дінді арам ниеттеріне пайдаланып келеді



II тарау. Адам және қоғам



Шығармашылық қызмет

1. Арман емтиханнан қанағаттанарлық емес баға алды. Ол бағасын түзету үшін мұғалімге сыйлық ұсынды.

2. Әліби дәрігердің қабылдауына барды. Қабылдау қорытындысында ол дәрігердің қалтасына ақша салып қойды.

3. Әлима жол қозғалысы ережесін бұзды.

Әрбір оқиғаға өз көзқарасыңды білдір. Бұндай оқиғалар қоғамның рухани негіздеріне қандай әсерін тигізеді? Қоғамның дамуына ше? Сенің отбасың үшін ше? Әрбір оқиға дами берсе, оның соңы қандай салдарға соқтыратынын шамалап көр.

Пікір қорыту үшін



Дін адамдардың дүниетанымын қалыптастыру, демеу болу, бірлестіру, басқару, коммуникативтілік, рухани-тағылымдық тәрбиелеу міндеттерін атқарады. Дін әлемнің және адамзаттың қалай пайда болғанын ғайыптық тұрғыдан түсіндіріп береді.

Діннің демеу болушылық міндеті: Адам баласы басына бірер қайғы-қасірет, қиыншылық түскен кезде өзіне діннен жұбатушылық, көңілге демеу берушілік, тағдыр сынына төтеп берушілік күш тапқан.



Дін бірлестірушілік міндетті атқарып, адамдар ортасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қызмет етеді. Әрбір дін өзіне табынушыларды өз ережелеріне мойынсұнуға шақырады, бұл ережелерге адал болуға жігерлендіреді және осы жолмен адамдарды бірлестіреді.

Дін өзіне табынушылардың тұрмыстарын **ретке салу** міндетін де атқарады. Бұл міндет ақылақ нормалары негізінде жүзеге асырылады. Дін ақылақ нормаларын реттейді, адал мен арам, сауап пен күнә не екенін белгілеп береді.



1

Діннің коммуникативтік міндеті: салт-ғұрыптар, салтанаттар мен мерекелерді бірігіп өткізуге, туысқандық, достық, діндестік байланыстарды нығайтуға шақырады.

Дін адам өмірінің ізгілік мәнін айқындайды. Бұл оның **рухани-ақылақтық** тәрбиелеу міндетінен айқын көрінеді.



2



3



4



Шығармашылық қызмет

1. Жоғарыдағы 1- және 2-суреттер негізінде діннің міндеттерін сипаттауға әрекет жаса.
2. Осы суреттерді негізге алып ғибадатханалардың неліктен көрнекті, сәулетті етіп салынатын себептерін атап көрсет.
3. “Дін жалпыадамилық және ұлттық құндылықтарды сақтап қалу мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ісінде айрықша маңызды” деген пікірге өз көзқарасыңды білдір.
4. Дін қоғамды тағы қандай міндеттерді атқарады?

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Дін кемел адамды тәрбиелеуде қандай рөл атқарады?
2. “Қоғамның дамуы мен өркендеуі үшін адамдардан әрқашан ізгі амалдарды орындау талап етіледі” деген пікірді негіздеп бер.
3. Дін мен рухани құндылықтар ортасында қандай байланыстылық болуы мүмкін?
4. “Дін ежелден адам руханиятының құрамдас бөлігі болып келген”. Осы сөйлемге өз көзқарасыңды білдір.

11-12-ТАҚЫРЫП. ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ




Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. XX–XXI ғасырларда салынған төмендегі ғибадатханалардың сәулет үлгісіне назар аудар және діннің мәдениеттің дамуында қандай рөл атқаратыны жөнінде мәлімет бер.

2. Дін оған сиынушылардың рухани өміріне, әлеуметтік өмір салтына кіріп баратыны жөнінде мәлімет бер.

3. Пікіріңді діннің мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту, ғылыми-рухани мұраны ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру сынды міндеттерімен байланыстырып түсіндір.



Пікір қорыту үшін



Мәдениет адамның және қоғамның өмірінде маңызды орын иелейді. Дін сиынушылардың әлеуметтік, этникалық және рухани өміріне ықпал жасайды. Ал бұл діннің әлем халықтарының мәдениеті, әдебиеті мен өнері тақылеттес салаларына бойлап енуінен көрініс табады.



Шығармашылық қызмет



Тарих пәнінен алған білімдерің негізінде “Ислам мәдениетінің астанасы” атағын алған қалалардың тізімін жаса.

Олардың тарихы жөнінде мәлімет бер. Бұнда қалалардың ISESCO тарапынан “Ислам мәдениетінің астанасы” болып жариялануына қатысты талаптарды пайдалан.

Шығармашылық қызмет



1. Дін жазу, кітап басу және өнердің дамуы сияқты істерге қандай үлес қосқан?

2. “Сен тарихы бай, ұлы ұлттың перзентісің”, “Сен ұлы ойшылдар мен ғұламалар жасаған өлкеде туылғансың” деген сөздерді естігеніңде, жүрегіңнің төрінде осы Отанда, осы елде өмір сүріп жатқаныңа мақтаныш сезімі оянып, тұла бойыңды қуаныш сезімі кернейтіні рас па? Пікіріңді негізде.

3. Назар аударған болсаң, осыдан шамамен 1000 жылдай бұрын өмір сүрген бабаларымыздың ғылыми мұрасы жөнінде көп айтылады. Ойлап көрші, тағы 100 жылдан соң сен туралы ұрпақтарың не айтады екен?



Руханият қазынасынан



Еуропаның барлық салалар бойынша алға басуында Ислам мәдениетінің сіңірген қызметі өлшеусіз. Оның Еуропа дамуына үлкен ықпал жасаған мықты шығармалары бар... Еуропаға өмір сыйлаған тек табиғи ғылымдар ғана емес, сонымен қатар Ислам мәдениеті бұл өлкеге алғаш нұр шашқан кезден бастап-ақ өз ықпалын жан-жақты жүргізген болатын.

*Роберт Брифффаулт,
“Адамзаттың жаралуы” атты кітабынан*

Тарихқа назар



Ұлыбритания Парламенті Лордтар палатасының өкілі лорд Мухаммад Илтаф Шайх: “Егер Ұлықбек қазір тірі болғанда, өзбектер бірінші болып Айға саяхат жасаған болар еді. Әл-Хорезми болмағанда, заманалық технологиялар да болмас еді. Бүгінде Еуропа Ибн Сина шығармалары негізінде медицинаны үйреніп жатыр. Біз радикалдануда Өзбекстан мәдениетіне қарсы күреспеуіміз керек. Сіздер Имам Бұхари хадистерін ағылшын тіліне аударып, сипаттап беріңіздер. Біз бұл кітаптармен агрессияға қарсы күресеміз”.

Өзбекстан және Ұлыбритания зиялылары мен діни сала өкілдерінің кездесуінен.

2018 жылғы 1 наурыз, Лондон

II тарау. Адам және қоғам

Пікір қорыту үшін



Христиан дінінде музыка өнеріне өзіндік көзқарас қалыптасқан. Православие, католик және протестант құлшылық ету салтанаттарында сүйемелдейтін вокалдық, акапелла және инструменталдық музыка “Шіркеу музыкасы” ретінде орындалады. Бұл дінде музыканың мақсаты адамды ізгілікке шақырудан тұрады. Музыканы қолдану әдісі адам жүйкесіне кері әсерін тигізбеуі, әннің мазмұны діни қағидаларға қайшы келмеуі маңызды болып саналады. Музыка діни рухтағы мәтіндерге байланысты болады, олар шіркеу қызметтері кезінде де, күнделікті өмірде де қолдана беруге арналған.

Яхудилік дінінде де музыка айрықша орын иелейді. Аңыздарға қарағанда, Мұса пайғамбар қауымы Қызыл теңізді қиып өткен соң, жау әскерінің қырылғанын көріп, Мұсаның (а.с.) басшылығымен бүкіл қауым болып “Теңіз әнін” орындаған. Бұл дінге орай, музыканың адамның рухы мен көңіл-күйіне ықпалы айрықша. Атап айтқанда, музыка адамды Құдай мен оның кітабына жақындатуы немесе керісінше алыстатуы мүмкін.



Білесің бе?



Өзбекстан халық әртісі, академик, әнші, жыршы әрі күйші, өзбек музыка мұрасын жинақтаушы **Юнус Ражаби** бірқатар ежелгі өзбек халық күйлері мен әндерін қайта өңдеген. Ол халық күйлері мен әндерін нотаға түсіріп жазған.


Юнус Ражаби 5 томдық “Өзбек халық музыкасы” жинағын баспадан шығарған. Бұл жинаққа мыңға жуық түрлі жанрлардағы күйлер мен әндер енгізілген. Ол “Шашмақомның” жаңа басылымы мен грампластинкалық жазулардың жетілдірілген жинағын жасады.



Иоганн Себастьян Бах аса танымал композиторлардың бірі болып табылады. Бахтың 300-ге жуық діни кантатасы, хорға арналған ораториялары (“Иоанн бойынша толғаулар”, “Матвей бойынша толғаулар”, “Н-молл үлкен мессасы”, “Магнификат”) айрықша орын иелейді. Бұлардың тақырыптары Інжілден алынған, мазмұнында адамилық, өмірден ләззат алу, жоғары әсемдікке ұмтылу, шаттық пен күйініш сезімдері өз бейнесін тапқан.



Тарихқа назар



Эбу Насыр Мұхаммад Фараби – Шығыс музыка теориясының негізін қалаушылардың бірі. Ол “қонун” және “гижжак” музыка аспаптарын ойлап тапқан. Фарабидің эстетикалық көзқарастары негізінен музыка өнерінің теориясы мен қолдану практикасын жасап шығаруға бағытталған болатын. Ол “Музыка туралы үлкен кітап”, “Музыка жайлы пікірлер”, “Ырғақтарды классификация жасау жөніндегі кітап” рәуіштес шығармалар жазды. Ал музыка эстетикасына байланысты ділгірліктер “Ілімдер классификациясы кітабында” жазылған. Ол өз заманындағы барлық шекті музыка аспаптарында ойнай білген. Әсіресе күйлерді най және танбур аспаптарында асқан шеберлікпен орындаған.



Руханият қазынасынан

Ислам діні ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің дамып, алға басуына ешқашан бөгет жасамаған. Тіпті үлкен шектеулер қойылған кездерде де тың идеялар мен әдістерге жол ашып, өнердің өзгеше бағыттарының дамуына қолдау көрсетті.

Алла тағала пенделеріне көру үшін көз берді, иіс сезу үшін мұрын берді, қол мен аяқты берді. Көз де, құлақ та дүниенің ең асыл байлықтарын пайдаланады, құлақтың арқасында адам баласы ең тамаша әуендерді, мазмұнды сұхбаттарды тыңдайды. Құлақтың құрышын қандыратын нәрселер жақсы әуендер мен үздік әндер болып табылады. Сонда біз неліктен музыканы арам деп санаймыз?

Имам Ғаззоли, “Thyoi ulumid din” кітабы, 2-том

Шығармашылық қызмет




1. Адамзаттың қызметіне байланысты қандай әндерді білесің? Неліктен адамдардың көпшілігі ризалығын білдіру үшін ән айтқысы келеді? Сенде де осындай жағдайлар болған ба? Сен қандай әнді орындап бере аласың?

2. Інішегіңе айтылған әлдидің әсерімен ұйықтап қалған кезің болды ма? Әлдидің сөздерін есте сақтап қалдың ба?

3. Неліктен дүние жүзі мемлекеттерінің өз әнұрандары бар? Неге олар күйге салып орындалады? Әнұранда нелер туралы жырланады?

4. Қандай музыкалар адамның көңіл күйіне кері әсер етеді?



II тарау. Адам және қоғам



Пікір қорыту үшін

Ибн Сина музыканы математикалық білімдер санатына қосқан. Ол музыкаға дыбыстарды зерттейтін, олардың үндестігі нәтижесінде күй туғызатын пән ретінде қараған. Пифагор теориясына сәйкес ол музыка сандарға тиесілі және олармен тығыз байланысты деп санаған.

Ибн Сина музыканы қоғамтану, неврология, поэзия және физиология пәндері тұрғысынан да зерттейді.

Фараби мен Ибн Синаның музыкалық аспаптарды үйренуге байланысты жұмыстары нәтижесінде музыкалық аспаптар жасау іліміне негіз қаланған.

Әлішер Науаидың “Мажолис ун-нафоис” шығармасында айтылуына қарағанда, ғижжакта ойнай білу барлық сарай музыканттары үшін шарт болған.


1. Сен қайсы музыка аспаптарында ойнай аласың? Музыка тыңдағаныңда бойыңда қандай өзгерістер байқалады?

2. Ибн Сина неліктен музыканы математика, қоғамтану, неврология, поэзия және физиология пәндерімен байланыстыра зерттеген? Пікіріңді негізде.

3. Қосалқы қайнарлардан Фарабидің музыкатануға қызығуын негіздейтін мәліметтер тап.

4. Музыканың адамның жүйке жүйесіне ықпалын зертте. Қайнаркөздермен ортақтас.

5. Музыканың адамға кері әсерін тигізуі мүмкін бе? Пікірлеріңді негізде.



Шығармашылық қызмет



1. Еш қызығып көрдің бе, тағы қайсы ғұламаларымыздың қызметі музыкамен байланысты болған?

2. Сен қандай музыканы тыңдағанды ұнатасың?

3. Шашмақом туралы естіген боларсың? Оның өзбек музыка өнерінде иелейтін орны қандай?



Руханият қазынасынан

Хишом ибн Урва айтады: “Айша розиаллоһу анхо бір келінді бір ансорлық күйеудің құзырына алып барды. Расулуллаһ мырза: “Ей, Айша, музыка шертіп, ойын-күлкімен шығарып салдыңдар ма? Ансорлар музыка шертіп, ойын-сауық құрғанды ұнатады”, – деді”.

Имам Бұхари, “Неке кітабы”, 5162-хадис

Пікір қорыту үшін



Имам Әбу Ханифаның бір көршісі болған екен. Олар күн сайын музыка шертіп, ән салатын көрінеді. Күндердің бірінде ән айтылмай қалыпты. Бұған қайран болған Имам Әбу Ханифа әлденеден қауіптеніп, сұрау салады. Көршісі әлдеқандай бір себеппен қамалып қалған екен. Әбу Ханифа дереу оған кепіл болып, қамаудан босатып алады.

Әбу Ханифа, “Тазкиратул хамдуния” кітабынан



Шығармашылық қызмет

1. Әлішер Науаидың пікірлерін жоғарыдағы мәліметтермен байланыстырып түсіндір.

“Олар айтады екен, рубаб бейне адалдық есігінің кілтiне ұқсайды, егер оның әсерiнен жүрегімізге шат көңiл-күй дарыса, одан асқан керемет жоқ”.

“Насойим ул-мухаббат” шығармасынан.

2. Имам Бұхари, Әбу Әли ибн Синалар өмір сүрген замандардағы қоғамда діннің орны қандай болғанына баға бер, сондай-ақ нақ сол кезеңдегі адамдардың музыка мен өнерге көзқарасын сипаттауға әрекет жаса.

Пікір қорыту үшін



Аңыздарға қарағанда, Фарабидің музыканы өте тамаша шертетінін естіген қала билеушісі ғұламаны өзінің құзырына шақырып алып:

– Сен сондай бір ғажайып музыка шерт, мына отырған біздер ахахалап күлейік, тіпті денелеріміз де селкілдеп кетсін, – деп бұйырады.

Фараби расында да шек-сілені қатыратын әуен шертіп, баршаны күлдіреді.

– Енді, – дейді билеуші бойын билеген күлкісін әрең тоқтатып, – сен бізді жылатып жіберетін музыка шертіп бер.

Фараби өте қайғылы бір музыканы орындайды, оны тыңдағандардың барлығы жылай бастайды. Жылауын әрең тоқтатқан билеуші көзінен сорғалаған жастарын сүртіп, енді баршаны ұйықтатып тастайтын музыка орындауды бұйырады. Фараби қолына өзге бір қарапайым ғана музыка аспабын алып, соншалықты жұмсақ әуезді күй орындайды, сосын отырғандардың барлығы да ұйқыға шомғанын пайдаланып, сарайдан шығып кетеді.



Білесің бе?

Хорезмнің лазги биі ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени ескерткіштерді қорғау бойынша үкіметаралық комитетінің қаулысына орай, адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізілген.



II тарау. Адам және қоғам

Пікір қорыту үшін



Әлішер Науаи кітапқұмарлар қауымымен өте жақын қарым-қатынаста болған. Бертін келе оның жеке кітапханасында сол заманның ең әйгілі суретшісі Камолитдин Бейзод пен оның шәкірттері, Сұлтанәлі Машһади және оның ізбасарлары шығармашылықпен айналысқан. Бізге ұлы ақыннан жалғыз ғана “Шынжырланған арыстан” картинасы ғана жетіп келген. Ол өз заманындағы кітапқұмарлар тобының ұстазы болудан тыс, осы саланың нағыз білімдары да еді.



Орта ғасырлардағы Шығыс миниатюра өнері.



Білесің бе?

Самарқандтың муфтийі болған Маһмудқожа Бейбудидің “Падаркуш” шығармасы ең алғашқы өзбек драмасы болып саналады. Бұл шығарма XX ғасырдың басындағы рухани ортаға қатысты ділгірліктерді бейнеледі, онда сауатсыз, ашуланшақ және надан баланың өз әкесін өлтіргені жөнінде әңгімеленеді.

Маһмудқожа Бейбуди бұл шығармасының мазмұнын “ұлттық трагедия” деп атап көрсеткен болатын. Драма 1914 жылы 25 қаңтар күні Самарқандта қойылған болса, кейінірек Ташкентте қайта сахналастырылды.



Шығармашылық қызмет



1. Өз заманында муфти болған Маһмудқожа Бейбудидің: “Театр – үлгі-өнеге отауы”, – деген пікірін негіздеп бер. Бүгінгі таңда театрды қандай жасампаз идеяларды насихаттау ісінде пайдалануға болады? Әлемдік діндер театр өнеріне қандай көзқарастар білдірген?

2. Дін жасампаз идеяларға қарсы шығуы мүмкін бе?



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Сократтың төмендегі пікірін оқып ал және рухани мұраның ұлттық дәстүрлермен байланыстылығын негіздеп бер: “Мен ертедегі данышпандардың өз шығармаларында бізге қалдырып кеткен ақыл-ой маржандарын көзден өткіземін; егер біз олардың арасынан бірер жақсы нәрсеге кезіксек, оны игеріп аламыз және одан өте үлкен пайда алған болып саналамыз”.

2. Дін мен руханияттың егіздігі туралы өз тұжырымыңды айт.

13-14-ТАҚЫРЫП. ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ИДЕЯЛАРЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамгершілік неден көрінеді? Қоғамда адамгершіліктің жоқтығы нелерге соқтырады?
2. Адамгершілік пен бейбітшілікті сақтау жауапкершілігі ортасындағы байланыстылық неде деп ойлайсың?
3. “Бір күн ұрыс-жанжал болған жерден қырық күн береке кетеді” деген ұлағатты сөздің мағынасын білесің бе?
4. Ұрыс-керіс пен бұзықшылық қандай салдарға соқтыратыны туралы өз пікіріңді білдір.

Пікір қорыту үшін



Кез келген дін өз ізбасарларын бейбітшілік пен адамгершілікке үндейді.



Ғылымменбілім, мәдениет, экономика, руханият және басқа барлық салалардың дамып, алға басуы бейбітшілік пен тыныштыққа байланысты.



Барлық діндер нақақ қан төгілуіне, соғыс өртін тұтандыруға және лаңкестікке қарсы.



Руханият қазынасынан


Кемшіліктерің мен нұқсандарыңды көрсетіп, сені кейіген данышпанның етегінен мықтап ұста. Өйткені ол сені қазынаға алып бара жатқан жолбасшыға ұқсайды және сен бұдан сірә кем болмайсың.

Будда

II тарау. Адам және қоғам



Білесің бе?



Христиандық әлемдегі ең кең тараған дін болып саналады. Тарихта аталмыш дінді бетперде етіп жауыз ниеттерге, басқыншылық мақсаттарға пайдаланғаны, “Крест жорықтары”, “Инквизиция” деген атаулар бойынша көптеген қалалардың ойран болғаны, сан мыңдаған адамдардың қырғын тапқаны белгілі.

Негізінен алғанда, христиандықта ешкімге жамандық жасамау жайлы білім беріледі.

Бұл дін де өзге діндер секілді баршаны бейбітшілікке, жақсылық жасауға және ізгілікке шақырады.

Ислам дінінде христиандарды насранилер деп атайды. Бұл атау Иса пайғамбардың Назарет деген елді мекенде туылуына байланысты келіп шыққан.

Руханият қазынасынан



Ешкімге жамандығы үшін жамандықпен жауап беруге болмайды. Барша адамдардың көз алдында жақсылық жасауға ұмтылыңдар. Егер лажы болса, қолыңнан келгенінше барлық адамдармен тату-тәтті өмір сүріңдер.

Жаңа Анд. Римдіктерге хат, 12-тарау



Пікір қорыту үшін

Халық арасында қаскөйлікті өршіту, жала жауып, өсек-аяң тарату жолындағы ұмтылыстар, бейбітшілік пен тұрақтылықты ізден тайдыратын оқиғалар немесе әрекеттер исламның мәніне мүлде қарама-қайшы.

Білесің бе?



Будда ілімінің өзіне тән ерекшеліктері барлық жанды нәрселерге сүйіспеншілікпен қарауды насихаттау, ақыл-ес нұсқауларына мойынсұну және сезімге берілмеу болып табылады. Адамгершілік пен ізгілік идеялары буддизмнің “Панча шила” (санскритше – бес насихат) ережелерінде де көрініс тапқан.

Оған орай, буддист адам өлтіру, ұрлық, жалған сөйлеу, масайтатын нәрселерді қолдану сияқтылардан аулақ болуы және сақтануы керек. Бұл дінге табынатын әрбір адам өзгелердің бұйымына көз алартуы, біреуге жиіркенішпен қарауы мүмкін емес. Ол тек әділдік жөнінде ойлауға, лайықты адамдардан өз жақсылығын аямауға және ақылақ ережелеріне мойынсұнуға тиіс деп саналады.



Пікір қорыту үшін



Ұлттық діндер қатарына жататын буддизм мен жайнилікте бейбітшіліксүйгіштік идеялары, сондай-ақ “ахимса” – күш қолданбау ілімі де жарқын көрініс тапқан. Оған орай, жер жүзінде бұзықшылық жасауға, тек адамдарға ғана емес, тіпті басқа жанзаттарға да азар беруге тыйым салынады. Аталмыш ілім зорлыққа зорлықпен жауап беруді, соғыс ашқандарға қарсы соғыс ашуды да қаралайды.

Ахимса тек адамдарға ғана емес, барлық жанды тіршілік иелеріне де күш қолданбау ілімі болып саналады.

Экологиялық мәдениет пен ежелгі үнділердің Ахимса ілімі ортасында қандай үйлесімділік бар? Мысал келтір.

Орталық Азияда дүниеге келген зардуштилік діні де өзінің адамгершілік сипатымен ерекшеленіп тұрған. Онда бейбітшіліктің маңыздылығы бойынша пікірлер айтылған. Бұл дінде әрбір зардуштиге міндетті нәрселердің қатарында малды талан-таражға салмау, қирату мен ойрандаудан тыйылу да атап көрсетілген.

Үш топқа бөлініңдір. Зардуштилердің “Ізгі ой, ізгі сөз, ізгі амал” идеясын әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірмен байланыстырып, әрқайсысына 5-ден мысал келтіріңдер.

Мысалы:

- 1-топ. Әлеуметтік өмірде – көршілік қарым-қатынастар, ...
- 2-топ. Экономикалық өмірде – кәсіпкердің нарық-бағаны жасанды түрде қымбаттатып жібермеуі, ...
- 3-топ. Саяси өмірде – аймақта бейбітшілікті сақтау, ...



Ашық, жариялы түрде өткіз.

Естігендерің негізінде “Ізгі ой, ізгі сөз, ізгі а мал” идеясын заманауи өмірге енгізу жолдарын белгіле. Бұл міндетті орындау кезінде адамгершілік қағидаттарға сүйен.

II тарау. Адам және табиғат

Пікір қорыту үшін



Бейбітшілік идеясына аса үлкен көңіл бөлген діндердің бірі – ислам діні. “Ислам” сөзінің мағыналарының бірі де бейбітшілік болып табылады.

Бейбітшілікті қадірлеу, бей-біт те алаңсыз өмір сүру үшін шүкірлік ету оны сақтап қалу мен нығайтудың қажетті шарттарының бірі саналады.

Ислам дінінің қасиетті қайнарларында бейбітшілікті ынтымақтаса отырып қамтамасыз ету насихатталады.

Ислам ілімінде мәеленің бұл жағына да айрықша назар аударылған. Ислам ілімі ұлы жемістердің бірі болып табылатын бейбітшілік пен алаңсыздықтың қадіріне жетуге, сергек те қырағы болуға шақырады.

Салғырттық, енжарлық, бейғамдық, шүкіршілік етпеу емес, керісінше берілген игілікті атап өту, оның қадіріне жете білу, әспеттеу, көздің қарашығындай сақтау сияқтылар шүкіршіліктің негізгі мәнін құрайды.



Өзара келіспеушіліктерді жарасу, келісімге келу жолымен шешіп, қоғамдағы бейбітшілікке қатер төндіруге, жауыздық пен зорлық-зомбылықты жалғастыра беретіндерге қатаң әрі шұғыл шаралар қолдану қажет.



Шығармашылық қызмет



1. “Бейбітшілікті сақтауға әрбір адам жауапты, оны сақтап қалу мен нығайтуға әркім өз үлесін қосуы қажет” деген пікірді парталас досыңмен бірге талқыла және бұл үдеріске өзіңнің қандай үлес қоса алатыныңды айт.

2. Төмендегі мәтінді оқы және оның тақырыпқа байланыстылығын түсіндіріп бер. Кейбір аумақтарда тыныштық бұзылып, тұрақсыздық, жауыздықтар орын алғанда біздің елімізде де бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз ету өздігінен болмай жатқанын аңғаруға, өзара татулық пен ынтымақ-бірлікті одан әрі нығайта түсуге шақырады.

Шығармашылық қызмет



1. Егер қоғамда самарқаулық, енжарлық, бейшүкірлік, өзара қайшылықтар, өшпенділік және зорлық-зомбылық күшейіп кетсе, бұл қандай салдарларға соқтыруы мүмкін? Сен бұндай жағдайлардың алдын алу үшін не істей аласың?

2. “Бір күн ұрыс-керіс болған үйден қырық күн береке кетеді”. Бұл нақылды қоғамға қатысты қолдануға бола ма?



Білесің бе?



Біз қасиетті дінімізді ежелгі құндылықтарымыз жиынтығының бейнесі ретінде шексіз қадірлейміз. Біз қасиетті дінімізді зорлық пен қантөгістің қатарына қоятындарды қатаң қаралаймыз және олармен ешқашан ымыраға келе алмаймыз.

*Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің
2017 жылғы 19 қыркүйекте өткен БҰҰ-ның
72-сессиясындағы сөзінен*

Шығармашылық қызмет



1. “Екі игілік бар, көптеген адамдар олардың қадіріне жете бермейді. Ол – алаңсыздық пен аман-саулық” деген өнегелі сөздің мазмұнында қандай үйлесімділік бар?

2. Елімізде бейбітшілік пен денсаулықты сақтау бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

3. Жастар кемелдігін оқу-ағарту негізінде қалыптастыру мен тәрбиелеудің маңызды факторы ретінде діннің де өзіндік орны бар. Сеніңше, дін, оқу-ағарту ісі мен тәрбие ұғымдары мән-маңызы тұрғысынан бір-біріне жақын ба? Пікіріңді негізде.

4. Төмендегі суреттерді адамгершілік идеяларымен байланыстыр.



II тарау. Адам және қоғам

Пікір қорыту үшін



Әлемдегі соғыс өрті алаулап тұрған мемлекеттерде қаншама күнәсіз адамдар қаза тауып жатыр. Мамандардың есептеулеріне қарағанда, тек бір Ауғанстанның өзінде соңғы жеті жыл ішінде 15 мыңнан астам бейкүнә адам о дүниелік болған.

Соңғы тоғыз жылдың ішінде Иракта 162 мың адам қырылған.

Сириядағы қанды қақтығыстарда 120 мың адам жанжалдар құрбаны болды, 6,5 миллион адам үйлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Екі миллионнан астам азамат өзге елдерге қашып кеткен.

Бұндай деректерді Африка мемлекеттері мысалынан да келтіруге болады. Бұл цифрлар ауыздан әп-сәтте шығып кеткенімен, асықпай ойланып, себеп-салдарын тереңірек талдасақ, әрбір цифрдың артында адамдар тағдыры тұрғанын көреміз.



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. “Бейбітшілікті сақтауға әрбір адам жауапты, оны сақтап қалу мен нығайтуға әркім өз үлесін қосуға тиіс” деген пікірді сипатта.

2. Еш ойлап көргенбісің, сенің жайбарақат өмір сүруің, мектепке қатынауың, демалып, тынығуың, теледидар қарсысында отырып, өзің ұнатқан хабарларды тамсана тамашалап отыруың үшін қаншама адам өз рақаты мен ләззатынан бас тартуы керек?

3. Салғырттық, самарқаулық, парықсыздық, бейшүкірлік секілді дерттер бейбітшілікке қаяу салуы мүмкін бе? Пікіріңді мысалдармен дәлелде.

4. Төменде берілген суреттер негізінде бейбітшілік пен алаңсыздықтың бағасын айқында.



15-ТАҚЫРЫП. ЕҢ ҮЛКЕН МҰРА



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сен үшін ең үлкен мұра не?
2. Перзентке ата-анасынан нелер мұра болып қалуы мүмкін? Сен ата-анаңнан нені мұра етіп алған болар едің?
3. “Ол сондай мұра, оны қанша пайдалансаң – сонша көбейеді, пайдаланбасаң – өзінен-өзі жоғала береді...” Қалай ойлайсың, бұл сипаттаманы адам тәрбиесіне қатысты қолдануға бола ма?
4. Адам өз өмірі барысында үйреніп, еңбек етіп, жинақтаған өмірлік тәжірибесі нәтижесінде өзінен кейінгі ұрпақтарға қалдыратын мұралар арасында ең керектісі қайсы деп ойлайсың? Пікіріңді негізде.
5. Жастардың бақыты мен игілігі үшін ең қажетті қасиеттер қайсы? Олардың қажеттілігі неде?

Пікір қорыту үшін



Адамның руханияты оның алған тәрбиесі қай дәрежеде екендігін аңғартады. Тәжірибелі және руханияты жоғары адам өзінің іс-әрекеттерімен қоғамға пайда келтіреді және оның белсенді мүшесіне айналады. Шынайы білім мен тәрбие алған адамдар ізгі де қайырлы істерді орындауға қабілетті болады. Әрбір адам өзінің қабілетіне, дарыны мен ұмтылысына сай белгілі бір дәрежеге қол жеткізеді. Ақылақ қағидаттарын игерген адамдар ғана шынайы тәрбие қазынасына ие болады.



Шығармашылық қызмет

1. Біз қандай адамды әсем тәрбиелі адам деп атаймыз?
2. Егер адам өте бай, келбетті, текті тұқымнан болса, оны шынайы әрі ақылды деп айтуға бола ма? Жауабыңды негізде.
3. Сыныптастарыңмен бірге сыныптың “Ақылақөлшемдерін” жасаңдар.
 - а) әрқайсысың дәптерлеріңе өздеріңе ұнайтын 10 өлшемді жазып қойыңдар.
 - ә) парталасыңмен бірге талқылап, 5 жалпылама және міндетті деп санайтын 2 өлшемді қалдырыңдар.
 - б) талқылауды 6 адамдық топта жүргізіңдер және 7 жалпылама, 3 міндетті өлшемді қалдырыңдар.

II тарау. Адам және қоғам

в) үлкен үш топқа бірігіп, 10 жалпылама және 5 міндетті өлшемдерді бөліп алыңдар.

г) әрбір топтың таныстырылымын дайындаңдар. Топтар білдірген ұсыныстарды біріктіріңдер. Олардың арасынан негізгі деп саналған 10 өлшемді қалдырыңдар. Оларды дауысқа қойып бекітіңдер.

4. Қабылдаған өлшемдеріңді өздерің орындай аласыңдар ма? Қандай бөгеттер бар?



Руханият қазынасынан

Әңгіме

Патшаның екі қызметкері бар еді. Бірі көріксіздеу, ал екіншісі керісінше – келбетті болатын. Күндердің бірінде патша оларды сынау үшін құзырына шақырды және келбетті қызметкерге қарап:

– Серігің жөнінде не айта аласың? – деді.

Сонда ол:

– Оның мінез-құлқы өте жаман. Өзі сенімсіздеу. Қолынан кез келген жамандық келуі мүмкін, – деп жауап берді.

Патша екінші қызметкерді жанына шақырып, одан:

– Серігің туралы не айтасың? – деп сұрады.

– Уа, тақсыр! Мен серігім жайлы бір ауыз да сөз айта алмаймын. Мен оның тек жақсылығын ғана көрдім, – деп жауап берді ол.

Содан соң патша тағы да сұрақ қойды:

– Ол сен жөнінде жаман пікір білдірді, бұған не дейсің?

– Патшам, ешбір пенде айыпсыз болмас. Мен өз кемшіліктерімді мойындаймын.

Ойланып қалған патша келбетті қызметкерді шақырып, оған:

– Жүрегің таза емес екен. Маған жәрдемші бола алмайсың. Дереву көзіңді құрт! – деп бұйырды. Сосын екінші қызметкерге бұрылып:

– Сенің жүрегің сыртқы келбетіңнен де таза екен! Сен менің сенімді адамым боласың, – деп сенім білдірді.

Шығармашылық қызмет



1. Төмендегі мәтінге негіздей отырып, сұрақтарға жауап бер.

Өз заманының ірі саудагерлерінің бірі перзентіне бастауыш білім беру үшін ұстаз жалдап, ұлының сауатын ашуды өтінді. Ұстаз баланы оқытуды бастады. Бала әкесіне кітапты судыратып оқып беретін болды. Сонда саудагер қалтасынан 500 динар алып, ұстаздың алдына қойды. Ол заманда 1 динар теңге 5 грамм алтынға немесе үлкен бір қойдың бағасына тең болатын.

Ұстаз бұдан ұялып, саудагерге өте көп ақша бергенін, тіпті бір динар да көптік ететінін айтты.

– Ұстаз, сіз өз қызметіңізді жеңіл деп санамаңыз. Қазірше жанымда бары осы. Егер жанымда бүкіл малым болғанда да, бәрін аяғыңыздың астына тастаған болар едім. Сіз ұлыма білім алуды үйреттіңіз, – деді саудагер ризашылық сезімін жасыра алмай.

2. Саудагердің: “Ұстаз, сіз өз қызметіңізді жеңіл деп санамаңыз” деген пікірін мұғалімдеріңнің білім үйрету жолындағы машақатты еңбегімен байланыстыра түсіндір.

3. Әбу Ханифа Имам Ағзамның: “Он жыл аш жүрсең де, білім мен өнер іздеу жолынан қалма” деген пікірін өз келешегіңмен байланыстырып түсіндір. Білімсіз әрі қолында ешқандай өнері жоқ адамның болашағын қалай елестетесің?

4. Сен қолда бар мүмкіндіктеріңді қай деңгейде пайдаланып жүрсің?

5. Өз бойыңдағы қандай қасиеттер үшін ата-анаңа ризасың?

6. Ұжым болып “Менің ең үлкен байлығым” тақырыбы бойынша кластер жасаңдар.



Руханият қазынасынан



Білім үйрен, ол кедейлікте – дәулет, байлықта – зейнет.

Халық даналығы



Білесің бе?

Бұхарадағы Абдуллахан медресесінің маңдайшасына: “Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?” және “Білім сондай нәрсе, оған бүкіл өміріңді сарп етпегеніңше, саған өзінің бір бөлігін де бермейді” деген сөздер жазылған.



Пікір қорыту үшін



Жақсы тәрбие адамның интеллектуалдық қабілетінің, ағартушылық күшінің, рухани-ақылақтық сапаларының және әсем мінез-құлқының жиынтығы болып табылады. Оның негізінде адамдар арасында ұнамды орта қалыптасады, рухани құндылықтар, салт-ғұрыптар, дәстүрлер сақталып қалады. Мінез-құлық, әдептілік, ақылақ, мәдениет, білім, дін және ағарту жүйелері өзара тығыз байланыста зерттеледі.

II тарау. Адам және қоғам

1. Сен әуестене қарайтын адамдар қол жеткізген жетістіктердің түпкі себебі неде деп ойлайсың? Олардың бойларында қандай қасиеттер үстем тұрады?

2. “Адам білімі мен деңгейі, ойлау қабілеті жетіле түсуі үшін өз тәрбиесіне сүйенеді және еңбек етеді” деген пікірді күнделікті қызметіңе байланыстыра отырып түсіндір.



Шығармашылық қызмет

1. Испаниядағы Кордова (Қуртуба) мешіті VIII ғасырда, ал Бұхарадағы Саманилер медресесі IX ғасырда салынғанын еске түсіріп, олардың сәулеткерлік сұлулығына назар аудар.



Испания. Кордова (Қуртуба) мешіті. VIII ғасыр.



Бұхара. Саманилер медресесі. IX ғасыр.

2. Өзің жасайтын үйдің жоспарын сыз және оның қанша шаршы метрді құрайтынын анықта. Әрбір бөлменің сызбасын салуға әрекеттеніп көр. Бұл сызбаны салуда саған қандай білімдер қажет болды? Қандай құралдарды, оқу қолданбаларын пайдаландың?

3. Енді өзің ойлап көрші, Кордовадағы мешітті немесе Саманилер медресесін салу үшін қандай білімдер қажет болған? Бұл мәселеге сол кездегі әлеуметтік өмір көзқарасы тұрғысынан баға бер.



Шығармашылық қызмет



Жақсылықтың артына жасырынған үлкен қазына

Егер бір адам басқа біреуге бірінші болып ешқандай дәмсіз жақсылық жасаса, бұл қайыр-сауабы міндетті түрде оған өзге жақтан тиеді.

Ең құрығанда душар болуы ықтимал бәле-жала, апат-сапаттардан сол жақсылықтың арқасында құтылып қалады. Бұл әңгімеде ешқандай шүбә жоқ, оны іс жүзінде сынап көру үшін сенің мүмкіндігің бар: алдымен біреуге жақсылық жаса, сосын оны ұмыт! Тәрбие-тағылымы мол адам кез келген жағдайда да өзгелерге жақсылық жасайды, мейір-шапағат жасау оның негізгі жұмысына айналады.

1. Данышпандардың: “Саған жақсылық жасағандарды ұмытпа. Ал өзің жасаған жақсылықты және өзіңе жасалған жамандықты ұмыт”, – деген ұлағатты сөздерін түсіндір.

2. “Жақсылықтың артына үлкен қазына жасырынған” деген пікірдің мән-маңызын түсіндір.

3. “Бұл дүниенің рақаты мен ләззаты – адамның дұрыс және қажет тәрбиені дер кезінде алуы, оны өзгелермен бөлісуі және жемісті еңбегі арқылы өздігін тануынан білінеді...” деген тұжырымды жоғарыдағы мәтінмен байланыстыра түсіндір.

4. Неліктен “Тәрбие – қазыналар арасында ең қымбаттысы” дейді?

Руханият қазынасынан



Ашу-ыза жолынан қайтып, білім-ағарту жолын таңдаған адамның жүрегі таза сумен шайылған кесеге ұқсайды. Ей, адам, кейін пұшайман жемейін десең, әділ бол, ізгі де қайырлы істерге бел байла, жомарттық, кеңпейілділік шапанын әрқашан иығыңнан тастама.



Дербес қызмет

1. Ғұламалардың төменде берілген өнегелі сөздерінен түсіріп қалдырылған тәрбиеге байланысты сөздерді тап:

Білімнен жақсырақ... болмас.

Қолыңнан келгенше ешкіммен болма қас!

Әбу Абдулла Рудаки

... дегі ең үлкен қателік – әкенің сасқалақтығы.

Жан Жак Руссо

Тәрбие ...дан үстем тұрады, адамды тәрбие кәмелетке жеткізеді.

Герберт Спенсер

... қайтару мен қайталаудың жемісі болып табылады.

Әбу Райхан Беруни

(Білім; тәрбие; ағарту; қазына)

2. Рухани байлығы мол, білімді адамға тән ерекшеліктерді жаз.

3. Кемел адам болуың үшін саған қандай сапалық қасиеттер керек? Өзіңнің әдеттерің мен қызметіңді талда. Нендей нәрселерден бас тартуың керектігін ойла. Бұл істеріңнің нәтижесі кімге көбірек пайда келтіруі мүмкін? Неліктен? Пікірлеріңді негізде.

4. Тұлға, қоғам, мұра, тәрбие сөздерінің арасында қандай байланыстылық бар? Олардың біреуі өзгелерінсіз болуы мүмкін бе?

II тарау. Адам және қоғам

Руханият қазынасынан



Білім Шын-Машында (Қытайда) болса да, оны іздеп тауып, иелеп ал. Өйткені білімді талап ету – әрбір мұсылманның парызы.

Хадистен



Шығармашылық қызмет

1. Қалай ойлайсың, хадисте қандай білімдер жайлы айтылған?
2. Тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, VII ғасырда Қытайда білім мен ғылымның дамығандығы туралы мәліметтерді есіңе түсір. Оларды мектепте алып жатқан білімдеріңмен салыстыр. Тұжырымыңды төменде берілген мәтінмен салыстыр.

Пікір қорыту үшін



Жоғарыдағы хадисте дүниелік білімдерді де үйренуге ишара жасалғанын түсінуге болады. Ислам діні дүниелік білімдерді, яғни өз алдына отау тігу, сауда, диқаншылықпен шұғылдану, күнделікті үй жұмыстары мен дене тәрбиесіне қатысты білімдерді де үйренуге шақырады. Әли ибн Әбу Тәліп: “Балаларыңа өздері өмір сүріп жатқан заманның білімдерін үйретіңдер, өйткені олар сенің заманыңнан басқа заманда дүниеге келген”, – деп атап көрсетеді.



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Энциклопедист ғалым Ибн Сина: “(Ақыл) таразысымен өлшенбей тұрып ешқандай білім шын білім бола алмайды. Демек, ол нағыз білім емес”, – дегенде, неліктен білімдерді ақыл таразысымен өлшеу керек деп атап көрсетеді?



2. Төмендегі мәтінді оқып, оған өз көзқарасыңды білдір.

Бейбітшілік пен тұрақтылық болмаса, ғылым мен білім саласында ешқандай өсу мен даму болуы мүмкін емес. Қай жерде бейбітшілік пен тұрақтылық болса ғана ғылым мен білім орталықтары, академиялар, жоғары оқу орындары дамиды.

3. “Білім – игіліктің кілті, ал білімсіздік – бейшаралық” деген даналықтың мағынасын айқында.

4. Бүгінгі таңда елімізде қандай жаңа білім ошақтары ұйымдастырылып жатыр? Оларды қандай мақсат бірлестіреді? Осы білім мекемелері туралы мәліметтер дайында.

III ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛА: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ҚАТЕРЛЕР



16-17-ТАҚЫРЫП. БҰЗЫҚ ИДЕЯЛАР



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бұзық идея деген не? Сен қалай ойлайсың? Неліктен бүгінгі таңда әлемде көптеген бұзық ниетті топтар өздерінің арам ниеттерін жүзеге асыру ісінде дінді бетперде ретінде пайдаланып отыр?
2. Содырлар, лаңкестер және миссионерлер кімдер? Олардың негізгі мақсаттары не деп ойлайсың?
3. Рухани өмірге төнген қатерлер адамзаттың алға басуына қай дәрежеде кедергі келтіреді?
4. Қашан адам санасында бос кеңістік пайда болады? Бос кеңістік пайда болмауы үшін не істеу керек? Пікіріңді негізде.

Пікір қорыту үшін



Соңғы жылдарда Еуразия құрлығы мен Африкада орналасқан бірқатар мемлекеттерде элеуметтік-саяси жағдайда кері әсерін тигізіп жатқан содырлық және лаңкестік ұйымдардың жандана түскені байқалып отыр. Бұларды төмендегідей сипаттауға болады.

Түрлі дін өкілдері арасында	Үндістанда мұсылмандар, индуистер мен сикхтар, Мьянмадағы мұсылмандар мен буддистер арасындағы келіспеушіліктер
Бір дінге абынатындар ортасында	Пакистан, Ауғанстан, Ирак және Суданда
Жанжалды қарым-қатынастар, дүниелік жүйеге қарсы күрес	Сирия, Ирак, Ауғанстан...
Халықаралық деңгейдегі қарама-қарсылықтар	“Әл-Каида”, “Әл-жиһад әл-ислами” және “Хизбуллаһ” ұйымдары



Руханият қазынасынан

Әлемдік діндер адамзатты ізгілік пен бейбітшілікке, адамдық асыл қасиеттерді әрқашан көздің қарашығындай сақтап-дамытуға шақырып келген.



Шығармашылық қызмет

1. Діни және ұлтаралық бауырмалдықты ұстанған адамның бойында қандай сапалық қасиеттер болуы керек? Сен өзінді бауырмал адаммын деп санайсың ба? Пікіріңді негізде.

2. “Қоғамдағы келіспеушіліктер діннің маңы-зын дұрыс түсінбеуден, Отан тарихын білмеу-ден, отбасы мен махалласына жанқиярлық танытпаудан туындайды” деген пікірге қа-лай қарайсың? Адам сан түрлі бұзық ниет-тегі дерттерден аулақ жүруі үшін қандай сапалық қасиеттерге ие болуға тиіс? Бұн-дай сапалар мен бұзық идеяларға кемінде 20 мысал келтір.

3. Мәтінді ден қойып оқы. Онда айтылған халқымызға ежелден тән бауырмалдық дәстүрлер жөнінде пікіріңді білдір:

Өзбекстан – көпұлтты және көп конфессиялы мемлекет. Бүгінгі таңда елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бір жанұяның перзенттеріндей тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл салада халқымызға ежелден тән бауырмалдық және кеңпейілділік дәстүрлері маңызды рөл атқарып отырғанына еш шүбә жоқ.

Ізгі сапалар
білім иелеу
отбасын, махалласын және жерлестерін қадірлеу
...


Бүлдіргіш идеялар
лаңкестік
содырлық
...

Пікір қорыту үшін



Самарқант қаласында сайыпқыран Әмір Темір заманында салынған Даниал пайғамбар медресесін ислам, христиан және яхуди діндерінің өкілдері бірдей қадірлейді...

Осы бір мысалдың өзі адамгершілік, ізгілік және шын мәніндегі бауыр-малдық қасиеттер халқымыздың жаратылысының, менталитетінің негізін құрайтынын дәлелдейді.



III тарау. Әлеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер

Пікір қорыту үшін



Өздерін Ислам атымен байланыстыратын содырлық ұйымдардың көздегендері:

- дүниелік қағидаттарға шұғыл қарсы тұрып, мемлекет пен қоғамға ымырасыз болу арқылы “халифалық” құру;
- діннің мемлекеттен бөлектелуін жоққа шығару және қоғамның барлық мүшелерін діни талаптар негізінде өмір сүруге шақыру;
- ислам дінін әлемдегі басқа қоғамдарға қарсы қою;
- өз мақсаттары жолында мемлекет пен қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықты ізден тайдыруға бағытталған іс-әрекеттер жүргізу;
- өз идеяларына қосылмаған мұсылмандарды діннен безгендікте, “кәпірдікте” айыптау;
- дәстүрлі исламды жақтайтын ғұламаларды абыройсыздандыру, оларға өктемдік жүргізу және өмірлеріне қастандық ұйымдастыру;
- лаңкестік әдістерді пайдалану арқылы өз мақсаттарына қол жеткізу;
- суниттер мен шейіттер ортасындағы қарама-қарсылықтарды мемлекетаралық қатынастар дәрежесіне көтеру және заңсыз қарулы құрылымдар күштерін қолдау.



Шығармашылық қызмет



1. Жоғарыда берілген мәтінді зейін қойып оқы. Сен бұл тізімге тағы нелерді қосқан болар едің?
2. Содырлық идеялардың ықпалына еріп кетпеу үшін нелерге назар аудару керек?
Ұсыныстарыңды ортаға сал.
3. Содырлық іс-әрекеттерге қарсы қандай нормативтік құжаттарды білесің? Азаматтар неше жастан бастап осындай заң бұзушылықтың субъектісі болуы мүмкін?
4. Төменде берілген заңнама құжатынан алынған бапты тақырыппен байланыстырып түсіндіруге әрекет жаса.
Өзбекстан Республикасы аумағында экстремистік қызметтің кез келген көрінісі қудаланады.

*Өзбекстан Республикасының “Экстремизмге қарсы күрес туралы”
Заңының 6-бабынан*

5. Топтарға бөліңдер. Өзбекстан кез келген көріністегі келіспеушіліктерге араласпау, бұзық идеяларды қолдамау, бейбітшіліктің жақтасы болу, діни бауырмалдық идеяларын алға тарту секілді қандай халықаралық құжаттарға қосылған? Ресми сайттарды пайдалана отырып мәлімет бер.

А. 2018 жылы 12 желтоқсанда Өзбекстан Президентінің бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған “Ағарту және діни бауырмалдық” арнаулы резолюциясы.

Ә. ...

Білесің бе?



Терроризмді насихаттауға; террористік топтар мен ұйымдар құруға және олардың қызмет жүргізуіне; террористік қызметке қатысы бар шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың Өзбекстан Республикасына кіруіне; дайындалып жатқан немесе жүзеге асырылған террорлық әрекеттерге қатысты мәліметтер мен фактілерді жасыруға тыйым салынады.

Өзбекстан Республикасының “Терроризмге қарсы күрес туралы” Заңының 5-бабынан



Тарихқа назар

Әділетті шешім: соғыстың алды алынды

605 жылы Қағбаны жөндеу барысында тайпалар ортасында “Хажарул Асвадты” (“Қаратасты”) өз орнына қою бойынша жанжал туды. Бұл жанжал өрши келе соғыс деңгейіне дейін жетті. Мұхаммед (с.а.в.) бұл мәселеде ақылды шешім тапты.

Ол кісі бір матаны жерге жайып, оның үстіне “Хажарул Асвадты” қойды. Сосын тайпа бастықтарына матаның шетінен ұстап, барлығы бірдей көтеруді бұйырды.

Олар тасты осылайша көтеріп барып, өз орнына қойды. Бүкіл келіспеушіліктер әпсәтте ғайып болды, мағынасыз соғыстың алды алынды, барлық адам бұл әділетті үкімге риза болды. “Әл-Әмин әділетті, ақылды үкім шығарды”, – десті олар.



Шығармашылық қызмет



1. Ақылды шешімнің неден тұратынын сипаттап бер.
2. Бұл оқиғаны ұйымшылдық, теңдік, ділгірлікті бейбіт жолмен шешу секілді қағидаттармен байланыстыр.

III тарау. Элеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер



Білесің бе?



Мәліметтерге қарағанда, Жер жүзінде жыл сайын 10 мыңнан астам лаңкестік әрекеттер жасалады. 70 мыңнан астам адам бұндай әрекеттердің салдарынан беймезгіл қаза табады және олардың 80 пайызын жас балалар құрайды. Дүние жүзінде 500-ден астам лаңкестік ұйымдар бар.



Пікір қорыту үшін



Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында ұлтына, тілі мен дініне қарамай, барлық азаматтар теңдей құқықтар мен бостандықтарға ие екендігі кепілденген. Оларға өздерінің ұлттық мәдениеттерін, дәстүрлері мен салт-ғұрыптарын сақтап, жан-жақты дамыту үшін барлық мүмкіндіктер туғызылған.



Шығармашылық қызмет

1. Азаматтардың тең құқықтары мен бостандықтарын кепілдеу қандай жолмен жүзеге асырылуда?
2. Азаматтар өздерінің ұлттық мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жүзеге асыру кезінде қандай міндеттемелерді қабылдауға тиіс? Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын негізге ала отырып, пікіріңді негізде.



Білесің бе?



Ұлы ғалым Әбу Мансұр Матуридидің (870–944) шығармаларында діни бауырмалдық, барлық діндерді бірдей құрметтеу қажеттігі атап көрсетілген.

Оның Құран тәпсіріне арналған, ислам әлемінде кеңінен танылған “Таъвилоту аһлус сунна” шығармасындағы “Хаж” сүресінің 40-аяты тәпсірінде: “Шіркеулер мен синагогаларды қиратуға тыйым салынады. Сондықтан да олар мұсылмандар елінде осы күнге дейін бұзылмай, сол қалпында сақталып қалған. Бұл мәселеде білімдарлар ортасында қарсылық жоқ”, – делінеді.



Руханият қазынасынан



Қай кезде қара түсті байрақтарды көрсең, орныңнан тапжылма. Қолдарың мен аяқтарыңды қимылдатпа. Содан соң көшеге бір сиықсыздау қауым шығады. Олар назар аударуға тұрарлық емес. Олардың жүректері темірдің татына ұқсайды. Олар мал-мүлік иелері болып табылады. Түптеп келгенде, олар уәдеге опа бермейді. Өзгені шындыққа шақырады, бірақ өздері шыншыл емес. Аты-жөндері лақап есімдерден тұрады. Ұмтылыстары ауылдар мен қалаларға бағытталған. Шаштары әйелдердің шаштарына ұқсап өсіп кеткен. Олар ең соңында өзара қырқысып бітеді және шындық жеңеді.

Әли ибн Әбу Тәліп



Шығармашылық қызмет



1. Суреттер негізінде содырлық пен лаңкестікке сипаттама беріңдер.
2. Суреттердегі әйелдер мен балаларды бұндай күйге түсіргендердің іс-әрекеттері жалпыадамилық және діни құндылықтарға сай келе ме?
3. Нақ осындай жағдайлардың алдын алу үшін нелерге назар аудару керек? Сенен не талап етіледі?
4. Топтарға бөлініп, содырлық, лаңкестік және миссионерлік сияқтылардың бұзық ниетті идеяларды насихаттауы, сондай-ақ олардың бүгінгі әлемдік қауымдастыққа келтіріп отырған зардабы жөнінде мәлімет дайында.

Руханият қазынасынан



Егер оқи тұрып, ойламайтын болсаң – адасасың. Егер ойлай тұрып, оқымасаң – шүбә-күмәндар астында қалып кетесің.



Конфуций



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Неліктен халықаралық лаңкестік бүгінгі заманның көкейкесті жаһандық проблемаларының біріне айналып отыр?
2. Дінді бетперде еткен содырлықтың негізгі ерекшеліктері неден көрінеді?
3. Қоғамды кез келген көріністегі бүлдіргіш идеялардың ықпалынан қорғау үшін қандай ұсыныстар білдірген болар едің?
4. Рухани құндылықтарды сақтау үшін не істеу керек?

III тарау. Элеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер

18-19-ТАҚЫРЫП. ЖАУЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ АҒАРТУ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Интернет көздерімен жұмыс істеуді білесің бе?
2. Адамның санасында бос кеңістік қашан пайда болады және осындай жағдай орын алмауы үшін не істеу керек?
3. Түрлі сипаттағы идеологиялық бүлдіргіш идеяларға нелер жатады және олар қалай пайда болады?
4. Адамның көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін қандай қасиеттерге қол жеткізуі керек?
5. Жауыздық қандай кері салдарларға соқтырады?



Пікір қорыту үшін



... Оқымысты халық жігерлі болады. Жігер жүректің табандылығынан, рухтың саламаттығынан тұрады. Ағартудан, ғылым-білім мен мәдениеттен мақрұм болған халық жауыздықтың алақанында иленген қамыр секілденіп, мінез-құлқының түбірінде де өз құлқының жағасын босата алмайды... Өйткені жауыздық пен қорқыныш – пақырлық пен мұқтаждықтан бетер қауіпті бір трагедия.

Абдулла Авлони



Шығармашылық қызмет

1. Қоғам ағартусыз дами ала ма? Тарихтан осыған ұқсайтын мысалдар келтір.
2. “Егер қоғамда білімсіздік пен жауыздық бар болса, сол жерде құндылықтар зауал табады, адамдар ортасында мейірімділік, шынайылық, руханият және мәдениет өзінің мәні мен мазмұнынан жұрдай болады. Соның салдарынан бұндай қоғам өз дамуын тоқтатады” деген пікірді Абдулла Авлонидің жоғарыдағы сөздерімен байланыстыр. Сеніңше, жауыздықтың жауы не?
3. “Білім мен өнерді мұқият меңгерген жастар қаншалықты көп болса, мемлекеттің тыныштығы, дүние жүзінде иелейтін орны, беделі мен абыройы, қоғамның әл-ауқаты жоғары болады” деген пікірді тақырыппен байланыстырып түсіндір.

Руханият қазынасынан



Адамзаттың бүкіл игілігі үшін екі нәрсе болуы шарт: біріншісі – білім, екіншісі – амал. Адамның бақытты болуы үшін білімнің жалғыз өзі жеткіліксіз, адам білімінің көмегімен денесі мен рухын тәрбиелеуге борышты.

Имам Ғаззолий

Пікір қорыту үшін



Әңгіме

Бір кеште Аюб тағат-ғибадатын жасап, көзінен жастарын сорғалатып ұзақ отырды. Ол маржандай көз жастары теңізіне қарқ болып, күйіп-жанып майшамға серік болғандай еді. Бір бұрышты хилват ретінде өзіне мекен етіп алған, бейне бір қораптың ішінен ең таза маржандар тізіліп орын алғандай болып тұрды.

Сол кеште бір қалта ұрысы оның үйі астынан ор қаза бастады. Ол түні бойы жер астын ойып, жол салып өткен сәтте үй ішінен бір адамның басын көрді. Аюб та бұны түсініп, үндемей отыра берді; ғибадатын жалғастырып, бұны байқамағандай болды. Ал ұры сол тесіктің ішінен шығып, үйден нені тапса, барлығын жинап, қаншасын көтере алатынын шамалап, арқасына таңып байлады. Орға түсе бергенінде тесіктің тар, ал жүктің өте үлкен екенін байқады. “Інінің тарлығына ренжіген тышқан құйрығына қалбырды да байлап алыпты” (деген сөз бар). Ұрының қиналып қалғанын көрген Аюб орнынан тұрды да, есікті ашып, оған жол көрсетті:

– Жүгің үлкен екен, ал тесігің тар болыпты. Шыға ғой, міне, есік ашық.

Ұры қаншалықты ақымақ болса, шайх оған нақ сондай болып жол көрсетті. Кісі осындай күйде жол көрсеткен соң, оның бұл жолдан шығып кетуі мүмкін бе? Бұл жағдай ұрыны есеңгіретіп қойды, ал ауыр жүк еңсесін басып бара жатты. Оның жандүниесін әлдеқандай бір от шарпып, ауырта бастады, тіпті қараңғы түнек аспанның да ыстығы көтеріліп кеткендей. Ол арқасындағы жүкті сол отқа тастап, өз жандүниесінің жүгін де өртеп жіберуге дайын еді. Мынадай жай-күй оның кең аспанын тарылтып жіберді, ішкі өкініш бар жағын күйдіріп барады. Дел-сал болған ұры көз жасын көлдетіп, сел етіп ағызды. Шайхтың аяғына басын қойды. Шайхтың жақсылығы, күнәсін кешкені оның тілін байлады, ал мархабатының жүгі тәнін дәрменсіз етті. Шайх мархабат етіп оның көзіндегі жасты сүртті, рақымы келіп, ұрының басын жерден көтерді...

Әлішер Науаи, “Хайрат ул-абрордан” алынды



Шығармашылық қызмет



1. “Бір адам теріс жолға түсіп, көп өтпей қателігін түсінсе, оның мүшкілі оңай болады” деген пікірді мәтінге байланыстыра түсіндіріп бер.

2. Тура жолдағы адамды жолынан адастыру қиынға соғады, бірақ қисық жолдағы адамды тура жолға бағыттау оңай ма, әлде қиын ба? Пікіріңді негізде.

3. Қисық жолдан тура жолға өту ісінде табандылықтың, ерік пен жігердің орны қандай болады?


III тарау. Элеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер

Пікір қорыту үшін



2013 жылдың сәуір айында Иракта ұйымдастырылған Ирак және Шам ислам мемлекеті (ИШИМ) тарапынан соңғы жылдарда 10 мыңнан астам лаңкестік әрекеттер жүзеге асырылды. ИШИД лаңкестік ұйымы оның идеяларын қолдамаған ғұламаларды өлтіруге дейін барды. Мысалы, 2014 жылдың 14 маусымы күні ИШИД-шілер қылмысты істерін қолдамаған 12 ғұламаны Мосул қаласындағы “Эл-Исро” мешіті жанында қаскөйлікпен өлтірген.

Сирия: 2013 жылға дейін



Сирия: қазір



Шығармашылық қызмет

1. Төменде берілген мәтіннің адам құқықтарын қорғауға қатысты тұстарына назар аудар.

2. Мәтіндегі “Ей, адамдар! Әрбір қылмыскер өз айыбына тек өзі ғана жауап береді. Қылмыскердің күнәсі үшін оның ұрпағы жазаға тартылмайды...” деген сөйлемді Өзбекстан Республикасы Қылмыс кодексінің 9-бабындағы ережелермен салыстыр.

3. ИШИД-тің қызметі төменде берілген мәтіннің маңызына қаншалықты қайшы екені жөнінде пікірталас жүргіз.

“Видо хутбасынан”

“Ей, адамдар!.. Бұл күнің (құрбандық күні) қаншалықты қасиетті болса, мына қаламыз қаншалықты қасиетті қала болса, біліп қойыңдар, жандарың мен малдарың да соншалықты қасиетті. Бұларға жасалған кез келген әрекет арам болып табылады.

Естеріңді жинаңдар! Біліп қойыңдар, менен кейін ескі адасу жолына қайта түсіп, бір-біріңнің бастарыңды кесіп жүрмеңдер!..

Ескі адасу кезеңінен қалған барша қан әлемдері толығымен жойылды.

Кімнің жанында бірер аманат болса, оны иесіне дереу қайтарып берсін.

Ей, адамдар! Әйелдердің айтқандарына құлақ асыңдар. Олармен мейіршапағат мәмілесінде болыңдар. Олардың ақылары жөнінде Алладан қорқыңдар! Әйелдер саған Алланың аманаты болып табылады...”

*Хижрий 10-жылдың 9-зулхуджасы
(милодий 632-жылдың 8-наурызы)*

Пікір қорыту үшін



Мұсылман – қолы мен тілі арқылы басқа біреулерге азап шектіріп, азар бермейтін адам. Қасиетті кітаптарда жанжал шығару жолындағы қаскөйлік адам өлтіруден де ауыр қылмыс болып саналған.

Әлемдік діндерде зұлымдық, қатыгездік, адам өлтіру қараланған, керісінше мейірімді, қайырымды, адамсүйгіш, рақымды болу дәріптелген.



Шығармашылық қызмет

Сөйлемді оқы. Ондағы “қаскөйлік” сөзін қалай түсіндің? Бұл ұғымға өз көзқарасыңды білдір (қаскөйлік – алдау, арбау жолымен тұрғындар ортасында келіспеушілік туғызу).

Қаскөйлік адам өлтіруден де үлкенірек күнә болып табылады.

Құрани кәрім, Бақара сүресі, 217-аяттан



Білесің бе?



Ұлттық, нәсілдік, этникалық немесе діни келіспеушілікті қоздыру

Ұлттық, нәсілдік, этникалық немесе діни келіспеушілікті насихаттайтын материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату, бұндай қылмыстар үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін жүзеге асырылған болса,

– базалық есептеу мөлшерінің алты жүз есесіне дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе үш жылға дейін ақылақ түзету жұмыстарына жіберу немесе бір жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Ұлттық, нәсілдік, этникалық немесе діни тәндігіне орай, тұрғындар тобы ортасында келіспеушілік, ымырасыздық немесе дау-дамай туғызу мақсатында ұлттық құрмет пен абырой-беделді кемсітуге, діни сеніміне немесе сенбеушілігіне қарай, азаматтардың сезім-күйлеріне тіл тигізуге бағытталып қасақана жасалған әрекеттер, сондай-ақ ұлттық, нәсілдік, этникалық тәндігі немесе дінге көзқарасына қарап, азаматтардың құқықтарын тікелей немесе жанама шектеу немесе оларға тікелей немесе жанама артықшылықтар беру,

– екі жылдан бес жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бес жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

III тарау. Элеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер

Осы баптың бірінші немесе екінші бөлімінде ескерілген әрекеттер:

- а) басқа тұлғалардың өмірі үшін қауіпті әдіспен;
- ә) тэнге ауыр жарақат салған күйде;
- б) азаматтарды тұрақты жасайтын жерінен зорлықпен көшірген күйде;
- в) лауазымды тұлға тарапынан;
- г) бір топ тұлғалар тарапынан алдын ала тіл біріктіріп жүзеге асырылған болса,

– бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады

Өзбекстан Республикасы Қылмыс кодексі, 156-бап

Пікір қорыту үшін



Берілген мәтінді оқы. Соғыстың соңы қандай салдарларға апаратынын талқыла.

Соғыста жеңімпаз және бақытты патша, жеңімпаз және бақытты әскер, жеңімпаз және бақытты мемлекет, жеңімпаз және бақытты жүйе болуы мүмкін. Бірақ жеңімпаз және бақытты адам болмайды. Өйткені соғыс адамды адам өлтіруге мәжбүр етеді. Ал адам өлтірген адам ешқашан бақытты болмайды.

Өткір Хашимов, “Дәптер жиегіндегі жазулар” кітабынан



Білесің бе?

2021 жылы Жапонияда өткізілген 53-Халықаралық химия олимпиадасында Өзбекстан құрама командасының мүшелері 1 алтын және 3 қола медальды қолға енгізді:

Сабыржан Аманов – Ташкент педиатрия медицина институты Академиялық лицейінің оқушысы, алтын медаль;

Фирдаус Собиров – Бұхара қаласындағы 35-мектептің оқушысы, қола медаль;

Дурдона Мухторхужаева – Әбу Әли ибн Сина атындағы жас биологтар және химиктер мектеп-интернатының оқушысы, қола медаль;

Икромиддин Боймахаммадов – Әбу Әли ибн Сина атындағы жас биологтар және химиктер мектеп-интернатының оқушысы, қола медаль.



Шығармашылық қызмет



1. Құрдастарыңның жетістігін жауыздыққа қарсы ағартумен салыстыруға бола ма?

2. Сен жауыздыққа қарсы қалай күресе аласың?

3. Білімің мен дарыныңды арттыру үшін қандай әрекеттер жасап жүрсің?

4. Жауыздыққа қарсы ағарту жолымен күресу үшін білімнің өзі жеткілікті бола ма? Неліктен? Пікіріңді негізде.

Пікір қорыту үшін



Ата мен немеренің сұрақ-жауабы:

- Аташым, айтыңызшы, адамды жауыздыққа нелер жетелейді?
- Бұлар негізінен үшеу: білімсіздік, сабырсыздық және қиянатшылдық.
- Олардың кері нәтижелері қандай?
- Білімсіздік адамның бойында үмітсіздікті, ертеңгі күнге сенімсіздікті қоздырады. Сабырсыздық, яғни барды қанағат етпеу, өз тағдырына нали беру адамның халық назарынан, ел мен жұрт назарынан тыс қалуына себеп болады. Соңғысы, бұл үшіншісі, өзгелердің ақысына қиянат жасап, шектен шығып кету болып табылады.



Шығармашылық қызмет

1. Сенің өміріңе қандай информациялық қауіп-қатер ықпал етуі мүмкін? Жауабыңды негізде.
2. Интернет көздерімен жұмыс істеудің артықшылықтары неде деп ойлайсың?
3. Телеграм тармағы арқылы “Істеріңнің жақсы болғанын қаласаң, осы хабарды он адамға жібер, олай етпесең...” деген хабар алдың делік. Бұл хабар мен тапсырмаға көзқарасың қандай болады?
4. Қаржылық сұғанақтық жөнінде естігенбісің? Әлеуметтік тармақтар арқылы таралып жатқан сондай жағдайларға көзқарасың қандай?

Руханият қазынасынан



Бейбітшіліктің жақтасы болған тіл бір ауыз сөзбен жүздеген шытырман түйіндерді шеше алады. Ал емін-еркін айтылған қаскөйлікті қоздыратын сөз айтушының зиянына жұмыс істейді.

Хажы Самандар Термизи



Шығармашылық қызмет

1. Төменде берілген жағдайды талда.
Талайдан бері бір-бірімен көріспеген Асан мен Үсен есімді достар аяқ астынан кездесіп қалды. Асан досына осы жақын арада әп-әдемі ұлттық тағамдар асханасы бар екенін, әрі интернет тармағы да тегін екенін айтып, досын түскі тамақты бірге ішуге шақырды. Оларды кіршіксіз киінген асхана қызметкері қарсы алды.
Асан асхана қызметкерінен интернет тармағын қосып беруді өтінді. Телефондар әлемдік ақпарат желісіне қосылды. Тапсырыс берілген тағам да әкелінді. Екі дос та тамақ үстінде телефондарына жіберілген суреттерді көрумен, үзінділерді оқумен отырды. Олар телефонға беріліп кетіп, тамақтануды да ұмытып қойды. Ақыры

III тарау. Әлеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер

түстену де аяқталып, көшеге шыққан соң, достар бір-бірінің телефон нөмірлерін жазып алып, бұдан былай тармақ арқылы хабарласып тұруға уәделесті...

2. Сен де жақындарыңмен кездескенде осылай етесің бе?

3. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер арқылы келіп жатқан хабарлар мен алуан түрлі мәліметтер жастарды қай дәрежеде жарақаттауы мүмкін?

4. Бұл әңгімеде қандай құндылықтардың ұмытылып бара жатқаны суреттелген?

5. Сен өз біліміңмен кез келген көріністегі құнсыздықтарға қарсы тұра аласың ба? Қалайша?



Білесің бе?

Егер адам өзінің дербес пікіріне, адал сеніміне, өзі сүйенетін өмірлік ұлттық құндылықтарға, жасампаз дүниетанымға, берік ұстанымға және ерік күшіне ие болмаса, оның сан түрлі ниеттегі идеологиялардың қысымына, күштеуіне төтеп беруі қиынға соғады. Осындай ашық немесе жасырын түрдегі шабуылдарға тек жоғары руханиятты адамдар ғана сергектікпен қарсы тұра алады.

Ұмытпа!!!

Содырлық пен лаңкестік дін таңдамайды.

Руханият қазынасынан



Жастардың санасында қандай күйдің үстем екендігін айта алсаң, кейінгі ұрпақтың табиғаты қандай болатынын айтып беремін.

Эдмунд Берк, ирландиялық саясаткер



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Жауыздыққа қарсы күресу үшін ағартудан басқа тағы қандай күш бар?

2. “Қоғамды жар жағасына алып баратын ең өткір қару – жауыздық” деген пікірге қалай қарайсың?

3. Қоғамды әр түрлі көріністегі жауыздықтан қорғау үшін қандай жол ұстанған болар едің?

4. Лаңкестіктің қоғамға қауіп төндіруі нелерден көрінеді?

5. Еліміздің заңдылығында содырлық немесе лаңкестік әрекеттерді жүзеге асырғандығы үшін қандай жазалау шаралары белгіленген?

20-ТАҚЫРЫП. ҚАУІПСІЗ МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қауіпсіздік деген не? Сен оны қалай түсінесің?
2. Қауіп қай жерде немесе қашан, қандай пішінде туындауы мүмкін?
3. “Өмір саусақтарымыздың ұшында орналасқан” деген тіркесті талда.
4. Интернет сенің өміріңде қандай рөл атқарады?
5. Қауіпсіз медиа орталығы дегенде нені түсінесің?
6. Жалған ақпаратты таратуға бола ма? Ол қандай салдарларға соқтырады?

Шығармашылық қызмет



1. Парталасыңмен өзара 3 мәліметті алмасындар (өзің туралы мәліметті бұрмалап айт).

Оқытушы нұсқап көрсеткен оқушы туралы оның парталасы мәлімет береді және берілген мәліметтердің дұрыстығын негіздейді. Сөйтіп қайсы мәліметтің жалған екендігі анықталады.

Мысалы: жасы, келешектегі мамандығы жөніндегі мәліметтер. Қалған оқушылар мәліметтердің қаншалықты дұрыстығын тексеріп отырады.



Пікір қорыту үшін

“Жетіп келдік”

Әндіжан олысының Балықшы ауданындағы “Аққорған” мешітінің имамы Рустамжан Хамидов өзінің өнегелі істерімен көпшіліктің алғысына ие болған. Ол демеушілік қаржыларын іске қоса отырып, көптеген жетім және бағушысынан айырылған балалардың материалдық қамсыздандырылуын қадағалап тұрды. 2021 жылдың 28 маусымы күні Рустамжан молданың жеке фейсбук парақшасына “Жетіп келдік” деген тақырыппен бейнежазба қойылды.

Бейнежазбада айтылуына қарағанда, кейбір адамдар Ютуб, Инстаграм, Телеграм сынды әлеуметтік желілерде “Рустамжан молда” деген есім астында каналдар ашқан және осы каналдар арқылы алуан түрлі жарнамалар беріп, қайырымдылық желеуімен ақша жинауға кіріскен.

Мәліметтерге қарағанда, бұндай “қайырымдылық каналдарының” саны 170-тен асқан. Сол себепті Рустамжан домла осынау қайырлы істі материалдық және рухани тұрғыдан қолдаған демеушілерге өз ризалығын білдіре отырып, бұл қызметті қорытындылағанын жариялады.

III тарау. Әлеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер



Шығармашылық қызмет

1. “Адамдардың мұқтаждығын, науқастардың сырқаттығын пайдаланып байлық жинау” дегенде нені түсінесің? Бұндай қыңыр істің соңы нелерге соқтыруы мүмкін?

2 Нысапсыздық, алдап-арбау жолымен ақша табуға заңнамаларымызда қандай жаза шаралары белгіленген?

Пікір қорыту үшін



Ақпараттың найзағай жылдамдығымен таралуы, өз кезегінде шынайы ақпараттарды жалған ақпараттардан айыра алмауға, сан түрлі кері мазмұндағы мәліметтердің жайылып кетуіне, агрессияға, зорлық пен зомбылыққа шақыратын сайттардың пайда болуына соқтырды.



Шығармашылық қызмет

Әкесі бұл дүниеден көз жұмғаннан кейін жанұяны асырап-бағу Р. есімді қыздың мойнына түседі. Ол әлеуметтік желі арқылы С. есімді әйелмен танысып қалады. Р.-дың отбасындағы жағдайдан хабардар болған С. оған жиі-жиі материалдық көмек беріп тұруды дағдыға айналдырады. Белгілі бір уақыт өткен соң С. оған шетелден табысы мол жұмыс ұсынады да: “Қашанға дейін қиналып жүресің, мен жәрдем беріп, шетелге жұмысқа орналастырған қыздарым әлдеқашан жеңіл автокөліктер алып, мініп жүр”, – дейді жаны ашығансып.

Қиналып қалған отбасына – анасы мен інілеріне септігін тигізуді ойлаған Р. көп ойланып-толғанып отырмастан С.-ның ұсынысына бірден келіседі...

1. Әлеуметтік желілер арқылы алданып қалудың салдары адам тағдырына қандай кері әсерін тигізуі мүмкін?

2. “Адам саудасы”, қаржылық алаяқтық секілді әлеуметтік желілерде кеңінен таралып жатқан қылмыстардың алдын алуға қатысты ұсыныстар әзірле.



Білесің бе?



Ақпарат алаңында хабарлар ағыны күшейген сайын сенімді және шын қайнаркөздерді анықтау қиындап барады. Осындай жағдайларда “фейк” екен деген сөздер құлаққа жиі шалынады. Фейк (ағыл. fake) – “жасанды”, “жалған” деген мағыналарды білдіреді. Бұндай мәліметтерге шындыққа өте-мөте ұқсайтын жалған хабарлар, өзгертілген фотосуреттер, монтаждalған бейнероликтер, әлеуметтік желілерде басқа тұлғалардың (әсіресе танымал адамдардың) атынан ашылған “жалған аккаунттар” мысал бола алады.

Билесің бе?



Медиажәрмеңкеге дайындаушы, ақпарат (өнім) жеткізуші және тұтынушы қатысады. Дайындаушы, яғни идея авторы – материалдарды жинайды, талдайды, медиамәтін әзірлейді, эфирге жібереді; өнім (ақпарат) – мәтін, белгі, сурет және суреттерде бейнеленген мәлімет; жеткізуші (канал) – ақпаратты желіге жіберу құралы (медиа); тұтынушы – ақпаратты алатын, үйренетін, пайдаланатын тұлға.



Шығармашылық қызмет

1. Дәптеріңе төменде берілген ұғымдардың медиаортада қалыптасу үдерісінің тізбектілігін дұрыс орналастырып шық. Біз әңгімелеп отырған медиаорта қауіпсіз болуы үшін бұл ұғымдар қандай тәртіппен орналасуға тиіс?

2. Неліктен нақ осындай тәртіппен қойғаныңды негіздеп бер.

**Медиа менталитет,
Медиа иммунитет,
Медиа білім, Медиа сауаттылық**



Руханият қазынасынан

Мен үйімнің есік-терезелерін мықтап бекітіп отыра алмаймын. Өйткені оған таза ауа кіріп тұруы керек. Сонымен қатар есік пен терезеден кіріп жатқан ауа дауылға айналып, үйімді аударып-төңкеріп, өзімді құлатып тастайтындай дәрежеде ашып та қоя алмаймын.

Махатма Ганди



III тарау. Әлеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер



Шығармашылық қызмет

Төмендегі тапсырманы төрт топқа бөлініп орындаңдар.



Дербес қызмет



Төмендегі суреттерге шолу жаса. Олардың қайсысының ықпалы мен салдары үлкен шығындарға соқтырады? Неліктен? Пікіріңді негізде.



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Әлеуметтік желілер арқылы тараған жалған хабарды таңда. Бұл хабар неліктен жалған екендігінің айғақтарын жина және оны талдап, дәлелдеп бер.
2. Жалған хабарды анықтау үшін не істеу керек? Пікіріңді негізде.
3. Сен қауіпсіз медиаортадан өз болашағың үшін, игі мақсаттарың үшін қаншалықты қажет мәліметтерді ала аласың?

21-ТАҚЫРЫП. ЖАЛҒАН ХАБАРЛАРДЫҢ АРТЫНДА НЕ БАР?

Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар



1. Адам сенімді және сенімсіз, рас және жалған хабарларды бір-бірінен қашан айыра алады? Бұл үшін қандай білімдерге ие болу керек деп ойлайсың?

2. Ұлы ойшыл Әлішер Науаидың: “Егер патша болсаң, сене аласың” деген ұлағатты сөзінде қандай мағына жинақталған?

3. Өте қысқа мерзімде бүкіл әлемге жедел таралып жатқан ақпараттар ағымының қоғамға тигізетін әсері қандай? Пікіріңді негізде.



Руханият қазынасынан

Ақылды адамның белгісі сол, жалғанға сенбейді, өзі де қолданбайды; қулыққа алданбайды, өзі де қулыққа берілмейді: жақсы сөздерді тыңдайды, өзі де жақсы сөз айтады; қыңырлық жасамайды, даналармен бірге жүреді; ешкімнен шүбәланбайды, өзі де жасандылықтан аулақ жүреді.

Шығармашылық қызмет



1. Төмендегі пікірге өз көзқарасыңды білдір.

Біз жоғары технологиялар заманында өмір сүріп отырмыз: қалаған мәліметті, өзімізге қажет болған кез келген ақпаратты іздестіруде интернет көздерін жиі пайдаланамыз. Бұл мәліметтер қай дәрежеде сенімді деп санайсың? Оны қалай анықтауға болады?

2. Интернеттегі мәліметтер жиі-жиі жаңартылып тұрады, оны пайдалану ешқандай қиындық туғызбайды, бірақ оның сенімділік дәрежесі жоғары деп айта аламыз ба? Пікіріңді негізде.



Пікір қорыту үшін

Ақпарат технологиялары жедел дамып бара жатқан жағдайда ақпараттың қауіпсіздігі жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуде аса маңызды болып табылады. Қоғамның ұлттық мүдделерін екінші дәрежелі деп санайтын ақпарат көздері өзінің арам пиғылды мақсаттарына қол жеткізу үшін зорлық, күш көрсету әрекеттеріне себепкер болады. Бұндай ақпараттар халықаралық лаңкестік ұйымдардың қолында негізгі және аса қауіпті құралға айналып барады.

1. Бұның негізгі себебі неде деп ойлайсың?

2. Жалған ақпарат құрбанына айналып қалмау үшін не істеу керек?

III тарау. Әлеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер



Руханият қазынасынан

Екіжүзділіктің белгілері үшеу: сөйлесе – жалған сөйлейді, уәде берсе – үдесінен шықпайды, аманат қойса – қиянат жасайды.

Хадистен



Пікір қорыту үшін



Жастардың әлеуметтік-ағарту сауаттылығын арттыруда бұқаралық ақпарат құралдарының орны өлшеусіз. Оларда сан түрлі хабарлар ұйымдастыру, әлемде болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістер жөніндегі пікірлерді зерттеп, талдау – жастардың ой-санасын дұрыс бағыттап отырудың ең тиімді жолы болып саналады. Бұл ретте жастардың интернеттегі ресми және сенімді сайттарды жиірек пайдаланғаны мақсатқа сай келеді.

Бүгінгі таңда ұнамды ақпараттармен қатар, сенімсіз, кері мазмұндағы ақпараттарды жастар санасына дарытудың әдіс-амалдары да нақ осы интернет арқылы жүзеге асыруды бастады. Бұның алдын алудың жалғыз-ақ жолы бар, ол – терең ойлы, жоғары білімді және тәрбиелі болу.



Шығармашылық қызмет

Құрметті +998 93 25 нөмірдің иесі, сізді құттықтаймыз! Сіз “Байып кет” ойынының жеңімпазы болдыңыз! Жүлде – 300 000 сом! Мына емейлға хат жіберуіңізді өтінеміз: ... собачка ..ком. Хатта жеңімпаз болған күніңізді, телефон нөміріңізді, аты-жөніңізді міндетті түрде көрсетіңіз және тиісті құжаттарды: пластик карта, ИНН, ИНПС цифрларын қосыңыз. Егжей-тегжейлі мәлімет [http: // ...де](http://...де).

1. Осындай хабар саған да жіберілді ме?
2. Бұндай жағдайларда қандай жолды ұстану керек деп ойлайсың?
3. Өзіңе тиесілі мәліметтерді ұсынуың керек пе?
4. Жеке мәліметтер кімдерге және қай жерлерге берілуі мүмкін?

Пікір қорыту үшін



Бүгінгі таңда оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды түрлі ағымдардан қорғау, интернет желісі арқылы кіріп келе жатқан сан түрлі ақпарат шабуылдарынан сақтандыру негізгі міндетке айналып қалды.

Медиа мәдениетке ие болу рухани құндылықтар мен ақылақ қағидаттарын игеру негізінде адамдардың бір-біріне, отбасына, ұжымына, Отанына және бүкіл адамзаттың тағдырына адамилық көзқарасын айқындайды және қоғамның дамуына ұнамды ықпалын тигізеді.



Шығармашылық қызмет

1. Төменде берілген ұстаз бен шәкірт сұхбатын тақырыптың мәні тұрғысынан негіздеп бер:

- Кемел адамдар әрқашан рас сөйлейді. Бұның сыры неде, ұстаз?
- Өйткені жалған сөйлеу үшін оларға мүмкіндік табылмайды.
- Бұның себебі неде?
- Себебі сол, мүмкіндік табу үшін жалған сөз іздей алмайды...


2. Егер адамдар зерек, тәрбиелі әрі білімдар болса, оларды жалған хабарларға сендіре қоюға бола ма? Олар кез келген ақпараттың сенімді яки жалған екенін қалайша айыра алады?


3. Сен өзгенің компьютерін пайдаландың делік. Пайдаланылған терезелерден шығуды, яғни өз профилің мен поштаңды сөндіруді ұмыттың. Бұл ісіңнің соңы қандай салдарларға соқтыруы мүмкін?





III тарау. Әлеуметтік сала: мүмкіндіктер мен қатерлер


Жалған хабарлардан сақ болу және оларды таратушылардың қармағына ілігіп қалмау үшін төмендегі ережелерге сүйену керек:

 – мүмкіндігі барынша керекті мәліметтерді алу үшін “.uz” доменіндегі ресми сайттарға кіру;

 – қарастырылып жатқан ақпараттың авторы мен таратушысына назар аудара отырып, оның сенімділігін анықтау және айыра білу;

 – әлеуметтік желілер арқылы бейтаныс адамдармен таныспау, оларға жеке басыңның мәліметтерін, телефон нөмірін және мекен-жайды бермеу;

 – әлеуметтік желілер мен мобильді мессенджерлерден қайнаркөзі белгісіз әлеуметтік баяндамаларды, әндерді (өлеңдерді), діни мазмұндағы роликтерді, былапыт қылықтар суреттелген бейне және аудиоматериалдарды жүктеп алмау;

 – желіні пайдалану үдерісінде туындаған сұрақтар мен ділгірліктер бойынша дереу өзінен үлкендерге жүгіну.



Шығармашылық қызмет

1. Сан түрлі хабарлардың артында қандай мақсаттар көзделгені, ол тек бір адамның ғана емес, мүмкін қоғамның дамуына да тікелей әсер ететіні жөнінде ұлы ғұламалардың қайсы шығармаларында және қандай дереккөздерде тілге алынған?

2. Төмендегі пікірді тақырыпқа сәйкестендіріп негіздеуге әрекет жаса: “Бүгінде таралып жатқан жалған хабарлар, әлеуметтік желілер арқылы беріліп тұратын сан алуан мәліметтер адамзатты өзара қайшылықтар шеңгеліне апаратын, руханиятты азғындататын, ақыр соңында оны ауыр трагедияларға соқтыратын жаңа “құндылықтардың” қалыптасуына әкелетіні сөзсіз”.

3. Бүгінгі жалған хабарларды таратушылар кімдер немесе олар қандай мақсат-мүдделерді көздеп отыр деп ойлайсың?

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



1. Бүгінгі таңда барған сайын бұқараланып бара жатқан интернет өнімдері – медиаөнімдер жастардың ақылақтық мәдениетіне қандай ықпал көрсетеді?

2. Жастардың ойлау салтын интернет құралдары арқылы басқаруға бола ма?

3. “Ақпарат кімнің қолында болса, сол әлемді басқарады” деген пікірді қалай түсіндіресің? Пікіріңді негізде.

IV ТАРАУ. ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК, ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ КӘСІПТІК ДАҒДЫЛАР



IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

22-ТАҚЫРЫП. БАҚЫТТЫ ӨМІРДІҢ ІРГЕТАСЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әрбір істің негізі – іргетасы болады. Іргетастың берік болуы – үйдің ... негіз болады. Нүктелердің орнына өз көзқарасыңды қойып, пікірді толықтыр.
2. Сен бақыттың іргетасы дегенді қалай түсінесің? Бақыттың іргетасы неден қаланады?
3. Бейбітшілік, алаңсыздық, денсаулық, адалдық, сабыр, шүкірлік сөздерін бақытпен байланыстырып көр. Олардың қайсысы бақытты өмірдің қалануына негіз болады?
4. Адал еңбек дегенде нені түсінесің?
5. Еңбегімен құрметке бөленген адамдардан кімдерді білесің?

Пікір қорыту үшін



Ерте замандарда бір адамның үш ұлы болған екен. Уақыт-сағаты келіп, әке өмірінің соңы жақындап қалған соң, перзенттерін шақырып алып, мынадай өсиет айтыпты: “Ұйқыларыңды тәтті етіп ұйықтаңдар, тамақты дәмді етіп жеңдер”.

1. Сен қалай ойлайсың, әкенің өсиеті астарында қандай мағына жатыр?
2. Сеніңше, аға-інілер қандай жолды ұстанған болуы мүмкін?

Үлкен ұл мен ортаншы ұл сыпа үстіне төсек салып, “Әкем айтқандай, ұйқыны тәтті етіп ұйықтау керек”, “Әкем айтқандай, тамақты дәмді етіп жеу керек”, – деп жата беріпті.

Күн өткен сайын аға-інінің жеуге тамағы, киюге киімдері қалмай, нашар күйге түсіпті.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

3. Суреттерге зер салып қара. Бақыт іргетасы ұғымын сипатта.



Шығармашылық қызмет



Кәсіптің жауапкершілігі материалдық мүддеден жоғары



Пластик хирург Нодир Ибатов журналистпен сұхбат барысында төмендегідей пікірлерді білдірді: “Адам өз мамандығын сүюі және оның жанқияры болуға тиіс. Олай болмаса, ол жақсы маман бола алмайды”.

1. “Өз мамандығын сүю және оның жанқияры болу” дегенде нелер ескерілген?

“Әрбір сырқаттың, әрбір хирургиялық практиканың өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл үдерісте күрделілік те болады. Оташылық сонысымен де қызықты. Сен әрбір сырқатты түсінуің, оны сөзбен демеп, іспен қолдауың керек. Сырқаттың денсаулығына қатер төнген жағдайда да одан келетін материалдық мүддеге қызығып, оны пластикалық отаға тартуға болмайды. Кейде “жоқ” деп айта білу де керек”.

2. Адалдық, жауапкершілік, жанқиярлық, кәсіби шеберлік ұғымдарының көмегімен болашақ мамандығыңды сипаттап бер.



Руханият қазынасынан

Кемел адам – бүкіл адамзаттың шынайысы, яғни адамдардың адамы болып табылады.

Нажмиддин Комилов



Пікір қорыту үшін

Адалдық

Саудагер кешке қарай үйіне келгенде, әйелі шағымдана бастапты:

– Бүгін дүкенге барып, ұлымызға аяқ киім сатып алдым. Сатушы арамдық жасап, қалдық ақшамды қайтармағандықтан, қызымызға киім әперуге жетпей қалды. Қызымның қатты ренжіп жылағанын көріп, менің де көңілім бұзылды...

Саудагер терең ойға батты:

– Ей, дүниенің істері-ай! Кеше дүкеніме келген сатып алушыға өнімді қымбатырақ сатқаныма қатты өкініп отырмын...

1. Адалдық, көрікті мінез, кішіпейілділік, намыс пен ар-ұят, жомарттық, ибалылық, шыншылдық, мейірбандық, әділдік, саналылық, опалылық, нысаптылық және қиянатсыздық секілді сапалық қасиеттерге ие болған адамды бақытты адам деп атаймыз. Осы пікірді сипатта.

2. Саудагер терең ойға батып, нелерді сезінді? Ол неліктен өз ісіне өкініш білдірді?

3. Әңгімеден шығарған қорытындыңды сыныптастарыңмен бөліс.



Руханият қазынасынан



Жүрегіңді жолдан тайдыратын дерттерден, адамды соқыр етіп қоятын күйлерден, яғни қатып қалған салт-дәстүрлерден, қызғаныштан, көре алмаушылықтан, орынсыз егестен, ашкөздіктің құлы болудан, өзіңе-өзің құл болудан азат етуге тиіссің.

Әбу Райхан Беруни



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

Жалқаулық – адам өмірі мен болашағының зауалы, бақытсыздыққа апаратын жол...

1. “Жүректі жолдан тайдыратын дерттер” тақырыбы бойынша кластер жасаңдар.

2. Төмендегі мәтінді оқып, қорытындыларыңды жаз.

“Ей, момындар, орталарыңдағы малдарыңды нақақ (яғни ұрлық, қарақшылық, өсімқорлық, парақорлық, құмар ойыны сияқтылар) жолдармен жемендер! Өйткені, өзара ризалықпен болған сауда-саттық арқылы мал-дүние жинауды кәсіп еттіңдер...”

(Құрани кәрім. Нисо сүресі, 29-аяттан)

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

23-24-ТАҚЫРЫП. ТҰТЫНУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК
МӘДЕНИЕТИ

Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сен қандай тұтынушысың? Интеллектуалдық мүлікті тұтынуды қалай жүзеге асырасың?
2. Сен ағарту жүйесінің негізгі тұтынушысы ретінде өз құқықтарың мен міндеттемелеріңді білесің бе? Еш есептеп көргенбісің, сенің бір күндік білім алуың үшін қанша қаржы жұмсалады? Сен үшін бөлінген қаржыларды дұрыс жұмсап отырсың ба?
3. Уыстан шығарылған мүмкіндік дегенде нені түсінесің?


Пікір қорыту үшін



Мектеп кімдікі?

10-сыныпта оқитын Дәурен атасына мектебі туралы әңгімелей тұрып, наразы түрде: “Физика оқытушысы әрқашан сабақты дайындамай келгеніміз үшін бізге сөгіс жариялап: “Сендерге осыншама қаржы бекерге жұмсалып жатыр”, – дейді. Мектеп тегін болса, әрі мемлекеттікі болса, ал тамақтану үшін үйге келсек...” Әңгіме нақ осы араға келгенде атасы Дәуреннің сөзін бөліп жіберді:

– Жо... жоқ, балам, сен қателесіп тұрсың...



Шығармашылық қызмет



Сұрақтарға жауап жаз. Жазылған жауаптарды достарыңның жауаптарымен салыстырып, қорытындыла.

1. Қалай ойлайсың, Дәуреннің атасы өз жауабын қалайша түсіндіруі мүмкін?
2. Экономикалық білім негіздері пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, салықтардың қандай мақсаттарға жұмсалатынын есіңе түсір. “Тегін білім алудың бағасы қанша?” деген сұраққа жауап ізде.
3. Ойлап көргенбісің, базарда аумағы 3 шаршы метрлік дүкенді жалға алу, коммуналдық қызмет төлемдерін төлеу, тазалығын сақтау үшін қанша қаржы жұмсалады?
4. Сен күн сайын мектебіңнің сынып бөлмелерін, спорт залы мен алаңын, әжетханасын бір немесе бірнеше рет пайдаланасың. Бұлар үшін кім ақша төлейді?
5. Информатиканың көмегімен Дәуреннің атасының жауаптарын сипатта.

6. Елестетіп көрші, базардан картоп сатып алмақшысың делік. Қандай картоп аласың? Неге?

7. Шіріген картопты тегін берсе де алмайсың, неге? Мектепте сабаққа жақсы дайындалмай келуің, қажетті білімдерді иелеуде самарқаулық танытуың нақ сол шіріген картопты сатып алумен бірдей емес пе? Салыстырып көріп, сипатта.

8. Оқытушың берген білімдердің қаншасын игеріп алдың? Неліктен?



9. Сен ағартудың тұтынушысысың. Енді айта қойшы, тұтынушы мен кәсіпкерді не байланыстырып тұрады?

10. Кәсіпкер өз бойына қандай қасиеттерді жинақтап алуы керек?

11. Сабақтың басында берген жауабыңды төмендегі сұрақтарға берген жауабыңмен салыстыр.

Интеллектуалдық мүлік деген не? Интеллектуалдық мүлікті тұтыну мәдениеті дегенде нені түсінесің? Сен бұл мәдениетке қалай қарайсың?

Руханият қазынасынан



Ақша ізгілікті туғызбайды, керісінше, ізгіліктің арқасында адамдар жеке өмірінде де, қоғамда да ақшаға және басқа байлықтарға ие болады.

Сұқрот

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Пікір қорыту үшін



Жолы болғыш адам

Күндердің бірінде газет тілшісі озат фермерден интервью алуға келеді. Ол фермерге бірнеше жылдан бері конкурстардың жеңімпазы болып келе жатқанының себебін және жүгеріден мол өнім алуының сырын сұрайды.

Фермер бұның ешқандай да сыры жоқ екенін айтып:

– Мен жыл сайынайн аламдағы көршілеріме олар егіп алуы үшін ең сапалы жүгері тұқымын таратамын. Өйткені егіндер гүлдеген кезде жоо айнала-төңіректегі егін далаларынан да гүл тозаңын алып келеді. Егер көршілерімнің егіні сапасыз болса, ол менің де өніміме кері әсерін тигізеді, – деп жауап береді.



Шығармашылық қызмет

1. “Кімде-кім жолы болуын қаласа, өз жақындарының да жолдары болуына көмек беруге тиіс” деген пікірге қосыласың ба?

2. “Барлық адамдар бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан әрқашан өзара ынтымақтастықта өмір сүру керек” деген пікірді кәсіпкерлік қызметпен байланыстырып көр.

3. “Өзіңе тең көрмегендерді өзгелерге де теңестіре көрме” деген нақылды мәтінмен байланыстыр.



Білесің бе?



Адамның күнделікті өмірі мен қызметіне материалдық және рухани негіздердің бір-біріне сәйкес қандай орын иелейтіні, олардың қайсысының үстемдік ететіні жөнінде алуан түрлі, ішінара қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар бар. Антикалық заманның философтары болып табылатын Сократ пен Аристотель, Эпикур мен Демокрит, Қытай данышпаны Конфуций секілді ғұламалар бұл саладағы теориялық көзқарастарында рухани әлемді алғашқы деп санаса, өзгелері материалдық әлемді негізгі орынға қояды. Адамның ішкі дүниесі, оған берілген қасиеттер мен сезімдерді соңына дейін аңдап, түсінудің өзі өте күрделі мәселе болғанымен, оны айқындап, аңғаруға әрекет жасаймыз.



Тарихқа назар

– Қызметің әділет пен ақиқатқа сәйкес пе?

– Айтқан сөзің жасаған ісіңе сәйкес болсын.

“Кәсіпкерлердің ақылақтық кодексінен”, 1913 жыл

Пікір қорыту үшін



Адамның қызметінде екі маңызды себепшарт – материалдық және рухани дүние өзара астасып, қос қанатқа айналған жағдайда тұлғаның, мемлекет пен қоғамның өмірінде өсу мен өзгеру, кемелдену үдерістері жүзеге асады. Материалдық және рухани өмір бір-бірін жоққа шығармайды. Олар өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отырады. Адам өзінің арман-тілектерін жүзеге асыруы, бақыт пен игілікте жасауы үшін өмірін осынау екі өлшеммен байланыстырады.



Шығармашылық қызмет

1. Материалдық және рухани өмір дегенде нені түсінесің?
2. “Рухани өмір”, “материалдық игілік”, “адал адам” ұғымдарын өзара салыстырып, ұқсас жақтарын анықта.
3. Материалдық және рухани өмірді қатар жүргізу үшін елімізде қандай реформа жүзеге асырылып жатыр?
4. Қалай ойлайсың, материалдық өмірдің өзі қоғамның молшылығы мен адамның бақытын қамтамасыз ете ала ма? Пікіріңді негізде.



5. Қоғамды дағдарысқа соқтыруы ықтимал жағдайлар бойынша негізделген мысалдар келтір.
6. Гүлнар ауыл орталығындағы дүкенге кіріп, уақ-түйек заттар сатып алды, бірақ кішіпейілділік танытып, алған өнімдерінің чегін сұраған жоқ.
 - Гүлнар тұтынушы ретінде ережелерді сақтады ма?
 - Оның бұл ісі қандай ділгірліктерге себеп болуы мүмкін?
 - Сен дүкеннен өнім сатып алған кезінде чегін сұрайсың ба? Неге? Пікіріңді негізде.

Руханият қазынасынан



Адам өзін-өзі аңдап, ата тегін тереңірек білген сайын оның жүрегінде Отанға сүйіспеншілік сезімі тамыр жайып, ұлғая береді. Бұл тамыр неғұрлым терең болса, туылып-өскен еліне сүйіспеншілігі де соғұрлым күшті болады.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар



Шығармашылық қызмет

Оқушылардың тұтыну мәдениетін сынау үшін оларға бағалары, сапасы және құрамы бірдей болған төмендегі өнімдердің тізімі берілді. Сен олардың арасынан қайсысын алуға кеңес берер едің?

Өзбекстанда шығарылған

Шетелде шығарылған



1. Айгүл тек Өзбекстанда шығарылған оқу құралдарын ғана сатып алды.
 2. Мағжан тек шетелден әкелінген тәттілерді алды.
 3. Ал Дәурен мен Сағила өнімдерді аралас етіп алды.
- Сен қайсы өнімді сатып алған болар едің? Неліктен?
 Айгүлдің анасы: “Өзбекстанда шығарылған өнімдерді сатып алсақ, ақшамыз үнемделіп, жанымызда қалады”, – деп қызының көңілін көтерді. Сен бұл пікірге қалай қарайсың?

Пікір қорыту үшін



2020 жылы еліміздің халықаралық қаржы базарларына шығу мүмкіндіктері анағұрлым жақсарды, алғаш рет ұлттық валютамен 2 триллион сомдық мемлекеттік еврооблигациялар төмен пайыздармен орналастырылды.

Сол жылы республикамызда 197 ірі, мыңдаған орта және шағын кәсіпорындар мен инфрақұрылым нысандары іске қосылды...

Ауыл шаруашылығындағы реформалар, жер алаңдарының толығымен жекеменшік кластерлер мен кооперацияларға берілуі мақташылықтағы өнімділікті бір жылда орта есеппен 10 пайызға арттыру мүмкіндігін туғызды.

Жеміс-көкөніс, астық және мал шаруашылығы салаларында да 500-ге жуық кластерлер мен кооперациялардың қызметі жанданды. Осының нәтижесінде пандемияның кері әсеріне қарамай, 1 миллиард долларлық жеміс пен көкөніс экспортталды.

Сол жылы 91 мың гектар жер алаңы қайта пайдалануға енгізілді. 133 мың гектар немесе өткен жылғымен салыстырғанда 2 есе көп алаңда суды үнемдейтін технологиялар енгізілді.

Кәсіпкерлікті кеңінен қолдау бойынша көптеген жеңілдіктер берілді. Кәсіпкерлік субъектілеріне 100 триллион сом немесе 2016 жылғымен салыстырғанда 4 есе көп несиелер бөлінді.

Өзбекстан Республикасы Президенті

Шавкат Мирзияевтің Жоғарғы Мәжіліске Үндеуінен.

29.12.2020 ж



Шығармашылық қызмет

133 мың гектар немесе өткен жылғымен салыстырғанда 2 есе көп алаңда суды үнемдейтін технологиялар енгізілген болса, республикада бір жылда 197 ірі, мыңдаған орта және шағын кәсіпорындар мен инфрақұрылым нысандары іске қосылған болса, бұл цифрларды үш, бес, он жылға көбейтіп шық. Нәтижелерді талда. Бұл үдерісте сенің орның қандай болуы мүмкін?



Білесің бе?



Жекеменшік мүлікке өзге де меншік түрлері сияқты қол сұғуға болмайды және ол мемлекеттің қорғауында болады. Меншік иесі тек заңда ескерілген жағдайларда және тәртіппен ғана меншігінен мақрұм етілуі мүмкін.



Руханият қазынасынан


Ең жақсы тағам – өз кәсібің арқылы келгені. Дәуіт (а.с.) патша болса да, теміршілікпен шұғылданған.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар



Шығармашылық қызмет

1. Өзбекстанның халықаралық қаржы базарларына шығу мүмкіндіктері жүзеге асуына қандай себепшарттар себеп болады?
2. Төменде берілген кестелерді талда. Кәсіпкерлікке тән ерекшеліктерді анықта. Кәсіпкерлікті дамытуда қандай мүдделілік бар?
3. Сен кәсіпкерлікті қолдау үшін нелерді істей аласың?



Пікір қорыту үшін



Әділжан саудамен шұғылдану мақсатында салған үлкен дүкеніне алдымен атасы Қамариддин қарияны әкелді. Атасы әдемі бата жасап: “Балам, қолыңда неше жұмышың бар? Егер қиын болмаса, оларға айтатын екі ауыз сөзім бар”, – деді.

Әділжан дүкеннің барлық қызметкерлерін әп-сәтте жинап берді. Қысқаша аман-есендіктен соң атасы былай деді:

- Ата-бабамыздан қалған мынадай ереже бар, саудада екі тарап – сатушы да, сатып алушы да риза болмаса, алды-сатты адал болмайды;
- кісінің алдап-арбау, қиянат жолымен тапқан байлығы жақсылыққа бұйырмайды;
- тауарға жоғары баға қойып, шектен асып кетпеу, тауардың түрі, сапасы, өндірілген жері мен шығындары жөнінде жалған сөз араласпауға тиіс;

– алуда да, сатуда да сараңдық танытпай, тауардан, бағадан шығарып беру керек;

– саудада рас болса да ант-су ішуден аулақ болған жөн.

Атасы сөзінің соңын: “Сен де осынау насихаттарға құлақ ассаң, жұмысың берекелі болады”, – деп аяқтады.

Шығармашылық қызмет



Төмендегі кестелер ішінде берілген сөздерді пайдаланып, қоғамдағы экономикалық реформалар жөнінде шағын эссе жаз. Олардың қайсысын тұтыну және кәсіпкерлік мәдениет үшін өте қажет деп ойлайсың? Пікіріңді негізде.



іскер және тәртіпті болу



адалдық, шыншылдық, кішіпейілділік



сабырлы да жігерлі болу



сөзшең және білімді болу



тәуекелшіл және батыл болу



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. Егер адам бай әрі дәулетті болғанымен, білімі мен пайдалы кәсіп-өнері болмаса, жинаған үлкен байлығы қанша уақытқа жетуі мүмкін?
2. Руханияты бай адамның тапқан байлығынан кімдер мүдделі болады?
3. Бір адам әрі бай, әрі ақылды, әрі дана, әрі жомарт бола ала ма?
4. “Кәсіпкерлердің ақылақ кодексінен” алынған ережелерді тұтыну және кәсіпкерлік мәдениетімен байланыстыруға бола ма? Пікіріңе мысал келтір.

5. Төмендегі пікірді тақырыппен байланыстырып түсіндір.

“Байлық пен кедейлік ет пен тырнаққа ұқсайды. Тек олар оқтын-оқтын орын алмасып тұрады. Сол себепті бай болғаныңа қатты қуанба, ол – өткінші. Жоқшылыққа көп қайғыра берме, ол да өтпей қалмас... Егер адам ақыл-парасатты болса, әрбір жақсы-жаман оқиғалар мен кездейсоқтықтан өзіне керек қорытындыны шығарып алады”.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

25-26-ТАҚЫРЫП. МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ СЫРЛАРЫ



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Заманауи мамандықтар дегенде қандай мамандық түрлері ескеріледі? Бұндай мамандық түрлерінен қаншасын санап бере аласың?
2. Бүгінде адамдар қайсы мамандықтарға ие болуды көбірек қалайды? Неліктен олай деп ойлайсың?
3. Сен мамандық таңдаған кезде нелерге назар аударасың? Пікіріңді негізде.

Білесің бе?



Мамандық – белгілі бір тұлғаға тән білім мен дағдылар жиынтығы. Мамандық белгілі бір дағдыларды иелеу арқылы иеленеді. Бұған қосымша, мамандық – адамның өздігін тануына, атқарған ісінен қанағаттануына апаратын қызмет болып саналады.



Руханият қазынасынан

Әркім өзі ұнатқан кәсіп-мамандығымен айналысуы керек. Сонда адамның бойында мейірім, жігерлілік, табандылық және қанағаттанғандық көңіл күйі әрқашан сезіліп тұрады. Бұндай адамдардан қоғамға келетін пайда да көп болады.

Пікір қорыту үшін



Заманауи мамандықтар үшін қажетті сапалар мен қағидаттар төмендегілерден құралады:



Дербес қызмет



Болашақта иелеуді көздеген мамандығыңа байланыстырып жауап бер:



Білесің бе?

ЮНИСЕФ-тің арнаулы жобасы болып табылатын U-REPORT жастар платформасы 2019 жылы 13 мамыр күні жастарды мамандыққа бағыттау бойынша сауалнама өткізді. Оған 6300-ден астам жас қатысты. Респонденттердің пікірлеріне қарағанда, мамандық таңдауға төмендегі 4 себепшарт ықпал жасайды:

- жеке қабілет (34 пайыз);
- мамандыққа сүйіспеншілік (20 пайыз);
- қаржылық мүмкіндіктер (20 пайыз);
- ата-аналардың ұйғарымы (11 пайыз).

Қатысушылардың 82 пайызы жастарды мамандыққа бағыттау үкімет тарапынан ұйымдастырылуы керек деп санайды.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Пікір қорыту үшін



Біздің әрқайсысымыз өмірімізде бір рет болса да, өзіміз үшін таныс емес нәрселерді таңдаумен бетпе-бет келгенбіз. Ал бұл – ең күрделі таңдау.

Әрбір сатушы өз пайдасын ойлай отырып, тұтынушыны өзіне тартуға ұмтылады. Компания өз саласында осынау кеңістікті толтыруға ұйғарды.

Пластик терезе рамаларын өндіру және орнату механизмдерін түсіну үшін ең маңызды қадамдардың бірі – “Рама құрастыру саласы” бейнеблогы болды.

Енді терезе рамаларын немесе профилін таңдау мен орнату ісінде тұтынушы осынау үдерісті толық түсіне отырып талқылай алады. Бұл үдерістің бағасы қымбат болғаны және ол

20 жылда бір рет қана қайталанатыны себепті, оның әр қадамы маңызды болып саналады.

“Рама құрастыру саласы” блогы өндіру мен жөндеу ісінде маңызды сатылар туралы мәліметтерді беру және сатыларды толықтырып отыру ісіне бағытталған.



Шығармашылық қызмет

Компания тұтынушымен көбінесе ашық әңгімелесуге ұмтылуы үшін қандай жұмыстарды жүзеге асырған? Сенің қорытындың қандай?

Сен тұтынушымен көбірек ашық әңгімелесу үшін қандай жолды ұстанған болар едің?

Тұтынушымен шынайы қарым-қатынас орнату үшін компания қайсы мамандықтың иелеріне жүгінген болуы мүмкін?

Дербес қызмет



Төмендегі мәтінді оқы және талда.

Экономистер жұмысының бір бөлігі қателіктердің алдын алудан тұрады. Ал бұл қателікке жол беруге қарағанда анағұрлым қиын (бірақ айтарлықтай қызықты) іс болып табылады.

– Экономистің қателікке жол беруі қандай салдарларға соқтырады? Өз стратегияңды жаса.



Шығармашылық қызмет

1. Әрқайсысың өздерің армандаған мамандық туралы айтыңдар.
2. Неліктен нақ осы мамандықты иелеуді армандайсың?
3. “Өз мамандығының шебері” дегенде нені түсінесің?
4. Таңдаған мамандығың үшін қандай білім мен біліктілік талап етіледі деп ойлайсың? Бұл білім мен дағдылардың қаншасына ие болдың? Таблицаны дәптеріңе көшіріп алып, толтыр және тізімді одан әрі жалғастыр.

Рет саны	Таңдаған мамандығыңа қажетті білім мен біліктер	Сенде қалыптасқан бөлігі
1	Менеджерге арналған сөз алмасу мәдениеті	Шараларды ұйымдастыруға жәрдем бере аламын
2		

5. Қолда бар білімің мен білігіңді одан әрі дамыт. Ал жоғын қалай қалыптастырасың? Таңдаған мамандығыңа ие болу үшін нелер істеу керектігі туралы инфографика жасап шық.

Пікір қорыту үшін



1976 жылдың 16 қыркүйегінде Шаварш Карапетян ағасы және тәлімгері үшеуі таңертеңгі жүгіру жаттығуларын орындап жүрген болатын. Троллейбустың Ереван су қоймасына құлап түскенін көрген Шаварш дереу адамдарды құтқаруға кірісіп кетті. Ол көру нөлдік дәрежеде болған тереңдікке сүңгіп, троллейбустың терезесін сындырды. Сүңгіген сайын есінен танып жатқан адамдарды бір-бірлеп құрлыққа алып шыға бастады. Ол 92 адамның 46-сын құтқарды, солардың 20-сының өмірін сақтап қалуға себеп болды. Осы оқиғадан кейін Шаварш бір айдан астам уақыт бойы ауруханада пневмониямен


сырқаттанып жатты...



Шығармашылық қызмет

1. Шаваршты суға сүңгуге не итермеледі?
2. “Адам әлде біреудің өмірінің өзгеріп кетуіне себепкер болуы мүмкін” деген пікірді Шаварштың іс-әрекетімен байланыстыр.
3. Сен бұндай жағдайда не істеген болар едің?

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

**Бортпроводник Нирджа**

1986 жылы Пакистанның Карачи қаласында PANAM-73 ұшағын лаңкестер тобы басып алды.

Лаңкестер америкалықтарды өлтіру үшін барлық жолаушылардың төлқұжаттарын алып келуді талап етті. Ержүрек стюардесса АҚШ азаматтығы бар адамдардың құжаттарын қоқыста

қорабына салып, орындықтардың астына жасырып қойды.

Стюардесса Нирджа асып-сасқан жоқ, ұшақ әуеге көтерілмеуі үшін дереу ұшқыштарды ескертіп үлгірді. Ұшқыштар төтенше шығу жолы арқылы ұшақтан шығып кетті.

Пакистан полициясы шабуылға шығысымен-ақ Нирджа жолаушыларды да төтенше шығу жолы арқылы ұшақтан шығара бастады. Ол орындықтар астына жасырынып алған екі баланы шығарып әкетіп бара жатқанында, қылмыскерлер оларға оқ жаудырды. Балаларды өз денесімен қалқалаған Нирджа ауыр жараланса да, бүлдіршіндерді ұшақтан шығарып үлгірді...

**Шығармашылық қызмет**

1. “Мамандыққа адалдық”, “Адам өмірінің қадірі” деген ұғымдарды өзара байланыстыра отырып, бортпроводник Нирджаның іс-әрекеттерімен негізде.

Пікір қорыту үшін**Жалғыз мақсатым**

Оқушыларымның арасында пән олимпиадаларына 12 реттен қатысқан балалар да бар. Менің оларға әрқашан айтып отыратыным: білім ал, білім ал. Өзімнің 7 гектарлық бағым бар. Соның есебінен біраз жыл бұрын олимпиадаға арған немесе аудандық және облыстық сайыстарда жеңімпаз болған оқушыларға стипендия ұйымдастырдым. Қай бала олимпиадаға қатысып, жүлделі орын алды, қай сыныптың оқушысы баршаға өрнек болуда – бәріне тоқсан сайын стипендия беріп отырдым. Міне, осы күнге дейін зейнетақымның есебінен мектеп аясында жеңімпаз болған оқушыға 50 мың сомнан төлеймін, егер аудандық байқаудан өтсе, тағы беремін. Осылайша стипендияны 100, 150 және 200 мың сомға дейін арттырып отырамын. Ай сайын алатын 3 миллион 200 мың сом зейнетақымды сол зерделі балаларға таратамын. Жалғыз ғана мақсатым – перзенттеріміз сауатты болуға тиіс.

Хосият Қараева, Денау ауданындағы 1-мектептің директоры



Пікір қорыту үшін



Өлеңге орнатылған ескерткіш

Қарақалпақ өңірінің Еллікқала ауданына қызмет сапарымен бардым. Жергілікті халық Бостан қаласын “Елу бірінші қала” деп те атайды екен. Неліктен бұл қала туралы әңгіме қозғап отырғаным сіздерге қызық көрініп тұрған шығар. Бұл жерде оқытушыға орнатылған ескерткіш бар екенін естіген едім. Мінеки, сол ескерткіштің қарсы алдында тұрмын. Бір құшақ дәптерді қолтықтап, қасқыр шабуылынан қашып бара жатқан оқытушы. Бейне қараңғылық пен жауыздыққа тойтарыс беріп, бір уыс білімді болашаққа апара жатқан мұғалима...



Шығармашылық қызмет

1. Қалай ойлайсың, неліктен оқытушыға бұндай ескерткіш орнатылған?
2. Егер сенен оқытушыға ескерткіш орнату бойынша кеңес сұраса, қандай ұсыныс айтқан болар едің? Сен бұл ескерткішті қалай сипаттайсың?
3. Саған өзің жақсы көретін оқытушыларыңның қандай қасиеттері ұнайды?

Пікір қорыту үшін



Сабақтан соң

...Сол күні сабақта мұғалима балалардың қалтасындағы сіріңке қорабын алып қойды. Сөйтіп, оларды темекі шегу денсаулықтары үшін зиян екендігін айтып ескертті. Үйге берілген тапсырманы орындамаған жеті оқушыға қатты ренжіді, бірақ ешқайсысына екілік баға қойған жоқ. Ертеңіне қайта тексеру шартымен бір құшақ дәптерді қолтықтап, үйіне қайтпақшы болды.

Іңір қараңғылығы қоюланса да, зайыбынан әлі хабар жоқ. Оқытушының үйі төбенің арғы бетінде болатын. Кәсіптестері “қала сал” деп қанша қолқаласа да, ол көнбей, жолға шықты. Жарты жолдан асқан соң артынан бір қасқырдың қуып келе жатқанын байқады. Қасқыр атаулының оттан қорқатынын білген оқытушы сіріңкемен бір дәптерді тұтатып алды да, артына лақтырды. Қасқыр жалт берді. Тағы үш-төрт дәптерді жақса болғаны, үйіне де жетеді. Бірақ ауылға жетер-жетпес жерде дәптерлер таусылды. Қара түннің қойнында мұғалима мен қасқыр бетпе-бет қалды...



“Сабақтан соң”
өлеңінің авторы
Матназар
Абдулхаким

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Пікір қорыту үшін



Өзбекстан Республикасы Президентінің “Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма тоғыз жылдығына орай мемлекеттік қызметкерлер мен өндірістік және әлеуметтік-экономикалық салалар қызметкерлерінің бір тобын марапаттау туралы” жарлығына сәйкес “Хунарманд” бірлестігінің Риштан аудандық бөлімі мүшесі, қолөнерші шебер Әлішер Назиров “Шухрат” медалімен марапатталды.



Руханият қазынасынан

Егер сен мамандықты ойдағыдай таңдасаң, ізденсең және бүкіл-рух-жігеріңді соған бағыштасаң, онда бақыттың өзі сені іздеп табады.

Константин Ушинский

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



- Төмендегі пікірлерді оқы және талда.
 - Болашағы зор мамандықтар жоқ, дегенмен болашағы ұлы мамандар бар (Илья Ильф және Евгений Петров).
 - Адамның жаратылысына терең орныққан мұқтаждықтардың бірі – мамандықтарды таңдау еркіндігі және олардың сан алуандығы (А.Бебель).
 - Кәсіпқой адам – өзінің ісін жақтырмаған кезінде де істей алатын адам. Ал әуесқой адам – өз ісін ұнатқан кезде де орындай алмайтын адам (Джеймс Айгатеб).
- Сабақтан алған білімдеріңе сүйене отырып, мамандықтардың машақатты жақтарын ескеріп, мамандық жөніндегі тұжырымыңды дәптеріңе жаз.

27-28-ТАҚЫРЫП. ҮЙРЕНУДЕН ЖАЛЫҚПА



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. Осы күнге дейін алған білімдерің мен үйренгендеріңді қорытып көргенбісің? Оның өлшемі мен мөлшері қандай?
2. Қалай ойлайсың, бұл білімдеріңді дамыту керек пе? Неліктен?
3. Бұл білімдеріңді қандай жағдайларда пайдаланасың?
4. Үйренуді уақытша тоқтата тұру мүмкін бе? Неге?

Дербес қызмет



Суреттерге қарап пікір қорыт. 1-сурет пен 3- және 4-суреттерде қандай байланыстылық бар?

3-, 4-, 5-суреттерді бірінен соң бірін сипаттап көр. Бұл суреттерді не бірлестіріп тұр?

2- және 4-суреттерді жалпыландырып мәтін құра.

Барлық суреттерді “Оқып-үйренген сайын әлсіздігімді сезіне бердім” деген оймен байланыстырып түсіндіруге әрекет жаса.



1




2



3



4



5

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар




Пікір қорыту үшін

Тиімді үйренудің жеті сыры

Адам табысты және бәсекеге төзімді болу үшін әрқашан өз білімін жетілдіріп, өзін-өзі тәрбиелеуі керек. Бұл үдерісте оған білімдерді ойдағыдай игеру үшін жасалған тиімді әдістер көмектеседі. Білімдерді тиімді игеруді қамтамасыз етудің сыры неде?

1-сыр – өте қиын материалды үйрену барысында алғашқы 20 минутты тиімді пайдалану, миды артықша зорықтырмау және кейінгі минуттар барысында жаттығудың түрін өзгерту. Демек, күрделі тақырыпты игеруде жаттығу түрін өзгертудің маңызы зор.

1. Сен турникке бір сағаттан көбірек асылып тұра аласың ба? Елестетіп көр, бұндай кезде қандай физикалық үдеріс жүзеге асады? Денеміздің шаршауды сезінетіні анық.



Бұл – денеміздің қорғану механизмі, ол бізді шектен тыс зорығудан қорғайды. Нақ осы күй шет тілін үйренуде, грамматиканы және жаңа сөздерді игеруде немесе күрделі математикалық есеп-қисаптарды орындау кезінде миымызда да орын алады.




Білесің бе?



Адам тек бастапқы 20 минут бойы өз назарын жоғары деңгейде ұстап тұра алады.

Жарты сағаттан соң назардың бөлінуі нәтижесінде мәліметті қабылдау 60 пайызға дейін, 45 минуттан соң 40 пайызға дейін төмендей береді. Демек, күрделілік дәрежесі жоғары білімді ұғып алу бір сағаттан кейін айтарлықтай қиындайды.





Пікір қорыту үшін

2-сыр – сыныптағы күнделікті жеңіс...

Сабақта және сабақтан соң өз жетістіктеріңді бағалап отыруды әдетке айналдыр. Бұндай жанасу саған үйрену барысындағы кері салдарларды жоюға, оқудың мотивациясы мен тәуелсіздігін арттыруға көмектеседі.

Өзіңнің кемшіліктеріңді анықта және оларды жоюға тырыс. Бұндай жаттығуды тұрақты түрде орында. Сонда өзіңді-өзің бақылай бастайсың және қателіктерің азаяды.



Дербес қызмет



Әрқашан сабақта және сабақтан кейін өзіңе-өзің тиімді үйренуге көмектесетін сұрақтар беруге дағдылан. Мысалы:

– Бүгін мен үйренген ең маңызды нәрсе не?

Жауабыңды тікелей жұмыс дәптеріңе жаз.

– Қайсы сұрақтар маған түсініксіз болып қалды?

Осындай сұрақтарды уақытты өткізбей дереу жаз. Лажы болса, оқытушыңнан сұра және оларға жауап тап.

Пікір қорыту үшін




3-сыр – теорияны практикамен ұштастыру.

Теориялық білімдер практикамен нығайтылады және жетілдіріледі.

Кейде бірер сөздер бізге таныс болса да, сөздің төркіні неде екенін түсінбей қаламыз.

Сөздің мағынасын да анықтай алмаймыз. Саған бұндай жағдай таныс па? Миымыз біз пайдаланбайтын мәліметтерді не істейді?

Дұрыс, ол энергияны текке жұмсамау үшін әлгіндей мәліметті “терең мұрағатқа” орналастырады.



IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Табысты үйренудің тағы бір – үшінші сыры тікелей тәжірибе арқылы білім алу және біліктілікті жетілдіру болып табылады. Нақ осы нәрсе “көз қорқақ, қол батыр” екендігін, ең маңыздысы, үйренген теориялық білімдерімізді саналы түрде қолдану керектігін аңғартады.

Білесің бе?




Мнемоника – есте сақтап қалу өнері.



Шығармашылық қызмет

Практикалық қызметте қолдану үшін төмендегі ұғымдарды пайдалан.



1. Бұл инфографиканы тағы қандай тәжірибелермен байытуға болады?
2. Қателікке жол бермеу үшін алдымен не істеген болар едің? Пікіріңді негізде.

Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып



Сөйлемді толықтыр:

1. Мен өзімнің ... ма көзқарасымды өзгерттім.
 2. Мен ... туралы көбірек біліп алдым.
 3. Мені ... таңдандырды.
 4. Мен ... ды сезіндім.
-
1. Бұрындары мен ...деп ойлайтын едім, енді ... ді білемін.
 2. Бұрындары мен ... деп ойлайтын едім, енді ... екенін түсіндім.
 3. Бұрындары мен ... деп ойлайтын едім, енді ... ді қолдана аламын.

Пікір қорыту үшін



4-сыр – көз алдыңа елестету.

Көз алдыңа елестету ақпаратты қабылдау үшін үлкен мүмкіндіктер беретіні жасырын сыр емес. Бірақ оның бір кемшілігі бар – ол алынған мәліметтерді ұзақ уақыт бойы сақтап қала алмайды. Мидың есте сақтау иірімдері ми энергиясын үнемдеу үшін керексіз мәліметтерді сүзгіден өткізеді.



Американ психологы Джордж Миллер “Миллердің әмияны” деп аталатын теорияны дәлелдеп шықты. Бертін келе ол “ 7 ± 2 ережесі” деп атала бастады. Ереженің қысқаша мазмұны сол, адамның қысқа мерзімді есі 9-дан астам нысанды сақтай алмайды.



Білесің бе?

Миллердің әмияны

Адам миындағы қысқа мерзімді жад немесе өзіне тән “әмиян” бір мезгілдің өзінде құны алуан түрлі “жеті теңгеден” артық емес “ақшаны” сақтап тұруы мүмкін.

Егер олар жетеуден астам немесе тоғыздан көп болса, ми оларды интуитивті түрде 5-тен 9-ға дейінгі топтарға бөледі. Ісіміздің тиімділігі мен 7 саны ортасында тікелей байланыстылық бар.

Мысалға алатын болсақ, сабақ үстелінді көз алдыңа елестетіп көр. Егер ондағы нәрселердің саны жетеуден артық болса, ми оны тәртіпсіздік деп қабылдайды. Тәжірибелерге қарағанда, адам өзінің жұмыс үстелін тәртіпке келтіргеннен кейін ісінің өнімділігі артады.

7 ± 2 ережесіне сүйену уақытты үнемдеуге, түрлі ділгірліктерді шешуге, әсіресе үдерістерді тиімдірек басқаруға көмектеседі.

Миллердің тәжірибелері көрсеткеніндей, адамның қысқа мерзімді жады орташа жағдайда тоғыз екі таңбалы, сегіз көп таңбалы сандарды, әліппенің жеті әрібін, бес жалғыз буынды сөзді сақтап қала алады екен.

Интернет қайнаркөздері негізінде

7 ± 2


IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Пікір қорыту үшін



5-сыр – Герман Эббингауздың зерттеулерінің нәтижесіне қарағанда, ирек сызыққа негізделген қайталау техникасы.

Осынау қарапайым техникаға сүйену ұзақ уақыт бойы есте сақтау қабілетіңді қажытпай-ақ 4 есе көп материалды оп-оңай жадта сақтау мүмкіндігін береді.



Білесің бе?



Асадбек Аюбжанов – өзбекстандық талантты жас дирижёр. Оның таңғажайып қабілеті сәби кезінен-ақ таныла бастаған. 6 жасында-ақ бір емес, бірнеше тараудан тұратын 85 өлеңді жатқа оқитын болды.

7 жасынан музыка мектебінің скрипка бағытына қатысты, 8 жасынан бастап көптеген халықаралық музыка конкурстарына, фестивальдарға қатысты, Италияда өткен скрипкашылар конкурсында 1-орынды жеңіп алды.

Асадбек тек Өзбекстандағы ғана емес, бүкіл әлемдегі ең жас дирижёрлардың бірі болып саналады. Белгілі дирижёр Владимир Спиваковтың өзі термездік жас талант Асадбек Аюбовты бірнеше рет “Мәскеу достарын шақырады” халықаралық фестиваліне шақырған.



Пікір қорыту үшін



Адамның миы мәліметті мейлінше ұзағырақ сақтап қалуы үшін белгілі бір уақыт аралығында оған бірнеше рет жүгіну қажет болады. Бірақ жүгіну мерзімдері арасында дамылдайтын уақыт та болуы керек. Емтиханнан бірнеше күн бұрын оқылған мәліметтер біздің қысқа мерзімді жадымызда сақталады, дегенмен бұлайша алынған мәліметтер ұзақ мерзімді жадқа өтпейді. Ақыл шабуылы жаңа идеяны жарату үшін пайдалы болғанымен, бірер нәрсені жадта сақтап қалуға жарамайды. Мидың қысқа мерзімді, бір реттік әрекеті нәтижесінде мәліметтерді толық игеру мүмкіндігі аз немесе ол бұндай жедел игерген нәрсесін ұзақ уақыт бойы жадта сақтай алмайды. Ақпаратты жадтау үшін оны түсініп, мағынасын аңдап қабылдау маңызды.



Шығармашылық қызмет




1. Бірер мәлімет есіңізде қалуы үшін сен не істейсің? Неліктен барлық адамның есте сақтау қабілеті бірдей емес?
2. Өзің үшін ең күрделі деп санаған тақырыпты ал, оны Герман Эббинхауз әдістемесі негізінде игеруге болатын-болмайтынын сынап көр. Тәжірибеңді сыныптастарыңмен бөліс.
3. Өз қабілетіңді бағалай аласың ба? Маңызды мәліметтер мен оқиғаларды есте сақтап қалу үшін не істеу керек деп ойлайсың?



Білесің бе?

Герман Эббинхауз жадтың деңгейін айтарлықтай дәрежеде арттыруы мүмкін алгоритмдерді анықтады. Ақпаратты талдау мен жадта сақтаудың көптеген әдістері оның ізденістері нәтижесінде дүниеге келді. Ғалым полиглоттар туылмайды, тек қалыптасады деген тұжырымға келді.



Пікір қорыту үшін



Егер сен мәліметті ұзақ уақыт бойы есте сақтап қалуың керек болса: бірінші қайталау алғашқы оқудан соң; екінші қайталау бірінші қайталаудан 20-30 минут өткен соң; үшінші қайталау екінші қайталаудан 1 күн өткен соң; төртінші қайталау үшіншіден 2-3 апта өткен соң; бесінші қайталау төртінші қайталаудан 2-3 ай өткен соң орындалуға тиіс. Осылайша тиімді қайталау әдісі дәстүрлі әдіске қарағанда есте бұрынғыдан төрт есе көбірек жаңа мәліметті сақтап қалу мүмкіндігін береді.



Шығармашылық қызмет

Төмендегі ұғымдар неліктен нақ сондай тәртіппен берілген? Оларды кері тәртіп бойынша пайдалануға бола ма?
 Білу, ұғыну, қолдану;
 талдау, синтездеу және бағалау, орналастыру, конструкциялау;
 енгізу, ашу, әлемді қандай болса сондай күйінде, яғни бар болмысымен қабылдау.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Руханият қазынасынан



Білім – қайталау және қайталаудың жемісі.

Әбу Райхан Беруни



Шығармашылық қызмет

Есте сақтау жаттығуы

Бес шағын топқа бөлініңдер. Әрбір топ екі минут бойы берілген бағыт бойынша он бестен атау, қызмет және түрлер (футбол командалары, мамандықтар, мемлекеттер, заманауи брендтер, аңызға айналған ғұламалар) тізімін жасайды. Флипкартқа жазылған тізімді әрбір топ кезекпен қырық секунд бойы сыныпқа көрсетіп тұрады. Қырық секунд өткен соң, тізім жасырылып, топтар тізімде көрсетілген сөздерді рет-ретімен отыз секундтың ішінде айтып беруге міндеттеледі. Жаттығуды орындау барысында уақыт өлшемдерін қатаң сақтау талап етіледі.

Мемлекеттер

Футбол командалары

Заманауи мамандықтар

Аңызға айналған ғұламалар

Әйгілі брендтер

Пікір қорыту үшін

**6-сыр** – тұрақты іс-әрекеттер

Жұмсақ судың қатты тасты уатқанына ұқсап, сенің жаттығуларыңды қалыпты жағдайға айналдыратын нәрсе – тұрақты іс-әрекет. Берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындау жемісті нәтижеге әкеледі. Тапсырманы қайталау арқылы игеру – күш тек білімде ғана емес, сонымен қатар мақсатқа қарай ұмтылуда, яғни іс-әрекетте екенін дәлелдейді.

7-сыр – білім алуды дұрыс жүйелендіру.

Дәптеріңде жоғарыдағы сырлардың барлық минуттарын анық та дәл бейнелеуің керек, яғни:

- сабақтың мақсатын анық та айқын қалыптастыр;
- жаттығулар мен тапсырмалар жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет ал;
- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыр, ділгір мәселелер анықталғанда, оларды дереу шешуге ұмтыл;
- алынған білімдерді іс жүзінде қолдан;
- іс-әрекеттердің мақсатқа сәйкес болуына назар аудар.

Білім алуға ұмтыл! Егер мақсатыңа жету жолында табандылық танытып, құнтпен әрекет жасасаң, саған ешнәрсе ешқашан кедергі бола алмайды!



29-30-ТАҚЫРЫП. ЖІГЕР



Белсенділікті арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар

1. “Жігер” дегенде нені түсінеміз? Адам жігерлі болу үшін нелерге сүйенуі керек?
2. “Рухани “менінен” айырылу” нені білдіреді?
3. Сен жігерлімісің? Мықты ерік-жігер иесі екендігің қандай жағдайларда байқалған?
4. Жігер күшін өлшеу, көру немесе тексеру мүмкін бе? Неліктен?

Шығармашылық қызмет



1-тапсырма. Дәптеріңе “Жігер деген не және мен оны қалай түсінемін?” деген сұрақ бойынша кемінде 5 жауап жаз. Өз жауабыңды: “Ерік-жігер – ...” деген сөзбен баста.

Мысал:

Ерік-жігер – басталған істі сабырмен жүрігізіп, аяғына жеткізу...

2-тапсырма. Құмырсқаның ерік-жігері неден көрінетінін негіздеп бер.



Білесің бе?

Жігер – ішкі күш, алға қойылған мақсаттарды саналы түрде белгілеу және туындайтын сыртқы және ішкі қиыншылықтарды жеңіп, мақсатқа қарай ұмтылу қабілеті.

Сыртқы қиыншылықтар дегеніміз – жан-жағымызды қоршап тұрған әлеуметтік ортадан туындайтын қиыншылықтар. Ал ішкі қиыншылықтар деп ішкі жан дүниеміздегі қиыншылықтарды (қорқу, үмітсіздік, ашу, жүрексіну, жиіркеніш, өркөкіректік, парықсыздық, ескерму, айыптар, қаһарлану, ашкөздік, жауыздық т.б.) айтамыз.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар



Шығармашылық қызмет

Ішкі және сыртқа қиыншылықтардың ықпалына ілігіп көрдің бе? Сондай жағдайға душар болғанда не істеу керек деп ойлайсың?

Ішкі қорқыныш, үмітсіздікке салыну, жиіркеніш, жалғыздық күйлеріне түскенде қалайша тура жол табуға болады? Пікіріңді негізде.

Пікір қорыту үшін



Ерік-жігер адамға күш береді – ол мақсатқа жету жолында тұлғаны басқарады.

Егер адамның руханияты берік, өзінің жеңіске жететініне сенімді, жігерлі болса, ол сөзсіз жеңіске жетеді. Егер керісінше болса, бұндай адам мүмкіндіктерді емес, мақсатқа жетуіне кедергі болатын себептерді іздейді.

Жігерлі адамдарға төмендегі әдеттер көмектеседі:

- тынығып ұйықтау;
- өз уақытында ояну;
- суық суға шомылу;
- маңызды істерді өз уақытында орындау;
- өзін үлкен маңызы бар игі істерге арнау;
- “ерік-жігерді қайта жүктеу” түймесін басу:

бір сағаттық жұмыстан соң, біраз серуендеу, бір стакан шәрбат ішу, қайтадан белсенді жұмыс істеу, тағы да тынығу, жұмысқа қайта кірісу;

- үлкен жетістіктерге жету жолында шағын қадамдар жасау.



Руханият қазынасынан


Күшті мінез-құлық – өзіне-өзі қиянат жасамау. Ал жігер – өзін-өзі жеңу деген сөз.

А.Круглов

Егер ерік-жігер күшті болса, көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Бірақ, айта қойшы, жігерді қалайша қалыптастыру керек?

Ж.Бенар

Пікір қорыту үшін



Ерік-жігердің күшіне мадақ

Зиянды әдеттерден арылу, түнге қарай тамақтанбау, спортпен шұғылдану немесе білім алу үшін түрткі мен ерік күшінің жетіспеуіне қалайша тез душар боламыз? Біз әрқашан дүйсенбіден жаңа өмірге аяқ басамыз және аптаның соңына қарай тағы да ескі әдеттерімізге ораламыз.

Дегенмен жақсы жаңалық та бар: расында да өзіміз қаласақ, бәріміз өзгере аламыз. Әрқайсысымыздың ішімізде қорқу мен шүбәланудың тығыз қабаты астында жасырынып жатқан ішкі ядро бар. Оны сезіне біл, сонда өміріңді жақсы жаққа қарай бұруыңа мүмкіндік ашылады. Үмітіміз сол, қиын кездерде өзінің берік ерік-жігерін таныта алған адамдар жөнінде беріліп жатқан төмендегі әңгімелер тура бағытты таңдауға және сені тың жетістіктерге жетелеуге себеп болады.



Шығармашылық қызмет

1. Машақаттарды жеңіп өтуде нелерге назар аударған болар едің?
2. Егер жігерің мықты болғанмен, көңілің бостан болса, қатаңдықты қай дәрежеде көрсете аласың?

Білесің бе?



Малала Юсуфзай – пакистандық. Нобель сыйлығының лауреаты болған тарихтағы ең жас қыз. Ол 17 жасында қыздардың білім алу құқығын қорғау бойынша жүргізген қызметі үшін осы сыйлықпен марапатталған.

Малала әсіресе тәліптердің қыздардың сабақтарға қатысуына рұқсат бермеген тыйымдарына қарсы шыққан болатын.



IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар

Пікір қорыту үшін



Мен Малаламын

“Бүгінгі таңда әлемде 57 миллион бала мектепке бармайды, олардың 31 миллионы – қыздар. Пакистанда және әлемдегі барлық елдерде жастайынан тұрмысқа шығуға, отбасылық өмірді бастауға және білім алу жөнінде ойламауға мәжбүр болған қыздар өте көп. Біз қыздардың білім алуына инвестиция енгізуге және білім алу құқығы жолында күресіп жатқандарды қорғауға тиіспіз”, – дейді жас Малала.



2012 жылы 9 қазан күні Малала Юсуфзай өз сыныптастарымен мініп кележатқан мектеп автобусын тәліп содырлары тоқтатып: “Малала деген кім бар араларыңда? Сөйле, әйтпесе барлығы өледі!” – деп дүрсе қоя берді. “Мен Малаламын!” – деп қыз алға қадам басты. Сол замат оқ атылды...

Оқ Малаланың басы, мойыны және иығы арқылы өтіп кетті. Қыз ауыр халде ауруханаға әкелінді. Қалай дегенмен барлығы жақсы аяқталды. Бүгінгі таңда да тынымсыз келіп жатқан қорқытуларға қарамастан, Малала адам құқықтарын қорғау жолындағы қызметін жалғастырып келеді.

“Мен өзіме-өзім былай деп уәде бердім: “Малала, өліммен бетпе-бет кездескенсің. Бұл – екінші әрекетің. Қорықпа, егер қорқатын болсаң, алға қарай жылжи алмайсың”.



Шығармашылық қызмет

1. Гендерлік теңдік деген не?
2. Неліктен Малала Юсуфзайдың өміріне қастандық жасалған?
3. Малаланың: “Қорықпа, егер қорқатын болсаң, алға қарай жылжи алмайсың”, – деген сөзіне өз көзқарасыңды білдір.

Пікір қорыту үшін



Кениялық жеңіл атлет Абель Мутай мәре сызығына бар-жоғы бірнеше метр қалғанда белгілерден жаңылысып, межеге жетіп келдім деп ойлап, жүгіруін тоқтатты. Оның артында келе жатқан испаниялық Иван Фернандес қарсыласының қателігін түсініп, кениялық спортшыға жүгіруін тоқтатпауы керектігін айтып, айқай салды. Мутай испан тілін түсінбегендіктен, аң-таң болып тұра берді.

Фернандес Мутайдың алдына келіп, оны жеңіс сызығына қарай итерді. Мына жағдайды қызыға тамашалаған тілшілердің бірі Иваннан мәреге бірінші болып жетіп келудің орнына неліктен қарсыласына жол бергенін сұрады.

– Мен әрқашан бір-бірінің қолынан тартып, жеңіске қарай ұмтылуына көмектесетін адамдар жасайтын қоғамды армандаймын, – деп жауап берді Иван Фернандес.

– Бірақ қолыңа келіп тұрған жеңісті қарсыласыңа тарту ету спортшыға тән емес қой, – деп тілші де бастырмалата сөйледі тілші.

– Оған жеңісті мен тарту еткенім жоқ, өйткені оның өзі-ақ жеңімпаз болып тұрған еді.

– Ережеге орай сенде де жеңімпаз болу мүмкіндігі бар ғой, – деді басқа бір тілші әңгімеге араласып.

– Онда менің жеңімпаздығым неге лайық болатын еді? Ал жеңімпаздық медалінің қадірі қандай болмақ? Мені бақылап отырған анам бұл ісімнен қандай күйге түсетінін ешкім біле бермейді. Жеңімпаз болу ұнайды, әрине, бірақ одан гөрі қателескен адамға көмектескен артығырақ.

Иван Фернандес бізге өмірдің аса маңызды сабақтарының бірін үйретті – ешқандай жеңіс адалдықтан үстем бола алмайды...



Шығармашылық қызмет

1. Иван Фернандес дұрыс жолды таңдады ма? Неліктен? Бұндай жағдайда сен қайткен болар едің?
2. “Ешқандай жеңіс адалдықтан үстем бола алмайды” дегеннен не түсіндің?
3. “...қателескен адамға көмектескен артығырақ” деген сөйлемді сипатта.

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар



Білесің бе?

Мұқалмас жігер

Батыр Закиров 1955 жылы қатты науқастанып, жағдайы ауырлаған соң жүзі қуқыл тартып, жүдеп кеткен болатын. Оны танымал дәрігер Вали Мажидов ұзақ уақыт емдеді. Емдеу үдерісі күрделі әрі ауыр өтті. Дегенмен Батыр Закиров рухани уайымшылдыққа түскен жоқ. Оның өмірге деген сүйіспеншілігі, ерік-жігері мықты болатын...

1964 жылы Батыр Закировты Мәскеу ауруханасына жатқызады. Оның отадан аман шығуы екіталай еді. Ота сегіз сағатқа созылғанмен, сәтті шығады. Ол отадан кейін реңін алдырғанмен, жанарлары ұшқын атып тұрды. Бұл өмірге деген шексіз құштарлықтың, бүгілмейтін ерік-жігердің рәмізі еді.

Гастроль...

Отадан кейін арада екі жыл өткен соң Батыр Закиров гастрольге Мәскеуге барды. Ол өз концертіне профессор Л.К.Богуш басқарған дәрігерлер мен медбикелерді шақырды. Бұл концертке оның көптеген бас июшілері билет таба алмай қалды. Концерт аяқталысымен-ақ Закировты дәрігерлер қоршап алды...

– Сен қалайша ән салып тұрсың? Сен адамбысың әлде сиқыршымысың? Шынымен-ақ бұл сенбісің, Батыр?! – деді Лев Богуш көздеріне жас алып. Дәрігерлер қарсы алдарында тірі ғажайып тұрғандай оған қайта-қайта қарай берді. Бұл шын мәніндегі ғажайып оқиға болатын.

Орын алған ғайыптық ғажайыпқа әншінің өзі де сеніп тұрған еді...

Ашурали Жураев, “Жүрек дауылдары” кітабынан



Шығармашылық қызмет



1. Мәтіндегі “бүгілмейтін ерік-жігердің рәмізі” деген тіркеспен байланысты сөйлемді тап.

2. Сен өз алдыңа қойған мақсатыңа жету үшін қандай әрекет жасайсың? Жігерсіздік қандай жағдайларда көрініс береді? Мысалдар келтір.

3. Жігерсіздіктің алдын алу үшін не істеу керек?



Білесің бе?

2020 жылы 2 желтоқсанда “Өзбекстан халық әртісі Батыр Закировтың туылғанына 85 жыл толуын кеңінен атап өту туралы” Президент қаулысы қабылданды. Батыр Закиров Тәуелсіздік мерекесінің 30 жылдығына орай “Ел-жұрт құрметі” орденімен марапатталды.

Пікір қорыту үшін

**Батылдық**

Озод ағайдың ерік-жігері қаншалықты мықты екендігіне, оның жүрегінің батылдығына қайран қалғанмын.

1997 жылдың жаз айларында қант ауруы күшейіп, ұстаз ауыр оталарды басынан өткізеді, дәрігерлер оның өмірін сақтап қалу үшін бір аяғын кесуге мәжбүр болады.

Әйтсе де бұл адам соншалықты ержүрек болатын, ол анау

айтқандай қайғы-мұңға бата бермей, ғылыми және шығармашылық қызметін бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Бертін келе ауруы одан әрі өршіп, Озод аға екінші аяғынан да айырылды. Бұл да аз болғандай, көру қабілеті де нашарлап, соқыр болудың аз-ақ алдында тұрды...

Міне, осындай ауыр күндерде де бұл тұлға “Әлем әдебиеті” журналының бас редакторы ретінде өз борышына, сеніміне адалдық танытып, журнал материалдарын үлкейткіш құралдың көмегімен редакциялаумен қатар, қырықтан астам ірі романдар мен повестерді өзбек тіліне аударды. Бұндай ерлік кез келген адамды да таңғалдырып, ризалық сезімін оятары сөзсіз. Озод аға бұлармен де шектелместен, республикадағы баспасөз құралдарында, радио мен телевидениеде, сан түрлі шаралар мен жиындарда ұлттық руханиятымыздың өзіне тән жақтары, ұлы бабаларымыздың баға жеткісіз мұрасы, тәуелсіздіктің рухани негіздерін нығайту жөнінде сөз сөйлеп, ортақ іске өзінің еселі үлесін қосты...

Ислам Каримов, “Жоғары мәдениет – жеңілмес күш”

Шығармашылық қызмет



1. “Жүрек ерлігі” дегенде нені түсіндің?
2. Ерік, ерлік, табандылық, сабыр секілді сөздерді қолданып сөйлем құрастыр.
3. Озод Шарафиддиновтың басына түскен ауыртпалықтарды жеңіп өтуіне не көмектесті?



Руханият қазынасынан

Бір дана кітап бүкіл бір қоғамның рухани өмірін, эстетикалық көзқарастарын, көркем әдебиетін жоғары сатыға көтеруі мүмкін.

Озод Шарафиддинов

IV тарау. Еңбексүйгіштік, іскерлік және кәсіби дағдылар



Пікір қорыту үшін



Ташкент облысының Зеңгіата ауданындағы Ханабад қыстағында жасайтын Зулфия Зокирова әже Екінші дүниежүзілік соғыста бес бірдей ұлынан – Исақжан, Мамажан, Ахмаджан, Вахобжан және Юсуфжан есімді перзенттерінен айырылды. Оның төрт келіні жесір, бес немересі жетім қалды.

2020 жылы Ташкент қаласындағы “Жеңіс бағының” орталығында Зулфия Закирова мен оның майданнан оралмаған бес ұлы, ар-намысты аттамаған келіндері құрметіне биік ескерткіш орнатылды. Ескерткішке “Табандылық әнұраны” деген ат берілді.



Бұл – Өзбекстандағы барлық аналарға орнатылған ескерткіш еді. Осынау жәдігерлік бүкіл халқымыз үшін тәбәрік зиярат орнына, жанұя, сүйіспеншілік, опа және адалдық рәмізіне айналып қалды. Бұл жерге келген жастар ұлтымыздың қанына сіңген асыл қасиеттерді қадірлеп өмір сүруге ұмтылады.



Сабақтан ұнамды қорытынды шығарып

1. “Барлық аналарға орнатылған ескерткіш” деген пікірге мысалдар келтір.
2. “Ұлтымыздың қанына сіңген асыл қасиеттерді қадірлеу” дегенде нені түсіндің? Пікіріңді мысалдармен сипатта.
3. Адамның ерік-жігерін нығайтуға ықпал ететін себепшарттардың тізімін жаса.
4. Төмендегі сұрақтардың жауабын дәптеріңе жаз:
 - бұл әңгімелерде кейіпкерлердің ерік-жігері қалай көрініс тапқан?
 - әңгіме кейіпкерлерінің ерік-жігері қалай қалыптасқан?
 - айналаңдағы адамдардың ерік-жігерлері күшті деп айта аласың ба?

O'quv nashri

N. Ismatova, Z. Zamonov, Z. Islomov, D. Rahimjonov,
O. Maxmudov, D. Ro'ziyeva, S. Shermuxamedova,
S. Akkulova, N. Xolmuxamedova, Z. Jabborova

TARBIYA 10

BAXT VA MUVAFFAQIYAT SIRLARI

Ta'lim qozoq tilida olib boriladigan maktablarning
10-sinfi uchun darslik

Жаңа басылым

Аударған: *Ақан Ташметов*
Редактор: *Дилнура Байдиллаева*
Суретші: *Бехзод Зуфаров*
Техн.редакторы: *Акмал Сулаймонов*
Дизайнер: *Равшан Маликов*
Беттеуші: *Рустам Худайбергенов*
Корректор: *Айдын Тәжібаева*

Басуға 08.11.2021 жылы рұқсат етілді.
Өлшемі 60x84 1/8. Офсеттік қағаз.
“Cambria” гарнитурасында офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 14,88. Есептік баспа табағы 12,63.
Таралымы 5997 нұсқа. Тапсырыс № 1141-21.

“Кредо Принт” ЖШС кітап фабрикасында басылды.
Ташкент қ., Боғишамол к-сі, 160.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанаған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.